

ISSN 1607-2782

*Республикалық
ғылыми-әдістемелік
журнал*

*Республиканский
научно-методический
журнал*



Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
мемлекеттік университетінің

1999 жылғы наурыздан бастап
жылына екі рет шығады

№ 2 (32) 2011

ХАБАРШЫСЫ

Бас редактор

- БИСЕНОВ Қ.А..
техника ғылымдарының докторы,
профессор

Бас редактордың
орынбасары

- ШАЛБОЛОВА Ү.Ж..
экономика ғылымдарының докторы,
профессор

Жауапты редактор

- ОМАРОВ Қ.Ә..
география ғылымдарының кандидаты,
профессор

Аруова Л.Б.
Баканов Ғ.Б.
Ибадуллаева С.Ж.
Кәрібозұлы Б.
Қарлыханов Т.Қ.
Қожамберлиев Б.
Қожақұлы Ө.
Қошқаров С.И.
Майгелдиева Ш.М.
Нұрахметов Е.Н.
Рахатов С.З.
Сәдуақасұлы Ж.
Сәтбай Т.Я.
Тоқтамысов Ә.М.
Үдербаев С.С.
Шомантаев А.Ә.

- техника ғылымдарының докторы, профессор
- физика-математика ғылымдарының докторы, профессор
- биология ғылымдарының докторы, профессор
- филология ғылымдарының докторы, профессор
- техника ғылымдарының докторы, профессор
- философия ғылымдарының докторы, профессор
- тарих ғылымдарының докторы, профессор
- техника ғылымдарының докторы, профессор
- педагогика ғылымдарының докторы, профессор
- филология ғылымдарының докторы, профессор
- техника ғылымдарының докторы, доцент
- филология ғылымдарының докторы, профессор
- тарих ғылымдарының докторы, доцент
- ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, доцент
- техника ғылымдарының докторы, профессор
- ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор



Қылышбай Алдабергенұлы БИСЕНОВ, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының академигі, «Нұр Отан» ХДП Саяси Кеңесінің мүшесі.

ҒҰМЫРЫ ЕЛІМЕНЕН БІРГЕ ӨРІЛГЕН

Ел тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойы біздің ұлттық тарихымызды ұлықтайтын оқиға, әрбір ұрпақтың өміріне бұйыра бермейтін бақыт. Айтулы мереке қарсаңында 20жыл ішінде қандай асудан асып, белестерді бағындырдық деген маңызды сұрақты ой елегінен өткізер сәтте Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың ерлікке бергісіз ерен еңбегі туралы айтпау, сөз етпеу мүмкін емес. Ой-өреміз, пайым-парасатымыз «Жақсының жақсылығын айт - нұры тасысын» деген ұлттық ділден нәр алып, қалыптасқан біз үшін қуаныш үстінде жақсылықты айту азаматтық парызымыз.

Үстіміздегі жылы халыққа арнаған Жолдауында Елбасымыз: «Менің ғұмырым ел тағдырымен еншілес. Маған сыраттың көпіріндей қылпылдаған кезеңде тәуелсіздік алып, мемлекет құру ісі сеніп тапсырылды», - деп толғана айтқан болатын. Елбасымыздың осы бір ағынан жарыла айтқан сөзін тебіреніспен тыңдадық, оқыдық. Мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы Әбіш Кекілбаевтың сөзімен айтсақ: «Тағдыр талантты саясатшы, табанды күрескер Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты тап осындай шешуші кезеңде тарих сахнасына шағарды. Оның Қазақстандағы саяси басшылықтың басына келуі ұлттың бұл дүниеде әрі де болу-болмауының тағдыры біржолата шешілетін аса сын кезеңге тап келді». Шынында, қай заманда болмасын өз тағдырын ел, ұлт тағдырымен егіз, бірлікте қарастыра алған басшы ғана ел үмітін ақтаған, халық құрметіне бөленген. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы «сыраттың көпіріндей» өтпелі кезеңнен алып шыққан Елбасымыздың көреген, сарабдал саясаты, сонымен бірге өз елін, ұлтына деген шексіз сүйіспеншілігі ғой деп ойлаймын.

Егемен еліміз үшін 1991 жылғы 16 желтоқсанда тәуелсіздігімізді жариялағаннан кейінгі есте қалар тарихи күн 1992 жылдың 23 қаңтары. Бұл күні біз өзіміздің ғасырлар бойы армандап келген ұлттық тәуелсіздігімізді әлемге әйгілеп, Қазақ елін төрткүл дүниенің барша бұрышын жайлаған елдерге таныттық. Елбасы Н.Назарбаевтың атына Біріккен Ұлттар Ұйымының сол кездегі Бас хатшысы Бутрос Ғалиден Қауіпсіздік Кеңесі Бас Ассамблеясының Қазақстан Республикасын Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке дауысқа салмай-ақ қабылдағаны туралы келген жеделхаты ұлттық қуанышымызды көкке самғатқандай хабар алып келді. Әлемдегі ең беделді ұйымдардың бірі БҰҰ-ның штаб-пәтері орналасқан Нью-Йорктегі зәулім

ғимараттың алдынан бой көтерген Қазақтың Көк Байрағы Еуразия құрлығында жаңадан жас мемлекеттің өмірге келгенін паш етіп, дәлелдеді.

Алғашқыда Қазақстанның егемен ел болып, өз саясатын жүргізуіне күманмен қарағандар да болды. Президентіміздің сындарлы жылдары жүргізген сарабдал саясаты осы күманды сейілтіп қана қоймай, әлем жұртшылығы алдында өзін танытты, мойындатты. Жас мемлекеттің басшысының ішкі және сыртқы саясаттағы көрегендігі, оның әрбір жасаған қадамы, әрбір іске асырған реформасы, әлемдік деңгейде жасаған ұсыныстары әлемдік элитаның назарын аударды.

Еуразия экономикалық ынтымақтастығын құруға байланысты В.Путин: «Қол қойылған күннен бастап әрбір қадамына есеп беруден тарихын бастайтын Еуразия экономикалық ынтымақтастығы туралы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы таңқаларлық. Мұндай қадам мемлекеттердің жемісті ынтымақтастығының үлігісі ретінде бүкіл дүние жүзіне қызмет етуі мүмкін», -десе, Француз Республикасының Президенті Жак Ширак Қазақстан тәуелсіздігінің 15 жылдығына байланысты: «Сіз және Сіздің еліңіз мемлекет құруда өздеріңіздің ұлттық құндылықтарыңыз бес терең тарихтарыңызға деген сүйіспеншіліктің арқасында өте күрделі жағдайда өзіндік жол тандай отырып, аз ғана уақыттың ішінде жалпыадамзаттық қағидаларға негізделген демократиялық, құқықтық мемлекет құрдыңыздар», -деп жүрекжарды пікірін білдірге болатын Германия Федеративтік Республикасының Канцлері Герхард Шредер: «Қазақстан аймақтағы көшбасшы мемлекет. Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанды Орталық Азиядағы тұрақтылықтың үлгісіне айналдыру жолында ерекше еңбек сіңірді», ал әлемдегі іргелі жоғары оқу орындарының бірі – М.Ломоносов атындағы ММУ ректоры, академик Виктор Садовничий: «Қазақстанның прогрессивтік дамуы белгілі мемлекет қайраткері, танымал ғалым, халықтар достығының дамуына өлшеусіз үлес қосқан Нұрсұлтан Назарбаев есімімен тығыз байланысты, – дейді. Осы айтылған пікірлердің барлығы елдікке қызмет еткен Президент еңбегіне берілген баға.

«Күрмеуі қиын түрлі тағдырлы шешімдерді жүрегімнен өткізіп қабылдадым», -деп өзі айтқандай. Еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ұлт көшбасшысы ретінде ел тарихындағы сындарлы жылдары халқымызды өркениет шыңына жеткізер сан алуан жаңашыл реформаларды жүзеге асырды. Оның әрқайсысы тәуелсіздікті баянды етуге жасаған сәтті қадам екендігін уақыт дәлелдеп отыр. Жасампаз мемлекетіміздің қазіргі кезде 120-дан астам елмен саяси, әріптестік қарым-қатынас орнатуы, экономикамыздың тұрақты даму жолына түсуі, кешегі әлемдік алпауыт мемлекеттерді алаңдатқан қаржы дағдарысынан қиналмай өтуі - осының барлығы жүргізілген реформалардың жарқын жемісі бедерлі белесі.

Бейбітшілік пен келісім, ел ішіндегі ауызбіршілік пен түсіністік - тәуелсіздіктің тірегі десек, осынау жауапты істі Елбасымыз тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен-ақ қолға алғанын барлығымыз білеміз. Қазақстанның

Кеңес Одағынан қалған ядролық қару- жарақтан ерікті түрде бас тартып, осы арқылы 1994 жылы АҚШ, Ресей, Франция, Ұлыбритания, Қытай сияқты әлемдегі іргелі мемлекеттерден өз қауіпсіздігі үшін кепілдік алуы - әлемдік қауымдастық алдында елімізге үлкен бедел алып келген батыл саяси шешім болды.

Елбасымыздың ел басқару тізгінін алған күннен бастап жүргізіп келе жатқан сарабал саясатының бірі - қазақ елін мекендеп отырған ұлт пен этностардың ынтымақ-бірлігін ту етіп көтеруі. Өткен тарихымызға көз жіберсек, бірде бір басшы дәстүрлі, әлемдік дін өкілдерін біздің Елбасындай бір шаңырақтың астына жинай алмағандығын байқаймыз. Елордамызда салынған Бейбітшілік пен келісім сарайы осындай сарабал саясаттың нәтижесі. Және бір айта кетерлігі, бұл көп елдің тәжірибесінде кездесе бермейтін тың, жаңашыл бастама.

Ұлы қазақ даласындағы тарихи тамыры тереңде жатқан ұлтаралық татулық Қазақстан халқы Ассамблеясының, оның Төрағасы, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ерен еңбегінің нәтижесінде жаңа мазмұнға ие болды. Ассамблея бүгінде көпұлтты Қазақстан халқын біріктіруші форумға, қоғамды тұрақтандырушы күшке айналып отыр. Қазақстандағы бұл татулық пен бірлікке көптеген мемлекеттер қызыға қарап, оны қазақстандық модель ретінде жан-жақты зерттеуде.

Тәуелсіздік жылдарындағы елеулі оқиғаның бірі – 1997 жылы «Қазақстан – 2030» Стратегиялық даму бағдарламасының қабылдануы. Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев осы бағдарламаны халыққа ұсыну кезінде: «Өзіміздің басым мақсаттарымызды дұрыс айқындап, тиісті стратегияларымызға таңдау жасап, осы жолмен жүру үстінде ерік-жігер мен төзімділік таныта отырып, біз өзімізді бұралаң-бұрылысты сенделістерден, күш-қуатымызды, уақытымыз бен ресурстарымызды жөнсіз зая кетіруден сақтандырамыз», – деген болатын. Бүгінгі күні шынында айқын мақсат, көреген бағдар-бағамның нәтижесінде уақыттың да, күш-қуаттың да зая кетпегеніне барлық қазақстандықтар куә.

Қазақстанның экономикасы жедел дамып келе жатқан елдердің қатарына қосылуына аталған Даму бағдарламасы айтарлықтан үлес қосып келеді. Парасатты пайымның нәтижесінде 2000 жылдан бастап ел экономикасында тұрақты өрлеу үдерісі берік орын алып, ішкі жалпы өнімнің өсу қарқыны әлемдік қаржылық дағдарысқа дейін жыл сайын 9-10 пайызды құрады.

Алдымызда тұрған міндетгердің бірі 2016 жылы табыс деңгейі өте жоғары мемлекеттер шоғырына ену. Яғни, бір адамға шаққанда ішкі жалпы өнімнің шамасын 15 мың АҚШ долларына жеткізу. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, бұл көрсеткіш 1994 жылы 700 долларды құраса, биылғы жыл қорытындысы бойынша 10 мың доллардан асады деп күтілуде.

Дағдарыстан шығудың өзіндік моделін жүзеге асырған санаулы елдердің қатарында екенімізді әлемдік қауымдастық әлдеқашан мойындады.

Дағдарыстың алдындағы 2008 жылы Ұлттық қорда 50 млрд. доллар болса, бүгінгі күні оның 63 млрд. долларға жеткені осының бір дәлелі іспетті.

Биылдың өзінде тәуелсіз сарапшылардың пікірінше Қазақстан экономикасы барынша дамыған елу елдің қатарына еніп те үлгерді. Бүкіл әлемдік банк және Халықаралық қаржылық корпорациялар дайындаған «Бизнесті жүргізу» рейтингісі бойынша 183 елдің арасында Қазақстан 47-орынға көтерілген. Стратегиялық мақсатымыз Азия барысына айналу ғана емес, әлемдік алпауыт елдермен тереземізді теңестіру болмақ.

Еліміздегі экономикалық тұрақтылық пен оңтайлы инвестициялық ахуал шетелдік инвесторлар үшін қызығушылық тудырып, сенім қалыптастырды. Дүниежүзілік банктің пайымдауынша, қазіргі кезеңде Қазақстан инвестицияға тартымды 20 елдің қатарына енгені баршамызға белгілі.

Егемен ел тарихындағы шешуші қадамның бірі астананың Алатау баурайынан Сарыарқа төріне көшірілуі. Алғаш рет 1994 жылдың 6 шілдесі күні Жоғарғы Кеңесте Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың айтқан ұсынысы қазіргі кезде өз нәтижесін көрсетті. «Бұл мен үшін емес, бұл ел үшін керек, елдің ертеңі үшін керек, мұның мәнін қазіргі адамдар толық ұғар-ұқпас, бірақ болашақ ұрпақтарымыз ұғатын болады», -деп, көрегендікпен айтылған ойы қазірдің өзінде ел тағдыры үшін жасалған тарихи шешім екендігін дәлелдеді.

Аз ғана уақыттың ішінде қарыштап дамыған, посткеңестік аймақта сәулет өнеріндегі қайталанбас «Ғасыр жобасына» айналған Астана құрылысы тек қазақстандықтардың ғана емес, әлем жұртшылығының қызығушылығын тудыруда.

Адамзат аса күрделі тарихи кезеңде өмір сүруде. Әлем халқының этностық шығу тегіне, нәсіліне, тіліне, діни сеніміне, қандай әлеуметтік топқа жататындығына қарамастан, қоғамдағы қиындық-кедергілерді бірлесіп шешуге деген-мүдделілігі барған сайын артып келеді. Бұл орайда кеңдік пен кемеңгерлікке, сабырлылық пен мейірімділікке шақыратын адами, ізгі құндылықтарды бойға ұялату – мәдениеттер мен өркениеттер тоғысының басты кепілі екендігі белгілі.

2010 жыл Қазақстанның Европадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық еткен жыл ретінде әлемдік тарихта есте қалды. Еуропалық қоғамдастық Қазақстанды әлемдік қауіпсіздікке, ынтымақтастық пен түсіністікке бастауда жаңаша көзқарас ұсына алатын, мүмкіндігі мол мемлекет ретінде таныды.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев араға 11 жыл салып өткен Саммитке Астана декларациясы мен іс-жоспарларының жобасын ұсыну сәтінде, Еуразияның жүрегі – Қазақстанның елордасы – Астана қаласында бүкіл адамзаттық байланыс басталғандығын айта келіп: «Бұл біздің халықтарымыздың қауіпсіздігі мен гүлдену ісіне қосылған ұлы үдеріс болар еді. Алып Еуразия құрлығын «Сенім. Дәстүр. Ашықтық және Төзімділік»

сынды жалпы құндылықтарға негізделген ортақ кеңістікке айналдыру өз қолымызда. Біздің Саммиттің тарихи маңызы мен атқарар жүгі де осында деп білемін», - деген болатын.

Қазақстанның әлемдік деңгейдегі тағы бір миссиясы Ислам Конференциясы ұғымына төрағалық етуі. Бұл ұйым бүгінгі күні 57 мұсылман мемлекетін біріктіріп отырған халықаралық ұғым. Мұндай беделді ұйымға төрағалық ету құрмет қана емес, аса жауапкершілікті іс. Біріккен Ұлттар Ұйымынан кейінгі екінші орынды иеленетін Ислам конференциясы Ұйымына төрағалық ету Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатындағы осындай талап биіктерінен көрінгендігін, оның басшысы Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың әлем мемлекеттері арасындағы беделін, биік парасатын ескере отырып берілуі Қазақстан үшін үлкен мәртебе екенін атап айтуымыз керек.

Шілдеде Астанада өткен Бүкіләлемдік Ислам экономикалық форумында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы елімізге ислам мен батыс өркениеттері арасында достық байланысқа дәнекер болудың тамаша мүмкіндігі туғанын атап өте келе, ислам әлемін жаңғырту бағыттарын ұсынған болатын. Форумда бас қосқан Ислам мемлекеттері өкілдері тарапынан қызу қолдау тапқан Елбасы идеясы әлемдік өркениеттің қызығушылығын туғызды.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда түбегейлі реформалар жүзеге асты. Бұл қатарда отандық білім беру жүйесін халықаралық білім кеңістігінің талаптарына сәйкестендіру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды. ЮНЕСКО-ның деректеріне сәйкес еліміз Білім беруді дамыту индексі бойынша 129 елдің ішінде төртінші орынға шығып, мемлекетіміз халықтың жалпы сауаттылық деңгейі бойынша 177 елдің ішінде 14-ші орынды иеленуі осының айғағы деп білемін.

Сонымен қатар, Қазақстан ТМД елдері арасында бірінші болып жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің көп деңгейлі жүйесін енгізіп Болон процесінің толық мүшелігіне қабылданды.

Болон процесінің басты принциптерінің бірі - жоғары оқу орындарында білім алушылардың академиялық ұтқырлығын (мобильность) қамтамасыз ету болып табылады. Осы тұста бұл үдеріске еліміздің қаржылық қолдау жасауы, әлемнің ешбір елінің тәжірибесінде кездеспегенін де айтуымыз қажет.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қазақ елін әлемдік деңгейдегі білім орталығына айналдыру туралы биік мақсат қойып, соған сәйкес Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасын бекітіп, оны нақты жүзеге асыруға бағытталған Білім және ғылым министрлігінің іс-шаралар жоспары қабылданды.

Алдымызда тұрған маңызды мәселенің бірі 12 жылдық білім беруге көшу үшін жаңа мемлекеттік стандарттар мен оқу бағдарламалары,

оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер, сонымен қатар дәріс беретін білікті педагог кадрлар қажет екені түсінікті.

Білім саласындағы қазіргі өткір мәселенің бірі – жас ұрпаққа беріліп жатқан білім мен тәрбиенің ұлттық болмысын заманауи ағымға ілесетіндей жаңаша қалыптастыру болмақ.

Әлемдегі дамыған елдердің қатарына қосылуға бағыт алған мемлекетімізде ғылымның дамуына ерекше көңіл бөлінуде. Елбасы ұсынған ғылымды басқарудың жаңа моделін іске асыратын «Ғылым туралы» Заңның қабылдануы ел экономикасын индустриалды-инновациялық дамытудың негізі болатыны анық.

Аталған заңда ғылымды қаржыландырудың базалық, гранттық және нысаналы-бағдарламалық деп аталатын үш бағыты белгіленген. 2015 жылы ғылымға бөлінетін қаржы ішкі жалпы өнімнің 1 пайызын құрамақ, салыстырмалы түрде айтсақ, бұл бүгінгі межеден 4 еседен астам көп. Біздің алдымызда тұрған басты міндеттердің бірі – ғалымдарды ғылыми жобалар даярлауға жұмылдыру болып табылады.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары біз дүниежүзілік демократиялық даму үдерістерін сараптай келе, өтпелі кезеңде мемлекеттік қауіпсіздігімізді қамтамасыз ететін бірден-бір саяси кепіл ретінде Президенттік басқару жүйесін таңдай алдық. Саяси элита Елбасымыздың «әуелі-экономика, сосын-саясат» ұстанымы аясына топтасты. Бұл өз кезегінде тоқсаныншы жылдардың бас кезінде либералды-экономкалық реформаларды сәтті жүзеге асыруға негіз болды деп санаймын. Көптеген елдердің даму тәжірибелерін зерттеп барып қолға алынған реформалар мемлекетіміздің көп векторлы саясат ұстануына жол ашты. Еліміздің шығысындағы Қытай, солтүстігі мен батысындағы Ресей сияқты алпауыт мемлекеттермен арадағы экономикалық-саяси мүдделерді арқау ете отырып, мемлекеттік шекараларымызды бейбіт түрде бекітуге қол жеткіздік.

Сонымен бірге ішкі мәселелерді шешуде Елбасымыздың, шынайы ұлт көшбасшысының сарабал саясаты арқасында Қазақстан халқының бірлігін сақтай алғанымызды айрықша атап өткім келеді. Мемлекет құрушы қазақ ұлтының толеранттық қасиеті арқылы елдегі әрбір ұлт пен ұлыстың тең құқылы дамуын қамтамасыз еттік.

Елбасының Қазақстан халқына арнаған Жолдаулары, Қазақстанның өз дамуындағы ерекше жол аша білген «Қазақстанның 2030 Стратегиялық даму» бағдарламасы, жастарымыздың әлемдік деңгейде білім алуын қамтамасыз еткен «Болашақ» бағдарламасы, «Үдемелі индустриялы-инновациялық даму» бағдарламасы сынды ел дамуына ерекше серпін берген маңызды құжаттар Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей бастамасымен өмірге енген болатын.

Жер бетіне тарыдай шашырап кеткен қандастарымыздың тарихи отанына оралуы еліміздегі демографиялық ахуалға ғана емес, тұрақтылық пен орнықтылыққа да өзіндік әсер ететінін сезінген Елбасымыз осы мәселеге

баса назар аударды. Шетелдерде өмір сүріп жатқан отандастарын өз еліне қайтаруға қаржы бөліп, көмек жасап келе жатқан екі ел болса соның бірі Қазақстан. Осындай іргелі саясаттың нәтижесінде бір жарым миллиондай бауырларымыз туған отанымен қайта қауышты. Олардың арасында көптеген ғалымдар мен іскер азаматтар, өнер-мәдениет сапасының майталмандары, спортшылар қазір туған елі үшін қызмет етуде.

Ешқандай мемлекеттің тарихындағы болмаған Дүниежүзі қазақтарының құрылтайын өткізу жөніндегі Елбасымыздың бастамасы да қазір өзінің өміршендігін дәлелдеді.

Патшалық Ресей, кейін Кеңес Одағының идеологиясы бізді ұлттық тамырымыздан ажыратып, рухани тамырымыздан алшақтатуға барынша күш салғаны жасырын емес. Ел егемендігімен бірге келген рухани азаттық еліміздің өміріне де қан жүгіртті. Соның бір ғана көрінісі қазақтың тұтас тарихын жазуға арналып жасалған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Қазіргі таңда аталған бағдарлама аясында шетелдердегі мұрағаттар мен ғылыми мекемелер және кітапхана қорларынан 5000-нан аса тарихи жәдігерлер елге әкелінді.

«Мен ауызбіршіліктен айнымайтын ақжүрек жұртымның қуатты ұлтқа, шуақты ұлысқа айналарына кәміл сенемін», - деп Елбасымыздың өзі айтқандай бүгінде қазақ елі әлемдегі танымал елдер қатарына енді. Ол өз елі мен туған халқын жанындай сүйген, өзінің саналы ғұмырын ел иглігіне арнаған ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен еңбегінің нәтижесі.

Ата-бабаларымыздың сан ғасырлық мұраты - ел тәуелсіздігін баянды ету әрбір қазақстандықтың перзенттік, азаматтық парызы. Ол үшін ең басты қажеттілік өз еліміз бен туған халқымызға деген сүйіспеншілік, отаншылдық, азаткерлік сынды қасиеттер екені даусыз шындық. Ал мұндай қасиеттер адам бойына ұлттық топырақтан дарып, сіңеді. Менің ұлттық топырақ деп отырғаным ұлттық тарих пен әдебиет, мәдениет пен салт-дәстүр, әдет-ғұрып. Тіл, діл, дін. Ой елегіне салып, сана безбенінен өткізер болсақ бұлар адам баласы нәр алар бастау-бұлақ, терең тамырымыз, табан-тірегіміз. Егемен еліміздің әрбір бағындырған белесі, әрбір басқан қадамы тұңғыш Президентіміздің еңбектерінде, естеліктерінде көрініс тапқан. Сондай-ақ, әрбір ғылыми еңбегі тек отандық экономика саласында ғана емес, әлемдік деңгейдегі жаңашыл дүниелер. Осы тұрғыдан көз жіберер болсақ, Елбасы еңбектерін жоғары оқу орындарында пән ретінде оқытудың ғылыми, тәрбиелік мәні ерекше.

Бұл өз кезегінде жас ұрпақты отансүйгіштік пен ұлтжандылыққа, іскерлік пен білімпаздыққа тәрбиелеуде, ел тәуелсіздігін тұғырлы етуде, ұлттық экономиканы дамытуда, тұтастай алғанда елімізді әлемдік қауымдастыққа танытуда ерекше маңызы бар бағдар-бағытымыз деп айтуымызға болады. Өйткені Елбасымыздың әрбір еңбегі ел болу жолында төгілген тердің, небір ұйқысыз түндердің жемісі. Өз Отанын қалтқысыз сүйген перзенті - ұлт көшбасшысының жүректен шыққан туындылары.

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ УНИВЕРСИТЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Қылышбай Алдабергенұлы Бисенов

***Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры,
техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық
инженерлік академиясының академигі***

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда күрделі реформалар жүзеге асқаны белгілі. Бұл қатарда отандық білім беру жүйесін халықаралық білім кеңістігінің талаптарына сәйкестендіру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды. ЮНЕСКО-ның деректеріне сәйкес еліміз Білім беруді дамыту индексі бойынша 129 елдің ішінде төртінші орынға шығып, мемлекетіміз халықтың жалпы сауаттылық деңгейі бойынша 177 елдің ішінде 14-ші орынды иеленуі осының айғағы деп білемін. Сонымен қатар, Қазақстан ТМД елдері арасында бірінші болып жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің үш деңгейлі жүйесін енгізіп Болон процесінің толық мүшелігіне өтті.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қазақ елін әлемдік деңгейдегі білім орталығына айналдыру туралы биік мақсат қойып, соған сәйкес Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасын бекітіп, оны нақты жүзеге асыруға бағытталған Білім және ғылым министрлігінің іс-шаралар жоспары қабылданды.

Биылғы оқу жылының және алдағы онжылдықтың басты ерекшелігі – оқытудың түбегейлі жаңа сапасына қол жеткізуге барынша көңіл бөлу болып отыр. Бүгінгі күні педагог кадрларды даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың көп деңгейлі жүйесін іске асыру өзекті мәселе. Бұл өз кезегінде ұстаз мәртебесін көтерудің кепілді негізі болмақ. Сонымен қатар қоғам алдындағы күрделі процестің бірі – жастар тәрбиесі. Бұл іске мемлекетіміз қана емес, ата-аналар, барлық қоғамдық институттар тартылған. Соған байланысты университет қабырғасында бұл бағытта да атқарылар жұмыстардың ауқымы орасан зор. Әлеуметтік тапсырыс аясында студент-жастар арасында парасатты тұлға қалыптастыру, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу және олардың азаматтық белсенділігін, әлеуметтік жауапкершілігін арттыру мен әлеуетін көтеруге күш саламыз.

Мемлекеттік бағдарламада еліміздің жоғары білім беру жүйесінде жоғары оқу орындарының жаңа жіктеуішін енгізу көзделіп отыр. Осы бағытта таяу болашақта инновациялық жұмыстар мен ғылыми жетістіктерді тәжірибе жүзіне нақты енгізетін жаңаша жоғары оқу орындары қайта құрылатын болады.

Болон процесінің басты принциптерінің бірі - жоғары оқу орындарында білім алушылардың академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл үдеріске еліміздің қаржылық қолдау жасауы әлемнің ешбір елінің тәжірибесінде кездеспеген салмақты шара. Соңғы он жылдың көлемінде университет оқытушы-профессорлар алмасу, олардың біліктілігін арттыру, ғылым магистрлері мен докторларын даярлау және косдипломды бағдарлама бойынша бірнеше шетелдік жоғары оқу орындарымен байланыс орнатты. 2011-2012 оқу жылына Ресейдің жоғары оқу орындарының магистратурасына сол елдің білім тапсырысы бойынша 17, ал Қытайдың мұнай-газ университетіне 6 магистрант қабылданып отыр. Университеттің халықаралық қызметінің ең маңызды бағыттарының бірі халықаралық қорлар және білім мен ғылымды қолдау бағдарламаларымен ынтымақтастықты дамыту.

Биылғы жылы елімізде жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламасы бойынша білім тапсырысы бірнеше есеге көбейтілді. 2011-2012 оқу жылына университет магистратурасының 19 мамандығына мемлекеттік тапсырыс негізінде 98 орын бөлінгені

белгілі. Алдағы уақытта PhD бағдарламасы бойынша философия докторларын дайындауды қолға алу басты міндеттердің бірі болмақ.

Көпдеңгейлі білім жүйесін одан әрі дамыту, берілетін білім бағдарламаларының сапасын арттырудың басты шарты – олардың сапалы оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуінде. Қазіргі таңда жоғары оқу орындарының оқулықтарын әзірлеуге және басып шығаруға, оның ішінде бірінші кезекте мемлекеттік тілдегі оқулықтарды басып шығаруға Үкімет тарапынан ерекше мән берілуде. Осыған байланысты оқу процесіне қажетті оқулықтарды мемлекеттік тілге аударып, баспадан шығару бағытында тиісті мекемелермен келіссөздер жүргізуді жандандыру керек. Сонымен қатар бүгінгі күні өзекті мәселеге айналып отырған оқу процесін электронды оқулықтармен қамтамасыз ету, оларды университет профессор-оқытушыларының әлеуетін пайдалана отырып даярлау басым бағыттарымыздың бірі. Бұған қоса қашықтықтан оқыту технологиясын кеңінен ендіру арқылы мамандар даярлау сапасын арттыруға қол жеткізуіміз қажет.

Кәсіби практика оқу процесінің ажырамас құраушысы ретінде білікті мамандар даярлаудың өте маңызды бөлігі. Білім алушылардың іс-тәжірибесін ірі мекемелер мен компанияларда өткізу бағытындағы жұмыстарымыздың ауқымын одан әрі кеңейте бермекпіз. Бұл университет түлектерін еңбекпен барынша қамтуды жұмыс берушілермен бірлесе отырып шешуге мүмкіндік бермек. Болашақ жұмыс берушілерді білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға тарту еліміздің үдемелі индустриалдық-инновациялық бағытта дамуын сәтті жүзеге асырудың бірден-бір кепілі.

Келесі өзекті мәселе – білім беру қызметінің сапасына бақылау жүргізу туралы. Дамыған шет елдерде мемлекет тарапынан білім сапасына орталықтандырылған бақылау жүйелі түрде жүргізіледі. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұловтың 25 тамыздағы республикалық педагогикалық форумда жоғары оқу орындарында педагогтарды даярлау сапасының бүгінгі күні сын көтермейтіні жөніндегі айтқан орынды пікірі бәрімізді ойландыруы тиіс.

Бүгінгі күні – 12 жылдық білімге көшу алдымызда тұрған маңызды мәселе екені анық. Бұл бағытта 12 жылдық білім беруге көшу үшін жаңа мемлекеттік стандарттар мен оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер, сонымен қатар дәріс беретін білікті педагог кадрлар қажет екені түсінікті. Университет ғалымдары осы жұмыстарға белсенді атсалысуы тиіс. Сол арқылы біз, мектеппен байланысты нығайтып, білікті педагог кадрлар даярлай отырып, Сыр өңіріне өзіміздің ғылыми-интеллектуалдық әлеуетімізді кең таныта аламыз. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін жүйелі түрде арттыру бағытында да ауқымды жұмыстар күтіп тұр.

Университетте шет тілінде мамандар даярлауды қолға алу, шет тілінде дәріс бере алатын оқытушы-профессорлар құрамын қалыптастыру уақыт талабы. Оның іргетасын бүгіннен бастап қалауымыз күн тәртібіндегі жаңа мәселе. Стратегиялық міндеттеріміздің басты бөлігі болып саналатын оқу бағдарламаларының халықаралық стандарттар бойынша мамандандырылған аккредитациядан өтуі келешек мамандардың әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуының, олардың дипломының танылуының кепілі.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының талабы бойынша электрондық оқытудың басты мақсаты үздіксіз білім беру ресурстары мен технологияларына білім алушылардың тең қол жетімділігін қамтамасыз ету болып табылады. Осы мақсат үдесінен шығу үшін университеттің әрбір оқытушысына жаңа технологияны терең меңгерте отырып, оқу процесін ұйымдастыруды толықтай ақпараттандыру қажеттілігі туындап отыр.

Әлемдегі дамыған елдердің қатарына қосылуға бағыт алған мемлекетімізде ғылымның дамуына ерекше көңіл бөлініп келеді. Елбасы ұсынған ғылымды басқарудың жаңа моделін іске асыратын «Ғылым туралы» Заңның қабылдануы ел экономикасын

индустриалды-инновациялық дамытудың негізі болатыны анық. Аталған заңда ғылымды қаржыландырудың базалық, гранттық және нысаналы-бағдарламалық деп аталатын үш бағыты белгіленген. Отандық ғылымның әлеуетін көтеруге қатысты нақты көзделген шараларды айтар болсақ, 2015 жылы ғылымға бөлінетін қаржы ішкі жалпы өнімнің 1 пайызын құрамақ, салыстырмалы түрде айтсақ, бұл бүгінгі межеден 4 еседен астам көп. Біздің алдымызда тұрған басты міндеттердің бірі университеттің жетекші ғалымдары гранттық, нысаналы-бағдарламалық бағыттағы конкурстарға ғылыми жобаларын ұсынуға жұмылдыру. Ғылыми зерттеулер нәтижелерін практикалық айналымға ендіру ісі үлкен мәнге ие. Инновациялық қызметті белсендірек ету мақсатында агробиологиялық және қолданбалы зерттеулер ғылыми орталығы, археология және этнография ғылыми-зерттеу орталығы жақында ғана іске қосылса, таяу күндері заманауи жабдықтармен жарақталған оқу-инновациялық орталығын ашпақпыз.

Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы қарсаңында Елбасымыздың бастамасымен алғаш рет «Студенттік баспана» бағдарламасын әзірлеу Үкіметке тапсырылған болатын. Бағдарламаға сәйкес таяу жылдары жоғары оқу орындарының студенттерін жатақханамен қамтамасыз етуді 80%-ға жеткізу жоспарлануда. Бұл бағытта біздің университетіміз жаңа 400 орындық Студенттер жатақханасының жобалық-сметалық құжаттарын жасап, қазір бұл құжат Білім және ғылым министрлігінде сараптамадан өтуде.

Студенттерді тәрбиелеуде отбасымен, университет ұжымымен қоғамдық ұйымдардың байланысын жаңа көзқараспен дамыту арқылы парасатты тұлға қалыптастыруға жұмыс жүргізіп, қоғам алдындағы борышымызды үлкен жауапкершілікпен сезінгеніміз абзал. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықтың және әртүрлі діндердің ықпалының алдын-алуға бағытталған жұмыстарға әрбір ұстазбен қатар, жастардың өздері де замандастарымен бірлесіп белсенді атсалысқан да ғана бұл істен шынайы нәтиже шықпақ.

Ұлттық сана мен ұлт жады кез-келген халық үшін ең қастерлі, баға жетпес құнды қасиет. Олай дейтініміз, ұлттық санасы сынған, жады өлген халықтың ел, жер, ұлт, мемлекет, болашақ, ұрпақ туралы ойлай қоюы екіталай. Біздің жастарымыздың жете түсінбей жүргені де осы мәселе. Осы ретте «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның қабылдануы, Дін істері жөніндегі агенттіктің құрылуы заманның, қоғамның қажеттілігінен туып отыр. Бір ескерер мәселе, осы агенттікте жоғары оқу орындарымен жұмыс жүргізетін арнайы құрылымның болуы қажет сияқты.

Ұлтжандылық, елжандылық, отансүйгіштік қасиеттер адам бойына ұлттық топырақтан дарып, сіңеді. Менің ұлттық топырақтан деп отырғаным – ұлттық тарих пен әдебиет, мәдениет пен салт-дәстүр, әдет-ғұрып. Тіл, діл, дін. Бұлар нәр алар бастау-бұлақ, терең тамырымыз. Тәуелсіз қазақ елінің іргетасының қалануы мен қалыптасуы, даму тарихын, осы жолда атқарылған қыруар істерді білудің өзі әр ұрпақ бойына отансүйгіштік, елжандылық қасиет дарытатынында күман жоқ. Осы тұрғыдан көз жіберер болсақ, Елбасы еңбектерін жоғары оқу орындарында пән ретінде оқытудың да уақыты жеткен сияқты. Біз одан ұтпасақ, ұтылмаймыз. Әрбір қазақстандықтың мемлекеттік Туға, Әнұранға, елтаңбаға деген қадір-құрметі отбасынан, мектепке дейінгі тәрбиеден бастау алары сөзсіз. Өмірге келгеніне аз ғана уақыт болған балаларға арналған «Балапан» телеарнасынан бастап, Ұлттық арна, т.б. телеарналарда мемлекеттік рәміздерді қадірлеуге, құрмет тұтуға бағытталған арнайы, тұрақты телехабарлардың болуы да өзекті. Сол сияқты арнайы Интернет-сайт ашылып жатса да нұр үстіне нұр болар еді.

«Мың жылдығыңды ойласаң – ұрпақ тәрбиеле» деген ұлағатты сөз бар. Айтар ойы терең, тағылымдық мәні жоғары дана өсиет. Ұрпақ тәрбиесінің ұлылығы да, жауапкершілік жүгінінің ауырлығы да осында. Жалпы туған елі мен жерін сүйетін, рухани жаны таза ұрпақ тәрбиелеу тек оқу орындарының міндеті емес. Ол барлығымыздың азаматтық, перзенттік парыз-борышымыз.

Мамандар даярлайтын бітіртуші кафедралардың тәрбие жұмысын жүргізудегі әлеуетін барынша тиімді пайдалану - алдымыздағы басым бағыттарымыздың бірі. Кафедраның әрбір ұстазы жастарға сапалы біліммен қатар өнегелі тәрбие беру жұмысына деген жауапкершілігін арттырып, оны күнделікті кәсіби жұмысының ұстанымына айналдырғаны орынды болар еді. Университет жанындағы колледждің тәрбие жұмыстарын өзіндік ерекшелігіне байланысты жандандыру жыл бойына жүргізілуі шарт.

Жоғарыда айтылған білім беру саласының жаңа белестері мен міндеттері негізінде университеттің 2011-2015 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспары жасалуда. Бұл құжат біздің болашақта бәсекеге қабілетті, парасатты тұлға, білікті маман даярлаудағы қызметіміздің басты бағдары болмақ.

Алдымыздағы 2012 жылы Сыр өңіріндегі білім мен ғылымның және мәдениеттің қарашаңырағы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне 75 жыл толады. Осы орайда білім ордасының мәртебесін одан әрі көтеру, халықаралық деңгейде кеңінен таныту бағытында уақытпен санаспай, бар күш-жігерімізді, білім мен білігімізді аямай жұмсау әрбір ұжым мүшесінің, профессор-оқытушыларының абыройлы міндеті.

ЛЕПНАЯ КЕРАМИКА ГОРОДИЩЕ ДЖАНКЕНТ

*Аржанцева И.А. (Институт этнологии и антропологии
им. Н.Н.Миклухо-Маклая Российской Академии наук),
Рамазанкызы А. (КГУ им.Коркыт Ата)*

При раскопках на городище Джанкент в 2005-2007 гг., был найден огромный массив керамики. По технологии изготовления материал делится на две крупные группы: гончарную и лепную посуду. С учетом того, что чаще всего керамика сохранялась во фрагментах (целые сосуды составляют небольшой процент), варианты форм выделены в основном по венчикам.

Лепная керамика городище Джанкент производилось из двух видов теста: плотное мелкозернистое с мелкими включениями и из грубого, рыхлого теста с крупными включениями. Оба вида характеризуются неравномерным цветом черепка в изломе (от светлого до черного), что свидетельствует о костровом обжиге. В качестве примесей чаще всего использовались шамот, реже дресва и гипс.

По назначению данный комплекс делится на группы: сосуды для хранения, кухонная посуда и столовая посуда. По форме лепную керамику можно выделить на следующие виды: хумы, кувшины, горшки, миски, кружки, крышки и светильники. Рассмотрим эти виды по порядку.

Сосуды для хранения:

Хумы изготовлены из грубого и плотного теста розового или темно-серого цвета с примесями шамота, поверхность которых залощена и покрыта красным ангобом. Некоторые хумы закопчены снаружи. Они могут быть разных размеров от 15 до 35 см в диаметре (рис.1.7).

Кухонная посуда:

Горшки широкогорлый, слегка отогнутым краем наиболее распространенная форма лепной керамики на городище Джанкент. Сосуды сделаны из глины с включением крупных примесей, в основном шамота, и реже дресвы. Глина оранжевого или черного цвета, черепок в изломе – светло-коричневого, серого цвета разной плотности. Некоторые сосуды имеют неравномерный обжиг. Поверхность отдельных горшков ложились и покрывалась красным ангобом. Большая часть сосудов орнаментирована. Горшки с отогнутым наружу венчиком, по внешнему краю идет налепной жгут с пальцевидными вдавлениями (рис.1. 9). Чаще всего встречается орнамент второго типа - вдавленный орнамент в виде косых насечек (рис.2.1).

Кувшины невысоким горлом, изготовлены из бледно-коричневого или темно-оранжевого цвета с включением гипса или шамота. Поверхность кувшинов залощена и покрывалась красным или песочного цвета ангобом. Один сосуд закопчен снаружи (рис.1. 8).

Миски усечено-конической формы с почти прямыми стенками (рис.2,2). Все они сделаны из грубого и плотного теста, черепок в изломе - светло-коричневого, красного цвета. Основными примесями служили шамот и гипс. Также найден фрагмент одной конической миски с утолщенным краем и горизонтальной площадкой (рис.2,3).

Кружки изготовлены из глины с примесями хорошо измельченного пережженного гипса, черепок в изломе розового, оранжевого цвета. Внешняя поверхность кружек покрыта ангобом и залощена. По форме кружки можно разделить на несколько видов: 1) кружка с шаровидным туловом, с овальной ручкой. По тулову идет растительный орнамент (рис.2. 4). 2) кружка с коническим туловом, с овальной ручкой и выделенным

венчиком. Кружка также украшена растительным орнаментом (рис.2.5). 3) кружка с цилиндрической формой слегка отогнутым краем наружу (рис.3.11).

Крышки светло-коричневого, оранжевого или черного цвета черепка в изломе. Тесто грубое с крупными примесями (шамота). Крышки конические в разрезе, у них простой край, ручки расположены по центру. Особенность этих крышек в том, что они все украшены резным растительным орнаментом (рис.2.6,7). Аналогичные крышки с таким же орнаментом особенно характерны для памятников Семиречья VIII-X вв.[2].

Светильники из грубого и плотного теста розового, оранжевого или темно-серого цвета с включением шамота. Выделяется несколько форм светильников. Один из светильников имеет круглую форму с загнутым внутрь краем, выделенным сливом и петлевидной ручкой. Без орнамента (рис.2.8). Два других светильника представляет собой конически расширяющиеся мисочки с уплощенным венчиком. На венчике сделаны три бороздки для фитильков. У одного светильника сохранилась петлевидная ручка, у другого ручка отбита. У обоих светильников по венчику идет прочерченный орнамент в виде бегущего зигзага, в каждом треугольнике которого находится еще один треугольник или ромб (рис.2.9,10). Подобная орнаментация встречается в Хорезме, например, в материалах Джигербента IX-X вв. 4].

Довольно большая часть лепных сосудов украшена. В данном комплексе встречаются следующие выделенные нами типы орнамента:

1) наклепной орнамент, украшенный пальцевыми вдавлениями или насечками (рис.1,1). Он фиксируется среди Джетыасарской керамики, которая относится к этапу Джеты-асар III (конец VII в. начало VIII в. по IX в.) [4].

2) вдавленный орнамент в виде косых насечек (рис 1,2), вертикальных елочек (рис 1,4);


3) резной растительный орнамент (рис.1,3);



4) прочерченный орнамент в виде бегущего зигзага (рис.1,6).

В керамике одного вида могут быть использованы несколько типов орнаментов, но каждому отдельно взятому сосуду присущ единственный способ украшения.

Точная классификация многих лепных сосудов невозможна в силу их неудовлетворительной сохранности. Тем не менее, мы надеемся, что предложенная здесь классификация наряду с описанием лепной керамики не только создаст общее представление о керамической коллекции городище Джанкент, но и даст возможность проводить различного рода сопоставления как культурно - типологического, так и хронологического плана.


Лепная керамика городище Джанкент






9


Рис.1. Лепная керамика




1



2




3



4



5



6




Рис.2.Лепная керамика




Рис.3.Лепная керамика

Литература:

1. Толстов С.П. Города гузов// СЭ. - 1947. - №3.
2. Байпаков К.М. Средневековые города и поселения Семиречья(VII-XIIвв.). - Алма-Ата,1966.
3. Левина Л.М. Керамика нижней и средней Сырдарьи в I тысячелетии н.э.// ТХАЭЭ. - М.,1971. - Т.7.
4. Вишневская Н.Ю. Ремесленные изделия Джигербента. - М.,2001.

5. Курманкулов Ж.К., Аржанцева И.А., Зиливинская Э.Д., Рузанова С.А., Сыдыкова Ж.Т. Материалы Джанкентской археологической экспедиции. - 2007.

Түйіндеме

Мақалада 2005-2007 жылдар аралығында ортағасырлық Жанкент қаласына жүргізілген қазба нәтижесінен табылған жапсырмалы керамикалық бұйымдар сипатталып, жіктеледі.

Summary

The article describe a set of molded ceramic which was found in a medieval town Dzhan kent in 2005-2007.

УДК 913.1: 904

О СВЯЗЯХ НИЗОВЬЕВ СЫРДАРЬИ И НИЗОВЬЕВ ВОЛГИ В ЭПОХУ СРЕДНЕВЕКОВЬЯ

*Зиливинская Э.Д. (Институт этнологии и антропологии
им.Н.Н.Миклухо-Маклая Российской Академии наук)*

В последние годы в Астраханской области были найдены и частично обследованы археологические памятники, относящиеся к домонгольскому периоду. Открытие их позволяет по-новому взглянуть на культурно-историческое развитие Нижнего Поволжья в раннем и развитом средневековье. В частности, хорошо известный по письменным источникам факт, что этот регион являлся одним из центров Хазарского каганата, нашел, наконец, археологическое подтверждение. Одним из крупных памятников, относящихся к хазарскому времени, является городище Самосделка.

Самосдельское городище располагается в 40 км ниже Астрахани, в Дельте, на правом берегу реки Старая Волга или Бирюль. Главная часть городища находится на острове, вытянутом вдоль старого пересохшего русла Волги, который со всех сторон окружён высохшими протоками. Городище было известно еще в XIX в. и считалось остатками поселения золотоордынского времени. Только в 90-е годы XX в. археологи обратили внимание на большое количество лепной керамики, датировавшейся эпохой раннего средневековья.

Начиная с 2000 года экспедиция, организованная Еврейским Университетом в Москве (координатор проекта И.А.Аржанцева, начальник экспедиции Э.Д.Зиливинская) при участии астраханских исследователей Д.В.Васильева и Т.Ю.Гречкиной начала раскопки в островной части городища – на самой высокой её точке. Глубина культурного слоя здесь достигает 3,4 м. В настоящее время при размерах раскопа более 400 кв. м культурный слой вскрыт примерно на глубину 2,8-3,0 м. Под слоем золотоордынского времени, незначительного по толщине найдены хорошо сохранившиеся наземные постройки и землянки домонгольского периода (XI-XII вв). Сооружения, расположенные под ними сильно разрушены и прослеживаются частично. На уровне материка, найдены круглые в плане юртообразные жилища, близкие аналогии которым имеются в Саркеле, Биляре и Дунайской Болгарии [1].

Вещевой материал представлен в основном керамикой, которая делится на две большие группы. Весь массив неполивной керамики Самосдельского городища можно разделить на две большие группы – гончарную и лепную.

Гончарная посуда представлена большим разнообразием столовой (кружки, миски, блюда, крышки, кувшины, чаши и пр.), кухонной (котлы, горшки) и тарной (корчаги). Вся эта керамика красноглиняная хорошего обжига, часто с лощением и ангобом. Абсолютное

большинство ее форм находит аналогии в керамике Волжской Булгарии X-XII вв. Эта керамика, несомненно, сделана болгарскими мастерами непосредственно на месте из местного материала. Столь значительные масштабы керамического производства позволяют говорить о тесных связях Самосдельского городища с Волжской Булгарией в X-XII вв. и о наличии значительного болгарского компонента среди населения городища. Можно предположить, что в X-XIII вв. здесь существовала торгово-ремесленная фактория, которая является самым южным, из известных на настоящий момент, пунктом волжско-булгарской экономической и политической экспансии.

Еще большим многообразием форм отличается лепная или доведенная на гончарном круге керамика. Это и кухонная и столовая посуда – горшки, котлы, сковороды, кружки, крышки горшков и тандыров. Украшены сосуды довольно разнообразным орнаментом – ногтевыми и пальцевыми вдавлениями, наколами камышинкой и поллой косточкой, отпечатками зубчатого штампа, свисающими «гирляндами», процарапанными по сырой глине рисунками-граффити. Венчики сосудов украшены защипами, пальцевыми вдавлениями, насечками. Очень разнообразны ручки сосудов – петлевидные ручки горшков, декорированные насечками, имитирующими рога барана, часто встречаются зооморфные ручки, стилизованно изображающие пасущегося барана. Нередко встречаются ступенчатые зооморфные ручки. Кроме этого, керамика зачастую богато декорируется налепами в виде рогов барана.

К этой группе относятся крупные горшки с косыми насечками или пальцевыми вдавлениями по верхнему краю. Подобная форма с похожими типами орнаментации достаточно хорошо известна в керамике Среднего Поволжья, а именно в комплексах болгарского времени, где она датируется IX-X вв. [2, с.95-98, 216-219]. С.А.Плетнева неоднократно указывала, что она принадлежит различным кочевым племенам хазарского каганата: болгарам, хазарам, печенегам и гузам [3, с. 230-237; 4, с. 104]. Считается, что эта группа керамики генетически связана со степными комплексами Центрального Казахстана и Приаралья. Действительно, в так называемых позднегузских керамических комплексах низовой Сырдарьи (городища Асанас, Джанкент, Кескен-куюк-кала) хорошо известны лепные горшки с широкой, слабо выделенной горловиной, по краю которой сделаны насечки или пальцевые вдавления [5, с.65-67; 6, с.130-131]. Генетически этот тип орнамента связан с поздними асарскими керамическими комплексами, широко представленными в низовьях Амударьи (Ток-кала) [7, с. 59, 66; 8, с. 65, рис.15] и в средневековых курганных могильниках Устьурта [9, с. 208, 232-235].

На многих сосудах, относящихся к группе хозяйственных, отмечен налипной валик, украшенный пальцевыми вдавлениями и насечками. Подобный декоративный элемент в Юго-Восточном Приаралье впервые появляется на позднем этапе джетыасарской культуры и впоследствии широко распространяется в керамических комплексах гузских «болотных городищ», которые датируются VIII-IX вв. [5, с.65-67; 7, с.59, 66; 6, с.30-131]. Массовой находкой являются богато украшенные раковинообразные ручки от котлов с шаровидным туловом, витые ручки из двух или трех жгутов. Котлы с такими ручками широко бытуют на территории Средней Азии в IX-X вв. Они известны в Фергане [10, с.131], Хорезме [6, с. 279], Южном Казахстане [11, с.192].

Плоские крышки с массивной петлевидной ручкой, декорированные пуансонным орнаментом, находят аналогии в Низовьях Сырдарьи и, возможно, восходит к крышкам джетыасарской культуры [8, рис. 13, 15, 16].

Широко распространены ручки лепных сосудов, небольших горшков или кружек, которые были украшены насечками или вдавлениями. Аналогичная керамика встречается на территории Сырдарьинской дельты в VII-VIII вв. [6, с.131], на Северном Кавказе в так называемых «хазарских» комплексах [12, с.124], а также в Тьмутаракани [13, с. 30, рис. 16].

Таким образом, как мы видим, подобного рода керамика имеет довольно широкие территориальные аналогии. В Восточной Европе ее можно найти среди материалов хазарских городищ Подонья, где она связывается с кочевническим компонентом населения [3, с.230-242]. Известна такая керамика на так называемых «болотных» городищах янгикентской группы, обнаруженных в низовьях Сырдарьи [5, с. 57-67]. С.П.Толстов высказал мнение принадлежности «болотных городищ» огузам. Одельные формы керамики имеют прямые параллели с материалом Средней Сырдарьи (Отрар), которая традиционно считается областью, заселенной печенегами [14, с.190]. Оба этих мнения базируются на схожести керамического материала, обнаруженного на данных городищах, и керамикой огузо-печенежского круга из Восточной Европы.

Городище Самосделка является сложным, не имеющим аналогов в Нижнем Поволжье, памятником. Для того чтобы понять его, потребуются долгие годы кропотливых исследований. Тем не менее, уже сейчас можно сделать некоторые предварительные выводы о хронологии его существования и этнокультурной принадлежности. Возникновение городища следует отнести IX в. Об этом говорит керамика хазарского времени, в массе которой довольно отчетливо выделяется болгарская. Особую группу керамики составляют лепные огузские сосуды, аналогии которым можно встретить так называемых «болотных» городищах в низовьях Сырдарьи, где они датируются VIII – началом IX вв. Именно огузы, на наш взгляд, составили основу населения городища в позднехазарское время. В начале IX века происходит изменение русла Сырдарьи, что вызывает массовое переселение огузов на юг и на запад, в том числе на Устюрт и, как видно по находкам на Самосдельском городище, в низовья Волги.

По письменным источникам известно, что царская гвардия в Хазарском каганате состояла из тюрок-мусульман, переселившихся в Хазарию из местности, соседней с Хорезмом [15, с. 409-411]. Эта гвардия, известная под именем ал-арсии (арсии, ларисии) несла службу хазарскому царю и защищала восточную границу государства от набегов печенегов. Гарнизон Саркела, защищавший западные границы от Хазарии от набегов мадьяр, а позже - русов и тех же печенегов, также состоял из кочевников [15, с.48-50]. Переселение арсиев, скорее всего, произошло в середине IX в. [16, с.10-12].

После падения каганата, судя по непрерывности стратиграфии, жизнь на памятнике продолжается, и в XI-XII веках здесь продолжают проследиваться огузская и болгарская традиции в производстве керамики. Это обстоятельство позволяет связывать Самосдельское городище с городом Саксином, о котором ал-Гарнати писал, что Саксин – это город гузов, однако в нём проживают и болгары, у которых здесь есть свой квартал и своя соборная мечеть [17, с.98-99].

В XIII веке город захватывается монголами. Возможно, именно его описывал Рубрук под именем Суммеркент: «При среднем рукаве (Волги) находится город по имени Суммеркент, не имеющий стен; но когда вода разливается, город окружается водой. Раньше, чем взять его, татары стояли под ним 8 лет. А жили в нём Аланы и Сарацины» [18, с. 164]. Ордынское поселение на территории городища небольшое. Самые поздние ордынские монеты в островной части городища, относящиеся к началу 30-40 гг. XIV века, говорят о том, что в это время здесь жизнь угасла из-за затопления. Об этом же говорит мощный слой окатанной керамики и ракушки.

Литература:

1. Флёров В.С. Раннесредневековые юртообразные жилища Восточной Европы. - М., 1996.
2. Хлебникова Т.А. Керамика памятников Волжской Болгарии. - М., 1984.
3. Плетнева С.А., 1967. От кочевий к городам. // МИА. - 1959. - № 142.
4. Плетнева С.А. Керамика Саркела – Белой Вежи. // МИА.- 1967. - № 75.
5. Толстов С.П. Города гузов. // СЭ. - 1947. - № 3.

6. Вактурская Н.Н. Новые данные о городище Асанас. // Этнография и археология Средней Азии. - М., 1979.
7. Гудкова А.В. Ток-кала. - Ташкент, 1964.
8. Левина Л.М. Керамика Нижней и Средней Сырдарьи в I тыс. н.э.// Труды Хорезмской экспедиции. - М., 1971.
9. Древняя и средневековая культура Юго-Восточного Устюрта. - Ташкент, 1978.
10. Ахраров И. Кухонная керамика Ферганы. // История материальной культуры Узбекистана. - Ташкент, 1966. - Вып.7.
11. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды института истории, археологии и этнографии. - Алма-Ата, 1966. - Т.V.
12. Магомедов М.Г. Образование Хазарского каганата. - М., 1983.
13. Плетнева С.А. Средневековая керамика Таманского городища. // Керамика и стекло древней Тмутаракани. - М., 1963.
14. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар. - Алма-Ата, 1972.
15. Артамонов М.А. История хазар. – СПб., 2002.
16. Бубенок О.Б., Радзивиллов Д.А. Народ ал-арсия в Хазарии. // Хазарский альманах. -Харьков, 2004. – Т.2.
17. Ал-Гарнати о гузах, печенегах, хазарах и булгарах. // Из глубины столетий. - Казань, 2000.
18. Путешествия в Восточные страны Плано Карпини и Рубрука. – М., 1957.

Түйіндеме

Мақала Сырдария мен Жайықтың төменгі ағысындағы археологиялық зерттеулерге арналған. Аталған аймақтардың мәдени ескерткіштерінің ұқсастығы және олардың алдағы уақытта зерттелуі қажеттілігі көрсетілген.

Summary

This article deals with the question of archeological research of monuments of the lower Volga and Syr-Daria. It is noted the similarity of cultural monuments of these regions and the need of their further research.

ӨОЖ 34.07(574): 340.155.8: 340.111.5(574)

ҚҰҚЫҚТЫҚ САЯСАТ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕСІН ДАМУДАҒЫ РОЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Жарылқасынов А.Ш. (Қорқыт Ата атындағы ҚМУ)

Кеңестік жүйе құлауының нәтижесінде Қазақстан Республикасы өз егемендігін алып, халықаралық қоғамдастықтың тең құқылы мүшесіне айналу мақсатында бірқатар шаралар атқарыла бастады. Бұл кезеңде 1990 жылы 25 қазанда «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» Декларациясы және 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңдарынан соң 1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан тарихында Жоғарғы Кеңес тәуелсіз Республиканың бірінші Конституциясын қабылдады.

Егеменді Қазақстанның бірінші Конституциясының ең алдымен өте үлкен моральдық-саяси маңызы болды. Қазақстан көп ғасырлардан кейін бірінші рет біртұтас, егеменді, демократиялық мемлекет деп жарияланды. Сонымен бірге бұл Конституция жаңа заман өзгертулерімен байланысты жақын маңдағы міндеттерді, сондай-ақ шешіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси проблемаларды заңдастыруға бағытталған өтпелі кезеңнің Негізгі заңы ретінде қарастырылады.

Сондықтан, тәуелсіздік жылдары кезінде қабылдаған конституциялық заңнаманың негізгі идеялары қорытылып, 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда тәуелсіз Қазақстанның екінші конституциясы қабылданды.

Жалпы, мемлекеттік конституциялық заңнаманың дамуы өте күрделі процесс. Жаңа мемлекет құру, өтпелі кезеңде өмір сүру тек бір ғана конституциялық актіні қабылдатып қоймайды. Қазақстанның конституциялық заңнамасы әлі де жетілу үстінде және көп мәселелерге жаңаша қарауды талап етеді.

Осыған орай Қазақстан Республикасында жаңа ұлттық құқықтық жүйе құрылып жатыр. Бұған мемлекетіміздің тәуелсіздік алғаннан кейін құқықтық реформа жүзеге асырыла бастаған алғашқы жылдары қабылданған барлық бағдарламалық құжаттар бағытталған. Бұл құжаттардың ішіндегі ең маңыздылары ретінде 1994 жылғы 12 ақпандағы «Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасын», Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі Жарлығымен мақұлданған «Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасын» және Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасын туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Жарлығын атап өтуге болады.

Қазіргі таңда еліміздің құқықтық даму саясаты саласында, оның ішінде ұлттық заңнаманы жетілдіру бағытында жаңа мақсат-міндеттерді көздеп отырған Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасының маңызы өте жоғары. Құқық қорғау мен сот жүйесін дамыту, сондай-ақ бүгінгі әлемдік тәжірибені ескере отырып, құқықтық-демократиялық қоғам құру осы тұжырымдаманың басты мақсаты болып табылады.

Жаңа Құқықтық саясат тұжырымдамасының маңызының жоғарылығын Елбасының өзі де төртінші шақырылымдағы Қазақстан Республикасы Парламентінің үшінші сессиясын ашу барысындағы сөзінде оның қағидаларының негізінде қазақстандық заңнаманы жаңалау, заң шығару үдерісін нығайту, оның сапасын арттыру керектігін айтуы дәлелдейді [1].

Бұл құжат тұтас мемлекеттік институттар мен білікті мамандардың бірлесе отырып жасаған тұжырымдамасы. Оны қабылдаудағы басты себеп – 2002 жылғы ескі тұжырымдаманың өзіне жүктелген міндетті толығымен атқарып, мақсатын абыроймен аяқтауы. 2002 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы елдің 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық жүйесі дамуының негізгі бағыттарын айқындады. Өткен жылдары мемлекеттік және қоғамдық институттардың қарыштап дамуына ықпал ететін, Қазақстанның орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін бірқатар аса маңызды заңнамалық актілер қабылданды. Тұжырымдаманы іске асырудың басты қорытындылары ұлттық заңнаманың негізгі салаларының (конституциялық, әкімшілік, азаматтық, банктік, салық, қаржы, кеден, экологиялық, қылмыстық, қылмыстық-іс жүргізу, қылмыстық-атқарушылық заңнама) айтарлықтай жаңаруы болды. Яғни, 2010 жылға дейінгі тұжырымдама арқылы тәуелсіз Қазақстан заңнамаларының негізі қаланды. Ал кезекті тұжырымдаманың мақсаты оны тереңдетіп, кейбір салалардың қатынастарын нарықтың қажетті бағыттарымен жіберу.

Жаңа стратегиялық құжатты – 2002 жылдан бері қолданыста болып келген осындай тұжырымдаманың заңды жалғасы болып табылады десе де болады, ал ол кезеңнің құқық саясатының басты нәтижесі – ұлттық заңнаманы түбегейлі реформалау, оны озық әлемдік стандарттарға жақындату болғаны белгілі. Бұл кезеңде елімізде зайырлы, құқықтық, демократиялық мемлекет пен қоғамның нормалары, барлық құқық қолданушы жүйені, әсіресе қылмыстық жазаны қолдану мәселелерін ізгілендіру қағидалары заң және іс жүзінде орнықты. Бұл ретте отандық қылмыстық кодексте өлім жазасы қарастырылған

санкцияларды елеулі қысқартып, жазаның осы түріне мораторий енгізуді еске алсақ та жеткілікті сияқты. Сонымен бірге 2002 жылдан бастап барлық нормативтік базаны жүйелеу жөнінде кең көлемдегі жұмыстар жүзеге асырылып, еңбек, бюджет, жер, экология, салық сияқты республикамыздың аса маңызды кодекстері жасалып, бекітілді. Сондай-ақ, еліміз үшін соны жаңалық болып табылатын Адам құқықтары жөніндегі өкіл институты жұмысын сәтімен бастап, сот реформасы түбегейлі жүргізілді.

Алайда өмір бір орнында тұрмайды. Барлық құқықтық саланың одан әрі дамуы, әртүрлі мемлекеттік және құқыққорғау органдарының қызметтерін үйлестіріп отыру, сот жүйесін жетілдіру – елімізде құқықтық саясаттың жаңа тұжырымдамасын қабылдау қажеттігін алға тартты. Және де оны 2020 жылға дейін он жылға бірақ жасау керек болды. Осы стратегиялық құжатты бекіткен кезде Мемлекет басшысы бәрінен де бұрын жалпы мемлекет пен оның азаматтарының игілігін көздегені анық. Тұжырымдама барлық норма жасау үдерісінің сенімді қағидаттарын қарастырған. Қолданыстағы заңдарды жүйелеу, оларды топтастыру, ескірген және қайталайтын нормалардан арылту жөніндегі жұмыстар да, сол сияқты сілтеме нормаларды неғұрлым азайтып, тікелей қолданылатын заңдарды қабылдау тәжірибесін кеңейте отырып, ішкі қарама-қайшылықтарды жою да осыған жатады.

Бұл үдерістегі соны жаңалықтың бірі азаматтар мен бүкіл қоғамның мүддесін неғұрлым толық қамти алатын, нормативті құқықтық актілерді бағалаудың халықаралық стандартын енгізу болмақ. Сондай-ақ, жаңа тұжырымдама заң техникалары деңгейін көтеріп, құқықтық реттеу механизмін жетілдіруді де, озық ақпараттық технологиялардың құқық шығармашылығы және құқық қолданушы үдерісін енгізуді де қамтамасыз етті. Құқықтық саясатты бұлайша кешенді түрде қарастыру – еліміздің жалпы дамуы барысында, оның бүкіл нормативтік-құқықтық базасын жетілдіріп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге кепілдік бере отырып, нәтижелілік, шынайылық пен есеп беріп отыру қағидаттарына негізделген мемлекеттік басқарудың жаңа сапалық үлгісін жасауға мүмкіндік береді.

Бұл арада мынаны атап айтқан жөн: ұлттық құқықтық жүйенің іргетасы болып конституциялық құқықтың өзі алынған. Оның қарыштап дамуы 2007 жылғы конституциялық реформа нәтижесінде елеулі түрде жаңарған Қазақстанның қолданыстағы Конституцияның принциптері мен нормаларына сүйенеді [2]. Ал, өзінің аса мол қуатын үйлестірілген құқықтық жүйе арқылы жүзеге асыратын, тікелей қолданыстағы негізгі заң ретіндегі еліміздің конституциясының қағидалары мен нормаларын толыққанды жүзеге асыру – таяудағы жылдардың аса маңызды міндеті болмақ. Өйткені біздің мемлекетіміздің Конституциясында бекітілген Республика қызметінің түбегейлі принциптерін (бұл: қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, барша халықтың игілігі үшін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекеттік өмірдің неғұрлым маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен шешу)[3] сақтау мен іске асыру елдің орнықты әлеуметтік-экономикалық және саяси-құқықтық дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондықтан Қазақстан Республикасы конституциялық құрылысының негізі, мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығы конституциялық заңнаманы және оны қолдану практикасын жетілдіру арқылы нығаятын болады. Ал, Конституциялық құқықты дамыту перспективалары тұжырымдамада атап көрсетілгендей мемлекеттің құрылымын, мемлекеттік биліктің біртұтастығын, оның тармақтарының жұмыс істеу тетіктерін және Қазақстан Республикасының бүкілхалықтық сайланған Президенті тарапынан стратегиялық басшылықпен, бақылаумен және төрелікпен олардың өзара іс-қимылын анықтайтын қолданыстағы конституциялық заңдарды жетілдірумен байланысты болып табылады.

Бұл жерде елде құқықтық мемлекет принциптерін одан әрі бекіту процесінде, бір жағынан, адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың ең жоғары ықтимал кепілдігіне қол жеткізу, ал екінші жағынан барлық мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың, азаматтар мен ұйымдардың конституциялық міндеттерді бұлжытпай және толық орындауы маңызды екендігін де атап өткен жөн. Мұндағы мемлекеттің міндеті адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету үшін біздің Конституция талап ететіндей, тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қатыссыз құқықтары мен бостандықтарының теңдігіне кепілдік беретін жағдай жасау болып табылады. Бұл мәселе Елбасының 2010 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында да ерекше аталып өтілді. Жолдауда көрсетілгендей «алда тұрған онжылдықтың аса маңызды міндеті – Қазақстанның барлық азаматтарының өмір сапасы мен деңгейін жақсарту, әлеуметтік тұрақтылық пен қорғалуды нығайту» [4]. Осы орайда ұлттық келісімді сақтау мен нығайтуда, Қазақстанның көпұлтты халқының бірлігін қамтамасыз етуде құқықтық тетіктердің рөлі арта түсетін болады.

Сонымен, 2009 жылдың тамыз айында қабылданған 2010-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасымен еліміздегі құқықтық саланың жаңа дәуірі басталды. Оның қабылдануымен ұлттық заңнама жүйесі жетіле түсті. Осыған орай елімізде заңнамалық актілер қабылданды. Атап айтсақ, Орман, Жер, Кеден ісі, Су, Еңбек, Бюджет, Салық кодекстері қабылданды.

Қорыта келе айтарымыз, тәуелсіз, егеменді Қазақстан мемлекеті қазір құқықтық реформаларды үсті-үстіне енгізуде. Әрине жаңаша бетбұрыстар өзіміздің ұлттық мүддемізге лайықты мемлекеттік саясатпен жүзеге асырылғаны жөн. Бұл дегеніміз – халқымыздың діліне сай, әрі етене жақын, ұзақ ғасырлар бойы қанымызға, тәнімізге сіңген, адамгершілік пен имандылыққа толы заңдарын ұмытпай, ескеру, қоғам кәдесіне жарату деген сөз. Сонда ғана қабылданған заңдардың орындалуы да жеңіл тартады, олар халық көңілінен шығып, құрметтеледі. Қазіргі ғаламдастыру кезеңінде еліміздің өте сақ болғаны дұрыс. Ғаламдастыру нәтижесінде ұлттық мемлекеттердің егемендігі мен дербестігіне нұқсан келеді, ұлттық және стратегиялық тәуелсіздігіне қауіп төнеді. Сондықтан, заңнама жүйесі өз елінің құқықтық мәдениетін дамыту, оны сыртқы теріс ықпалдардан қорғау әрекетін заңдастыру, ұлттық намыс, ұлттық сананы дамыту жолдарына жағдай жасауды қамтамасыз етуі тиіс. Сонымен бірге, посттоталитарлық елдердің қазіргі құқықтық жүйесі ерекше қоғамдық жүйе ретінде қалыптасып отырғанын, құқықтық құбылыстар қоғамның саяси ұйымдастырылуынан шығарылатынын атап өткеніміз жөн. Құқықтық жүйе рухани-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, мемлекеттік-саяси алғышарттармен қатар және олармен өзара әрекеттесе отырып, қоғам дамуының дербес және өзіне-өзі жеткілікті, жоғары мәнді және тиімді факторы болып отыр.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Лайықты болашаққа сенімді болайық. Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасы Парламентінің үшінші сессиясын ашу барысындағы сөзі. //Егемен Қазақстан. - 2009 жылдың 2 қыркүйегі.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы № 858 Жарлығы. // Егемен Қазақстан. - 2009 жылдың 28 тамызы.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Юрист, 2011.
4. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері». Қазақстан халқына Жолдауы. // www.akorda.kz.

Резюме

В статье рассматриваются проблемы становления и развития правовой системы казахстанского общества. Отмечается большое значение концепции правовой политики в развитии правовой системы. Также предлагаются рекомендации по развитию правовой культуры общества и законодательному закреплению механизма ее защиты от внешних отрицательных воздействий.

Summary

The article is devoted to problems of formation and development of legal system of the Kazakhstan society. The author marks the importance of the concept of legal politics in development of legal system. At the same time, the author offers development of legal culture of a society and legislative fastening of its protection from external negative influences.

УДК 378 (574)

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПРОГРАММА «КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ» КАЗАХСТАНА: ЭТАПЫ ЕЕ РЕАЛИЗАЦИИ И ЗНАЧЕНИЕ

Караманова М.С. (КГУ им. Коркыт Ата)

Историческая память народа – основополагающий фактор сохранения самого народа, нации, этноса, которая закладывается веками в культурное наследие, культурные пласты всей человеческой цивилизации.

Культурное наследие является важнейшим признаком цивилизованного общества, оно включает в себе духовно-нравственные и материальные ценности, которые не просто переходят от одного поколения к другому, а требуют приложения огромных усилий и средств в национальном, государственном масштабе, чтобы не потерять их.

В недалеком прошлом мы все близко стояли у пропасти обезличивания. Обретение всеми нами суверенности спасло нас от этого и вернуло к поискам наших истоков. Важное значение приобретает сохранение культурного наследия каждого народа в современных условиях – в век компьютерных технологий, глобализационных процессов, что ведет к утрате идентичности народов мира. Поэтому сегодня актуальна для всех проблема сохранения культурного наследия.

С 2004 года по инициативе Президента страны Н.А.Назарбаева стартовала государственная программа «Культурное наследие».

Первый ее аспект направлен на развитие и укрепление национального самосознания казахстанцев через богатство культурного наследия народа.

Второй важнейший аспект «Культурного наследия» - открытие миру богатства национальной духовной сокровищницы.

Третий аспект программы – создание системы изучения национального культурного наследия: истории, философии, этнографии, языка, литературы, живописи, музыки и т.д.

Программа «Культурное наследие» была принята казахстанцами с большим воодушевлением как знаковый этап не только духовно-культурной, но всей общественной жизни страны. Государственная программа «Культурное наследие» сегодня реализуется поэтапно: 2004-2006, 2007-2008, 2009-2011 годы и готовится долгосрочная программа на ближайшие двадцать лет. Предусмотрено выделение значительных средств из государственного бюджета на систематизацию, сохранение и развитие культурного наследия. На первом этапе было выделено 2,7 млрд. тенге, на втором – более 4 млрд., на третьем – более 5 млрд. тенге.

Государственная программа «Культурное наследие» осуществляется по следующим направлениям: систематизация, сохранение и реставрация памятников истории и археологии.

В стране насчитывается свыше 25 тысяч памятников, более 2 миллионов ценных культурных предметов. Такие памятники как мавзолей Ходжа Ахмеда Яссауи и комплекс петроглифов урочища Тамгалы включены в перечень Всемирного культурного наследия, на очереди включения в список ЮНЕСКО древнее городище Отрар. За годы независимости проведена работа по полной инвентаризации памятников страны. По результатам этой работы в республике составлены государственные списки памятников истории и культуры, в которые вошли 218 объектов республиканского значения и 11,5 тысячи объектов местного значения.

Самым значимым проектом является реставрация Мавзолея Султана Бейбарса в Дамаске. Этот комплекс, построенный в 1266 году самим Бейбарсом состоит из школы, архива и мавзолея. В ходе работ укреплены все стены и архитектурные формы комплекса, с привлечением сирийских специалистов полностью восстановлены мозаика, узорное оформление, архив, в котором хранятся более 200 тысяч раритетных книг, оборудован самой современной техникой. В рамках реставрации мечети Султана Бейбарса в Каире казахстанская сторона выполнила все обязательства по финансированию работ. Также продолжается строительство историко-культурного центра и Мавзолея Аль Фараби в Дамаске, он состоит из мечети, экспозиционных залов по истории и культуре, библиотек с читальным залом, конференц-залом и гостиницы.

В ходе выполнения программы «Культурное наследие» с 2004 года по сегодняшний день проведены реставрационные работы на свыше 73 археологических и архитектурных памятниках, проведено более 40 археологических, 26 научно-прикладных исследований.

Среди широко известных памятников Казахстана, имеющих евразийскую и мировую известность – древние города Сайрам, Отрар, Тараз, Каялык, Сыганак, Жанкент, Жент, могильники Иссык, Берель, петроглифы Тамгалы, мавзолеи Айша-биби, Бабаджи-Хатун, комплекс Яссави.

«В нашей стране нет египетских пирамид и Римского Колизея, но роль кочевников, живших в древности на территории Казахстана, неоценима не только для Евразии, но и для мировой истории. Мы должны на мировом уровне показать величие степной цивилизации – это одно из главных задач программы «Культурное наследие» - подчеркнул Президент Казахстана Н.А.Назарбаев.

Второе большое направление Программы - приобретение копий книг, документов, рукописей, относящихся к истории Казахстана. Благодаря программе «Культурное наследие» выявлено более 10 тысяч архивных материалов, документов, рукописей, артефактов. Самые многочисленные данные в зарубежных архивах – 3 тысячи документов – находились в Китае. Эти документы, до сих пор неизвестные науке, помогут систематизировать историю Казахстана. Также из стран Западной Европы, США, Турции, Китая, России, Японии, Армении в республику возвращены 5 тысяч уникальных исторических документов.

Третье направление программы: исследование богатого наследия национальной литературы, ее систематизация и выпуск в многотомниках. Разработаны целые серии научно-популярных, литературных работ, издано более 440 наименований книг по истории, этнографии, археологии, а также новые энциклопедические словари. Издано 66 томов стотомного издания «Бабалар сөзі» (Слово предков). В них – от древних казахских сказок до рассказов современной литературы. Продолжается выпуск «Ста казахских романов» в 200-х томах. В нее внесены крупные литературные произведения казахстанских писателей за последние 100-150 лет. Издано 10 томов энциклопедии Казахстана, пять томов на русском языке и справочник на английском языке. Также

осуществляются научные проекты по выпуску двадцатитомника, охватывающего наследие казахских мыслителей от седой древности до наших дней, другой проект включает издание мирового философского наследия, а третий посвящен выпуску десяти томного собрания сочинений Аль Фараби.

В рамках осуществления государственной программы «Культурное наследие» также идет поиск и восстановление на современных аудиносителях фонозаписей выдающихся исполнителей прошлого столетия и внедрение информационных и телекоммуникационных технологий в музеи и библиотеки страны. Продолжаются работы по исследованию казахской музыки, подготовлена пятитомная музыкальная антология.

Одним из важных направлений Программы является систематизация сведений, полученных в результате ее реализации и включение их в учебные программы и учебники средних и высших учебных заведений.

Одна из главных задач сегодня – воспитание поколения, хорошо знающего традиции родной культуры, любящего историю своего народа – поколения, которому можно доверить будущее страны.

Таким образом, цели, задачи, реализация сегодня уже национального стратегического проекта «Культурное наследие» обеспечит современному поколению казахстанцев сохранить культурное достояние народов, обитавших и проживающих на просторах Великой казахской степи.

Литература:

1. Государственная программа «Культурное наследие». - Астана, 2006-2011 годы.
2. Назарбаев Н.А. Ежегодные послания Президента народу Казахстана. - Астана, 2003-2011 годы.

Түйіндеме

Мақалада қазақ халқының мәдени мұраларын сақтау мәселелері баяндалған. Сонымен қатар, Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштерін зерттеу бағытындағы жұмыстар «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасында қарастырылғаны көрсетілген.

Summary

This article deals with the problem of preserving cultural heritage of Kazakh people. It's noted that a state program "Cultural legacy" provides for the preservation and the study of historical and cultural heritage of Kazakhstan for the long term.

ӘОЖ 711.424:7.033(282.255.2)

СЫРДАРІЯНЫҢ ТӨМЕНГІ АҒЫСЫ БОЙЫНДАҒЫ ОҒЫЗ ҚАЛАЛАРЫ: ЖЕТІАСАР МӘДЕНИЕТІМЕН БАЙЛАНЫСЫ

***Құрманқұлов Ж.Қ, (Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты),
Аржанцева И.А. (Ресей ғылым академиясының Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы
Антропология және этнология институты),
Тәжеев Ә.Ә. (Қорқыт Ата атындағы ҚМУ)***

Араб географы және тарихшы Ибн Русте, географ Ибн Хаукаль (X ғ.) және Туманскийдің (X ғ. аяғы) еңбектерінде Жанкент қаласы «оғыздар патшасының» ордасы деп жазылады [1, с. 15, 184, 217]. Ортағасырлық Жанкент қаласында алғашқы қазба жұмыстарын 1867 ж. П. И. Лерх жүргізген. П. И. Лерх ескерткіштің топографиялық жоспарын жасап, сол кездегі бекіністің және суландыру каналдарының жағдайын

сипаттайды. Оның жетекшілігімен жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижесінде қала маңынан кейінгі ортағасырлық қорым табылды (XIV-XV ғғ.) [2, с. II-III].

1946 ж. Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының (ХАЭЭ) барлау тобы барлау жұмыстарын жүргізген. Экспедиция барысында әуеден фотосы түсіріліп, археологиялық деректер жинақталып, нәтижелері әртүрлі еңбектерде жарияланды [3, с. 57-62; 4, с. 211; 5, с. 198-200]. Алынған керамикалық деректер бойынша С. П. Толстов қаланың антикалық кезеңнен (б. з. басынан) X-XI ғғ. аралығында үздіксіз өмір сүрген деп мерзімдеді [3, с. 63]. Зерттеуші жазба деректердің негізінде, соңғы өмір сүру кезеңінде (X-XI ғғ.) қала «оғыздар патшасының» ордасы болған деп көрсетеді [3, с. 56; 4, с. 246; 5, с. 198]. Одан кейін археологиялық жұмыстар жүргізілмеген.

С. П. Толстов ұсынған ескерткіштің мерзімі ұзақ уақыт бойы өзгеріссіз қалып, тек Л.М. Левинаның жұмыстарында нақтыланып, ескерткіш XIV ғ. дейін өмір сүрген деп болжам жасайды [6, с. 77; 7, с. 191].

2005 ж. бастап қазіргі уақытта ескерткіште құрамында ресейлік ғалымдар (РГА ЭАИ), отандық археологтар (ҚР АИ), Қызылорда мемлекеттік университетінің (ҚМУ) қызметкерлері бар «Жанкент археологиялық экспедициясы» (ЖАЭ) кешенді археологиялық жұмыстарын жүргізуде. 2005-2009 жж. зерттеу нәтижелері бірнеше мақалаларда және екі томдық есеп жинағында жарияланды [8, 124 с.; 9, с. 43-51; 10, с. 116-128].

Қазба жұмысы кезінде Жанкент қаласынан табылған заттай деректердің аздығы, IX-X ғғ. мерзімделетін басқа қалалармен салыстырғанда, оның бір мезгілде келген қауіп-қатерден емес, керісінше, тұрғындардың бейбіт түрде көшіп, өздеріне қажетті мүліктерді ала кеткен деп болжауға болады. Ал бұл уақыттың шамамен X ғасырдың 50-60 жж. сәйкес келетінін табылған монеталардағы (саманидтік фельстер) жылдардан көреміз.

Жанкент – Қазалы ауданындағы Өркендеу ауылынан оңтүстікке қарай 1,5 км жерде орналасқан, мықты бекіністі ортағасырлық қала. Қаланың жоспары шығыстан батысқа қарай созылып жатырған «Т» әрпі тәрізді, шығыс бөлігі шығыңқы тіктөртбұрышты болып келеді. Оның аумағы шамамен 15 га, 415х230 м (шығыс бөлігінде – 320 м) (1-сурет, 1; 2-сурет, 2).


Қаланың басты қақпасы шығыс қабырғасының ортасында орналасқан болуы керек, себебі бұл арада қақпа алдында салатын мұнаралардан шығарылған жартылай дөңгелек құрылыс байқалады. Сонымен қатар, қаланың батыс қабырғасының да ортасынан қақпа іздеріне ұқсас «жырық» байқалады.

Қала батыстан шығысқа қарай созылған қабырғаларға параллель жатқан басты көше арқылы екіге бөлінген. Қалашықтың солтүстік-батыс бұрышында көлемі 110х110 м болатын шаршы формалы цитадель орналасқан. Сырт көзге ескерткіштің оңтүстік-шығыс бөлігінің төмен, яғни құрылыссыз, ал солтүстік-шығыс бөлігі биік (тығыз құрылыстар салынған) екені байқалады.


«Батпақты қалалар» мәдениеті. Оғыз кезеңінің «батпақты қалалары» Қазалының оңтүстігінде жатқан жоспары үшбұрышты келген түбекте орналасқан. Арал теңізінің бұл түбегі солтүстігінде Сырдария арнасымен, батысында Арал теңізімен және оңтүстік-шығысында Қуандария өзенінің ежелгі арнасы құятын батпақты, қамысты табандықпен (Бозкөл шатқалы) шектеседі (2-сурет, 1).

Бұл қалалардың ішінде ең ірісі Кескен-күйік қала, содан кейін Жанкент және Күйік қала болып табылады (1-сурет). Барлығы дерлік пішіні төртбұрышты, дуалмен және ормен қоршалған. Әрқайсында ірі көлемді цитадель орналасқан (250х250, 50х50 м) (1-сурет). Атап кететін жайт, Кескен-күйік қала мен Күйік қаланың Жанкентпен мерзімдес (IX-XI ғғ.) археологиялық деректерімен қатар, жетіасар мәдениетіне (б. д. I мыңжылдығының басы мен VIII ғ.) өте жақын VII-IX ғғ. қамтитын деректердің басымдылығы.

Кескен-күйік қала – Жанкент қаласынан батысқа қарай 40 км қашықтықта орналасқан. [11, с. 249-250]. 1946 ж. С. П. Толстовтың жетекшілігімен ХАЭЭ-ның әуеден барлау отряды алғашқы археологиялық барлау жұмыстарын жүргізген. Әуеден фотоға түсіріліп, схематикалық жоспары жасалынған [12, с. 12; 13, с. 632]. 1958 ж. Мәскеулік биолог В. М. Смириннің және 1963 ж. Б. И. Вайнбергтің басқаруымен Кескен-күйік қалада қайта деректер жинақталып, археологиялық барлау қазбасы салынған [6, с. 77].



1



1-сурет. «Батпакты қалалар» жоспарлары. 1 - Жанкент; 2 - Кескен-күйік қала; 3 - Күйік қала.

2006 ж. Ж. Құрманқұловтың басшылығымен Ә. Х. Марғұлан атындағы археология институты, Шірік-рабат археологиялық экспедициясының (ШРАЭ) археологиялық барлау отряды (отряд жетекшісі Ә. Ә. Тәжекеев) археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Ескерткіштің географиялық координаттары анықталып, қаланың үстіңгі қабатынан археологиялық заттар жинап алынды.

Қаланың жоспары шеңбер пішіндес келген (көлемі 500х700), шығыстан батысқа қарай созылып жатқан саз кесектен салынған дуалмен қоршалған. Оның ішінде солтүстік бөлігіне жақын, қала деңгейінен 3 м биік, саз кесектен салынған бөлме құрылыстары бар шаршы пішінді (көлемі 250х250 м) цитаделі орналасқан (1-сурет, 2). Дуалы көлемі 28х28 және 40х40 см аралығында шаршы пішінді саз кесектермен қаланған. Саз кесектердің басым бөлігі Хорезмнің афригид кезеңіне тән 33х33 және 35х35 см көлемді болып келеді.

Кескен-күйік қаланың керамикалық кешенін Л. М. Левина үш топтамаға бөледі: жетіасарлық, жетіасар кешенімен аралас – жетісулық және аз мөлшерде – афригидтік, хорезмдік [6, с. 77, рис. 19-21]. Сонымен қатар, жинақталған басқада деректерге: тастан және шыныдан жасалынған моншақтардың бай коллекциясы, қола сырғалар, сақиналар, белбеу доғалары және т. б. заттар жатады. Аталған деректер бойынша Кескен-күйік қала VII-IX ғғ. мерзімделеді.

Күйік қала – Жанкенттен оңтүстік-батысқа 55 км қашықтықта орналасқан [14, с. 250]. Күйік қалада археологиялық қазба жұмыстары жүргізілмеген, тек 1946 жылы С. П. Толстовтың жетекшілігімен ХАЭЭ топографиялық жоспарын жасап, беткі қабаттан жинақталған деректер бойынша ескерткіштердің мерзімін анықтаған.

Бұл ескерткіште де 2006 ж. Ж. Құрманқұловтың басшылығымен ШРАЭ-ның археологиялық барлау отряды (отряд жетекшісі Ә. Ә. Тәжекеев) археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ескерткіштің географиялық координаттары анықталып, қаланың үстіңгі қабатынан археологиялық заттар жинап алынды.

Қала пішіні төртбұрыш тәріздес, көлемі шамамен 300х150 м. Қаланың солтүстік бөлігінде солтүстік және шығыс қабырғалары 40 м, оңтүстік және батыс қабырғалары 70 м тең цитаделі орналасқан (1-сурет, 3). Қала ені 10-20 м ормен қоршалған. Қаланың беткі қабаты түсі қара топырақпен көмкерілген, бұл қаланың толықтай өртке ұшырағандығының нәтижесі деп болжауға болады. Жалпы бұл қалалардың «Кескен-күйік қала», «Күйік қала» аталу себебі осында жатыр.

Қаланың үстіңгі қабатынан құрылыс іздері байқалады, сонымен қатар керамика сынықтары (қара, сұр, қызыл, қоңыр және ангобталған), қоладан жасалған заттардың сынықтары және моншақтар кездеседі. Археологиялық деректер Кескен-күйік қаладан табылған заттарға ұқсас, яғни қала б. д. I мыңжылдығының аяғында өмір сүрген.

VII ғ. Арал маңы керамикалық кешені тұрғысынан төмендегідей аймақтарға бөлінеді: Оңтүстік Хорезм (солтүстік-шығысындағы мал шаруашылығымен айналысатын өңірмен тығыз байланыста болған афригид мәдениеті), Әмударияның оң жағалаудағы солтүстік Хорезм – Кердер аймағы (кердері мәдениеті), екі ауданға бөлінетін Шығыс Арал маңы: ежелгі Қуандария мен Ескідариялық арналарындағы жетіасар кешені және қазіргі арнаға жақын, Сырдарияның сол жағалауындағы «батпақты қалалар» ауданы. Бұл аймақтар мен аудандардың барлығы тығыз мәдени және этникалық байланыста болған деп айтуға болады.


Сырдарияның төменгі ағысында б. д. I мыңжылдығында тұрақты, өзіндік ерекшелігі бар мәдениет өркендеген. Жетіасар I және II кезеңдерінде (б. д. I мыңжылдықтың жартысы) Ортаңғы Сырдария аудандарындағы мәдениеттерден (Отырар-Қаратау, Қауыншы) басқа көршілес аймақтармен тығыз байланыста болғандығын көреміз. Халық санының көп болуына, өмір сүруге ыңғайлы факторларға байланысты, сол уақытта жергілікті жерді, яғни Сырдарияның төменгі алқабын мекен етіп қалуы мүмкін. Сол уақытта Жетіасар мәдениетінің территориясы барынша ұлғайып, Әмударияның оң жағалауы мен Сырдария өзені арасындағы аудандарды қамтып, жетіасарлық халықтың үлкен бөлігі осы аймақтарға көшеді. Л. М. Левинаның пікірінше, Жетіасар III кезеңінде

(VI-VII ғғ.) Жетіасар шатқалындағы ескерткіштердің басым көпшілігі өмір сүруін тоқтады [15, с. 5-9; 16, с. 3-14].

Үшінші кезеңнің аяғында Жетіасар шатқалы шөлге айналып, жетіасар мәдениеті Сырдарияның төменгі ағысында жойылады. Бірақ, Жетіасар шатқалының солтүстік-батысында, қазіргі Сырдарияның сол жағалауында Сортөбе I, Сортөбе II сияқты қалалар өмір сүруін жалғастырып [17, с. 221; 18, с. 222], Арал теңізінің шығыс маңында Кескен-күйік қала, Күйік қала, Жанкент сияқты, яғни «батпақты қалалар» қалыптаса бастайды.

Сортөбе I, II қалаларына 2007 жылы Ж. Құрманқұловтың басшылығымен ШРАЭ-ның археологиялық барлау отряды (отряд жетекшісі Ә. Ә. Тәжекеев) және «Археолог» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы» (директоры М. Елеуов) жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің археологиялық тобы Сортөбеде болып, оның жобасын сызып, суретке түсіріп, су шайып жатқан құлама жарқабағында тазарту жұмыстарын жүргізіп, судың жағасында, суда жатқан заттарды жинап, олардың суретін салды [19, 5 бет].

Батыс қабырғасы 80 м, оңтүстік қабырғасы 70 м ұзындықта сақталған, биіктігі 2,5-3 м төбенің солтүстік және шығыс қабырғаларын Сырдария өзені толық шайып кеткен. Оның өзен шайып кеткен солтүстік-шығыс бөлігінің оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай ұзындығы 120 м, осы бөлігіндегі мәдени қабатының қалыңдығы 3,5-4 м (2-сурет).



Сортөбенің керамикалық кешені өте бай, онда VII-VIII ғғ. мерзімделетін бүйірі иінді, қабырғасы бүйірінен ернеуіне қарай сыртқа иілген тостағандар (қызыл ангоб) Жетіасар III кезеңімен мерзімделетін ескерткіштерден және Отырар қаласынан табылған [6, 20, с. 91]. Сонымен қатар, Жанкент қазбаларынан табылып жүрген IX-X ғғ. мерзімделетін үстінде батырып салынған сызықты өрнектері бар қақпатар, ернеудің сыртындағы жапсырмаға қатты затпен батырып өрнек салынған ыдыстар және әртүрлі мақсатта пайдаланылған «қошқар бастар» көп кездеседі [21, 119 с.].

Ортағасырлық Сортөбенің Сырдария өзені шайып, бұзылып жатқан тік құлама жарқабағында қысқа мерзімде, шұғыл түрде жүргізілген тазарту жұмыстар барысында қол жеткен заттай деректерге қарағанда, қала VIII-X ғ. басы (не 1-жартысы) аралығында өмір сүрген ескерткіш [19, 27 бет]. Шамасы, қаладағы тіршілік Сырдария өзені арнасының ауысуына байланысты тоқтап, осындағы халық Жанкент бағытында ығысуы мүмкін.

«Батпақты қалалар» маңынан табылған деректер арасында қола дәуіріне жататын керамика фрагменттерінің кездесуі (б. з. д. II – аяғы мен I мыңжылдықтың басы), осы

аймақта халықтың ежелден қоныстанғандығын көрсетеді. С. П. Толстовтың пікірінше, аталған қалалардың өмір сүрген уақытындағы антикалық керамикалардың өрнектерінен қола дәуірінің дәстүрлері байқалады [5, с. 198]. Сонымен қатар, бұл кешенге қаңлы-кушан кезеңінің хорезмдік қызыл түспен жылтыратылған ыдыстар және жетіасарлық жапсырмалы ыдыстар тобы тән.

Қуандария, Ескідария және Сырдария өзендерінің Арал теңізіне құяр маңы, яғни Жанкент қала-жұрты оазисі көне заманнан тұрақты сауда, евразия аудандары көшпенділерінің мәдени және этникалық қарым-қатынас, сонымен қатар, көшпенділер өркениеті мен ортаазиалық отырықшы оазистерін байланыстырған аймағы болған. Осы жерде атақты сауда жолдарымен (әсіресе Ұлы Жібек жолы) бірге, тарихи миграция жолдары және олардың өзіндік тоғысулар іздері жатыр.

Әдебиеттер:

1. Материалы по истории туркмен и Туркмении. - М. – Л., 1938. - Т. I.
2. Лерх П.И. Археологическая поездка в Туркестанский край. - СПб., 1870.
3. Толстов С.П. Города гузов // СЭ. - М., 1947. - № 3.
4. Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации. - М. – Л., 1948.
5. Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. - М., 1962.
6. Левина Л.М. Керамика Нижней и Средней Сырдарьи в I тысячелетии н. э. // ТХЭ. - М., 1971. - Т. VII.
7. Рапопорт Ю. А., Неразик Е.Е., Левина Л.М. В низовьях Окса и Яксарта. Образы древнего Приаралья. - М., 2000.
8. Курманкулов Ж.К., Аржанцева И.А., Зиливинская Э.Д., Рузанов С.А., Сыдыкова Ж.Т. Материалы Джанкентской археологической экспедиции. Археологические работы на городище Джанкент в 2006 г. - Алматы, 2007.
9. Сыдыкова Ж.Т. Археологические памятники Низовьев Сырдарьи (по материалам Хорезмской археолого-этнографической экспедиции). // РА. - М., 2008. - №4.
10. Рузанова С.А., Сыдыкова Ж.Т. Археологические работы на городище Джанкент (Казахстан). // Полевые исследования института этнологии и антропологии 2005. - М., 2007.
11. Тажекеев А.А. Городище Большой Куюк. // Свод памятников истории и культуры РК. Кызылординская область. - Алматы, 2007.
12. Толстов С.П. Хорезмская археолого-этнографическая экспедиция Академии Наук СССР 1945-1948 гг. // ТХЭ. - М., 1952. - Т. I.
13. Вактурская Н.Н., Воробьева М.Г. Хроника работ Хорезмской экспедиции Академии Наук СССР. ТХЭ. - М., 1952. - Т. I.
14. Тажекеев А.А. Городище Малый Куюк. // Свод памятников истории и культуры РК. Кызылординская область. - Алматы, 2007.
15. Левина Л.М. Этнокультурная история Восточного Приаралья (в I тыс. до н. э. – I тыс. н. э.). - М., 1996.
16. Левина Л.М. Этнокультурная история Восточного Приаралья (в I тыс. до н. э. – I тыс. н. э.). ЭО. - М., 1997. - №2.
17. Курманкулов Ж., Тажекеев А.А., Кзылбаев Т. Городище Сортобе I. // Свод памятников истории и культуры РК. Кызылординская область. - Алматы, 2007.
18. Курманкулов Ж., Тажекеев А.А., Кзылбаев Т. Городище Сортобе II. // Свод памятников истории и культуры РК. Кызылординская область. - Алматы, 2007.
19. Елеуов М., Құрманқұлов Ж. Сортобе. Жанкент және Жент. - Түркістан, 2008.
20. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар. - Алма-Ата, 1972.
21. Курманкулов Ж.К., Аржанцева И.А., Зиливинская Э.Д., Рузанова С.А., Сыдыкова Ж.Т. Археологические работы на городище Джанкент в 2006 г. - Алматы, 2007.

Резюме

В статье рассматриваются археологические памятники окрестностей городища Джанкент. Отмечается роль населения джанкентского оазиса в этногенезе народов Приаральского региона.

Summary

The given article deals with the archaeological monuments of neighbourhood ancient settlement of Zhankent. The role of Zhankent oasis population is marked in ethnogenesis of Aral region people.

УДК 395 (574)

ТРАНСФОРМАЦИЯ ТРАДИЦИОННОГО ЭТИКЕТА КАЗАХОВ

Мейрманова Г.А. (КГУ имени Коркыт Ата)

Традиционный этикет казахов до настоящего времени не являлся предметом специального исследования, хотя фрагментарные упоминания о различных этикетных нормах и описания некоторых стандартов поведения имеются во многих этнографических трудах, посвященных традиционной казахской культуре. Поэтому комплексное изучение различных сторон этикета казахов, выявление его традиционных специфических черт, как общеказахских, так и региональных, анализ их трансформации в современных условиях в различных районах проживания казахов является **актуальной научной задачей**.

Выделение норм традиционной культуры поведения в тему отдельной работы не только дает возможность раскрыть целый ряд таких сторон духовной культуры, общественного быта, которые нередко выпадают из поля зрения этнографа, но и в новом свете увидеть уже достаточно хорошо изученные явления, включив их в систему нравственно-этических представлений и этикета.

Рассматривая современную этическую культуру казахов, можно говорить о том, что в ней присутствуют как новые, так и традиционные черты. В результате процессов модернизации традиционная культура казахов, в том числе и исследованный нами этикет, начала трансформироваться в направлении унификации и упрощения. Современные региональные различия в их культуре общения обусловлены именно этими процессами. Наиболее полно традиционный этикет соблюдается *казахами Монголии* [1], сохранившими даже некоторые архаичные формы этикетных норм (например, приветственные формулы). Нормы традиционного этикета продолжают определять поведение казахов, особенно старших поколений, в сельской местности Казахстана. Культура общения *казахов проживающих в России* и казахов-горожан в Казахстане все более теряет традиционные черты и приближается к европейским стандартам.

В этой статье мы в кратце рассмотрели конкретные этикетные нормы, существующие у казахов в ситуациях приветствий и прощаний, при приеме гостей, во внутрисемейных отношениях. Анализ этих норм показывает, что во всех из них проявляются общие черты, на которых основана вся культура общения казахов, и которые можно назвать основными принципами казахского этикета. Это принципы толерантности, уважения старших и половой дифференциации. Одной из основных черт традиционной казахской культуры являлось ***почтительное отношение к старшему человеку*** [2, с.158]. Принцип старшинства характерен для традиционных обществ, в которых придается большое значение генеалогии. В традиционной казахской культуре «старшинство» имело значительно более широкую трактовку, чем просто «старший по возрасту». Помимо возраста, оно зависело от статуса родоплеменной группы, к которой принадлежал человек, его социального положения, пола, родственных связей, от занимаемого положения в семье. В современном казахском обществе сословное «старшинство» перенесено на людей, занимающих видные должности. Сегодня «принцип старшинства» соблюдается, иногда в видоизмененной форме, во всех этикетных ситуациях: при приветствиях, застольях, внутрисемейных отношениях.

В традиционном казахском этикете были закреплены *особенности мужского и женского поведения (гендерная дифференциация)*. Для традиционного общества характерна половая дифференциация, которая отражалась и в нормах общения. Этикетным поведением подчеркивалось не только доминирование мужчины, но и гендерная дифференциация. Жилище у казахов, как и у других народов, разделялось на мужскую и женскую половины; вещи, орудия труда противоположенного пола очень часто этикетно табуировались. Различались мужские и женские этикетные словесные формулировки, например, приветствия[3, с.106].

В настоящее время традиционные этикетные нормы, подчеркивающие главенство мужчины, все более заменяются европеизированными нормами этикета. Все более утрачивается этикет, демонстрирующий гендерную дифференциацию, не связанную с отношениями доминирования/подчинения. В сельских, а, тем более, городских домах уже нет деления на женскую и мужскую половины, табуирование вещей противоположного пола; постепенно размывается разница между мужскими и женскими формулами приветствий.

Один из важных принципов общения у казахов – *принцип толерантности*, терпимости по отношению к другим. Важным знаком толерантности гостя и его уважения к хозяевам считалось принятие пищи в доме, куда он зашел. Если же он не принимал угощения, это воспринималось как выражение неприязни. Проявлением толерантности считались взаимные приглашения в гости[4, с.108]. Отказ свидетельствовал о крайней степени неуважения. Терпение по отношению к гостю сохранилось и по сей день. На сколько времени бы не приехал гость, хозяева должны оказывать ему все почести, которые он заслуживает. Своеобразным проявлением толерантности является и обычай избегания в семье. Родители мужа никогда не будут напрямую делать замечания своей невестке, они скорее обратятся с критикой к своей дочери в присутствии невестки, и последняя должна будет понять, что на самом деле замечания относятся к ней[5, с.19-20]. Эта норма сейчас сохраняется в традиционных семьях и в основном в сельской местности.

Материалы, собранные и проанализированные в данной работе, позволяют сделать вывод, что к концу прошлого столетия сформировалась более или менее устойчивая модель культуры общения у казахов. Её характерной чертой является сочетание элементов современной (урбанизированной, европейской) и традиционной (архаичной, восточной) культур.

Основные принципы традиционного казахского этикета, несмотря на его трансформацию, сохранились в современных нормах общения (хотя и размываются или становятся менее четкими, в зависимости от среды – городской, сельской, и района – южных областей, Монголии или севера). Сохранился принцип почитания старших. Однако он видоизменился: уже нет разветвленной иерархии старшинства, которая наблюдалась в традиционном обществе. Видимо, со все большей демократизацией внутрисемейных и общественных отношений принцип старшинства сведется к уважительному отношению к пожилым людям.

Сохраняется принцип толерантности как имеющий общечеловеческую ценность. Он принимает менее формализованные формы, выражается не столько в конкретных этикетных нормах, сколько в самом духе, атмосфере общения. Наибольшим изменениям подвергся принцип гендерной дифференциации, что связано со все большим утверждением равноправия женщин[6, с. 18].

Сегодня в современном казахском обществе существует большой интерес к традиционному этикету, наметилась тенденция к возрождению некоторых этикетных норм. Это, несомненно, связано с подъемом национального самосознания казахов после обретения Казахстаном независимости и стремлением к изучению ими своей традиционной культуры.

Литература:

1. Комплексная этнографическая экспедиция в Западную Монголию – 2008г. Рук эксп. С.Е. Ажгали, зав.сектором этнологии Института истории и этнологии МОН РК

2. Мейрманова Г.А. Особенности казахского этикета: принцип старшинства. // Перекрестки истории. Актуальные проблемы исторической науки. - Астрахань, 2008.
3. Мейрманова Г.А. Культура общения у казахов: этикет приветствия и прощания. // Этнографическое обозрение. - 2007. - №6.
4. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Юридический быт. - Ташкент, 1889. -Т.1.
5. Максимов А.Н. Ограничение отношений между одним из супругов и родственниками другого // Этнографическое обозрение. 1908. -№ 1-2.
6. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы (Казахская семья). - Алматы, 1996.

Түйіндеме

Бұл мақалада қазақ этикетінің негізгі принциптері жан жақты қарастырылған. Бұрынғы кезбен салыстыра отырып, бүгінгі күндегі қазақ әдебінің өзгеріске ұшырауына баса назар аударылған. Қазақстанда тұратын қазақтарды екі топқа бөліп қарастыруға болатыны: бірі дәстүрлі әдепті жақсы ұстанатындар, екіншісі орыстанған немесе еуропаланған қалада тұратын қазақтар екені көрсетілген.

Summary

The article touches upon the major principles of the Kazakh etiquette characterized by a complex interlacing more and less co-existing traditions and notations. Here a co- ratio of these constituents depends on social groups they refer to. There are two groups of the Kazakh by a level of traditions in the modern Kazakhstan. Kept the in traditions well, keeping traditional rules of behavior and the Kazakhs who are closer to Russians, mastered a municipal culture, up to date Europe rules close to the European ones.

ӨОЖ 347.97 (574)

ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСКЕН АЛАШ АЗАМАТЫ – М.ШОҚАЙ

Мұсабаева А.Н. (Қорқыт Ата атындағы ҚМУ)

Әлемге аты мәлім қоғам қайраткері, саясаткер, ақиқат жолына бас тіккен, азаттық үшін тағдырдың азабы мен мазағын қатыспай көтерген, әділеттен басқа досы жоқ, адалдықтан басқа жолы жоқ Мұстафа Шоқайдың біртұтас Түркістан мемлекетін құрудағы қызметі, қайғысы, қасіреті, мақсат – мүддесі кешегі кеңес үкіметі кезінде құлып астындағы құпия болды. Күллі түрік миллетінің туыстық бірлігін сақтап, Түркістан автономиясын құру тұрғысындағы М.Шоқайдың жанкешті қызметін кеңес идеологтары жаулық әрекет сипатында көрсетті [1]. Мұстафаның інісі Нұртаза мен туысы Мырзеке Қалымбетұлы «халық жауымен» хандық қатысы болғаны үшін атылды [2]. Қалғандары қуғын-сүргінге түсті. Ал мемлекеттік тапсырыс бойынша отставкаға ҰҚК қызметкері Ж.Шәкібаев «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты кітап жазып, М.Шоқайдың қоғам алдындағы жұмысын жоққа шығаруға тырысты. Ал Мұстафаның кінәсы - өз ұлтына деген шексіз сүйіспеншілігі еді. Айыбы – атамекенге, ана сүтіне адалдығы. М.Шоқай өле-өлгенше осы бағытынан айныған жоқ. Уақыттан асқан кемеңгер бар ма, қазақ зиялылары жан алып, жан беріскен ел егемендігі тарихи мерзімі жеткен күні өз аяғымен келді. М. Шоқайдың бүкіл өмірінің мәні мен мағынасы, арманы осы егемендік, өлмес рух елімен қайта табысты. Заман озады, өмірден тозбайтын ештеңе жоқ. Зат та, жер мен көк те, адамның аты да ескіреді. Бірақ, қараңғылық қойнауында жанған шамшырақтай Мұстафа есімі жыл өткен сайын жарқырай түсуде.

Мұстафаның 1886 жылы 7 қаңтарда Сыр бойында Сұлутөбе секілді ауылда, кірпіштен салған қазақы үйде дүниеге келіп, саясаттың биік тұғырына көтерілуі көбіміз үшін таңғаларлық жағдай. Бала күнінен киіз қазақтың тәрбиесін алады [2]. Осылайша он төртке

толара-толмас жасөспірім бейшараның көзіндегі жасты сүртіп, әділеттің ауылын нұсқауға жарап қалады. Ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздіктерді танып біле бастайды. Түркістан халқының қамында бір қасиет пен кесапатты өмірге тоқиды. Өмірден осы кезде алған екінші сабағы – орыс өктемдігі.

Ташкенттегі орыс ұлты мен жергілікті халық арасындағы әлеуметтік теңсіздікті, келіспеушілікті көзімен көрді. Ұлтжандылық сезімін оянуына алдымен орыс шовинизмі ықпал етті. Алғашында орыс алпауыттары мен патшаның Ресейдің отаршылық саясатына саналы түрде қарсы шыққан, интеллект түрінде қорғанды. Ауыл қазағының арыз-шағымын жазып, дауына араласу гимназиядағы сабағына көп кедергісін келтірді. Ауыл баласы әлеуметтік мәселемен генерал Самсонов алдына бірнеше мәрте барды. Ол барған сайын орыс озбырлығын Самсоновтың көзіне шығып көрсеткісі келеді. Алайда Самсоновтың жан дүниесі адалдық ауылынан алыс жатыр еді [1].

Ғалым Ә.Тәкенов пен М.Қойгелдиев жазғандай «Генерал іске тыңғылықты, орысша сауатты қазақ жігітін өз кеңесіне тілмаш етіп алмақшы болады». Бұл мәселенің бір қыры. Екіншісі – тіпті тереңде. Орыс өкілдері отарлау мен саясат ісінде өте тәжірибелі, жергілікті халық өкілдерінен шыққан талантты нөкталаудың сырт көз аңдамайтын нәзік жолдарын біледі. Тілмаштық Мұстафаға қимастық берген қызмет емес, дарынды жастың келешегін кесу еді. Себебі, ел арасындағы тілмаштар қоғамдық теңсіздікке араша түспей, ақша-пара жолымен азғындап, адамдық қасиеттерінен айырылып жатқанын сол кезде өмірдің өзі көрсетті. Сондықтан, Самсонов бұрқылдып шыққан қайнардың көзін көміп тастағысы келді. Өзара қырқысып жатқан орыс чиновниктері осы мәселеде бірауызды болатын. Генерал Самсонов сезімтал кісі екен, ол Мұстафаның келешегінен орыс отаршылдарына келер бір залалды сезді. Мұстафа Шоқайұлы Петербургке барып, оқуын жалғастырғысы келетінін айтып, - Заң факультетін қалаймын, - дегенде ішін тартып қалды. Петербургтегі заң университеті қазақтың баласы түгілі, орыстың қолына түспейтін оқу.² Орыс отаршылары сауатысыз халыққа әділетті көрінуге ынталы, саналы, талантты қазақтың адамына аша таяқ қояды. «Тілмаш боласың ба?» - деп қамқорсыған Самсонов ақыры айтқаны болмағасын М.Шоқайға гимназиядан тиесілі алтын медалды, Зопрометов есімді орыс балаға бергізіп, бұған күміс медаль бермекші болады. Әділет жеңеді, адал азаматтар қолдауымен алтын медалын алған М.Шоқай орыс генералы қойған тосқауылмен өзі бетпе-бет кездеседі. Демек, Ташкенттің тұтқасын ұстап отырған генерал Самсоновтың Түркістан халықтарына деген пиғылы таза емес. Ал генерал орыс патшалығының өкілі. Бұдан Түркістанға Ресей жүргізіп отырған саясаттың күнгейі мен көлеңкесін бірдей аңғаруға болатын еді.

М.Шоқайдың Петербург университетінің заң факультетіне түсуі сол кез үшін үлкен дәреже. Бұған Орынбор генералы – губернаторы Перовскийдің ұсыныс хаты көмек болады. Бәрі бір реакцияшыл көзқарастағы губернатор ішкі саясаттағы ерекшеліктерді есепке алды. Әділет үшін айту керек орыс мемлекетінің билеуші топтары Түркістан тұрғысындағы отарлық саясат жүргізсе де, Петербургтың ғылым төңірегіндегі зиялы қауымы таланттарды бағалай білді.

М.Шоқай университетті 1917 жылы ақпан төңкерісіне бұрын бітірді. Зеректілігі арқылы универсиет қабырғасынан 7 тілді меңгеріп шықты. Оның ішінде қазақ, орыс, түрік, ағылшын, француз, неміс және поляк тілдері бар еді. Мұндай жетістік М.Шоқайдың мәдени көкжиегін кеңейте түскені мәлім. Ал, өмір тәжірибесінен, ұлтаралық саясаттың аса салмағын 1914 жылы думада Мұсылман фракциясына хатшы бола жүріп үйренді. Фракция Дума депутаты Әлихан Бөкейхановтың ұсынысымен келіп, А.Байтұрсынов, Ш.Кәрі секілді қазақ зиялыларымен жақын танысады. Мұндағы қызметі де өз жерлестерін отаршылардың зорлық-зомбылығынан қорғау болады. Жазықсызды жаладан сақтау, әлсізді қорғау Мұстафаның мақсатына айналады [1].

Ресей патшалығының көзге көрініп тұрған бір зорлығы – қоныс аударған орыстарға көшпелі қазақтың жайылымы мен қыстауларын күшпен тартып алып бергені. Мұстафа мәселені сенатқа дейін апаратын. «Бастықтың пиғылы түзу болмаса, заңнан қайран жоқ» деп Бисмарк айтқандай, орыс мемлекетінің отарлау саясатына қарсы тұратын күш жоқ еді. Халық орыс патшасынан осы кезде күдер үзеді. кейін Марияға жазған хатында бала кезін еске алып: «Теміржол біздің ауылдан біраз қашық болатын. Жол басы телеграф бағаналары мен жарысатынбыз. Үлкендер бізге осы сымдар арқылы орыс патшасы Николай тұратын қаламен сөйлесуге болатынын әңгіме қылып айтатын. Бар қолымыздан келетіні – бағаналарды қамшыларымызбен осып-осып жіберіп, патшаны сөгу ғана еді», - деп бала кездегі түйсігінің кейіннен расқа шыққанына таңданады. 1917 жылы университет бітіріп, кейбір тарихшылар «Ақпан төңкерісін қуаттап, ол еліне бостандық алып келеді деп түсінді. Эсерлер партиясына мүше болды» - деп жазғандай, Мұстафа Шоқай ұлттық саяси өмірдің тоқсан тарау айрығында тұр еді. эсерлер партиясына мүше болғаны, болмағаны мұрағаттық деректер арқылы әлі ашылады. Бірақ патшалық Ресейдің аз санды ұлттарға қатысты саясатына М.Шоқай үзілді кесілді қарсы болды [2].

Тарихшы-ғалымдар М. Қойгелдиев пен А. Нүсіпханнның «М.Шоқай және Түркістан» мақаласында: «1916 жылы Түркістандағы ұлт азаттық қозғалысты аяусыз басып жаншыған кезде демократиялық топтар үкіметке қарсы оппозиция құрып талқылады. Осы мәселе бойынша ресми баяндама дайындау үшін Түркістанға арнайы сапармен келген депутат эсер А.Ф. Керенский және фракция жетекшісі К.М.Тевкеловпен бірге мұсылман фракциясының хатшысы М.Шоқай да болады» - деп жазады.

Бұл М.Шоқайдың өз ұлтына араша түсудің бірден-бір жолы – түрлі партия, уақытша үкімет және эсер жұмысшы солдат кеңесімен түсінісу керек болады. Осының бәрі Орта Азияда өз тағдырын өзі шешетін Түркістан автономиясын құру мақсатында жасалған еді.

Құрылтайшылары Түркістан автономиясы деп, оған Сырдария, Ферғана, Самарқан уәлиаты толығымен қатысса да, орыс большевиктер кемсітіп, «Қоқан автономиясы» деп атаған аз күндік жаңа құрылым М. Шоқай идеясының түпкі мақсаты болатын.

М.Шоқай Түркістан жамиятының келешек өз тағдырын өзі анықтайтын жеке мемлекет болуын мақсат етіп қойды. Осы мақсатта ептеп уақытша үкіметтің аз айлық билігін пайдаланып қалғысы келді. Бірақ «ұлттың өзін-өзі билеу мүмкіндігін береміз» деген бірде бір орыс демократтарына сенген жоқ. «Олар үкімет басына келген соң сөзсіз айнып» кетеді деген пікірін сөз арасында түсіндірумен болды. Сондықтан Ресейден енші алуды қызбалыққа, үстірттікке, асығыстыққа ұрынбай жан жақты ойластырылған саясат жүргізу керек еді. Ресейдің «демократ» билеушілері іш тартып алмас үшін М. Шоқай «ұлттардың өз өзін билеуін», Ресеймен шекаралық, қаржылық және сыртқы саясатта бірлігін жоққа шығармайтынын дәлелдеп береді [1].

«Қоқан автономиясының» келешегіне М.Шоқай күмәнсіз сенді ме, күмәні болды ма, бірақ ол адам қолынан жасау мүмкін емес тарихи төтенше оқиғалардан үміттенеді. Адамды үміт жетелейді, үміт апатқа да соқтырады. Соның бәріне Мұстафа бастаған ұлтжанды азаматар басы қиып еді.

М.Шоқай Түркістан халқы арасындағы қоғамдық белсенділіктің, сауатың, ұйымшылдықтың, рулық жіктелетін қандай деңгейде екенін жақсы білді. Жаңа автономияда сот жүйесін қазылар алқасы, немесе шариғат жолымен жүзеге асыруды ұсынған кезде «руластық тамыр белен алып кетеді» деп бірден қарсы болған [2]. Мұстафа түркі тектес халықтың психологиялық дәстүрлі ерекшелігін жақсы білетін. Сондықтан жалпы мемлекеттік сот құруын ұсынды.

Қоқан автономиясының 1918 жылдың қаңтарында құлауына себеп көп. Жергілікті халықтан кең көлемде қолдау таппады. Уақытша үкіметпен сенімді байланыс жоқ. Ел ішінен іріткі салатын алуан түрлі қоғамдық қозғалыс өріс алды. Ең бастысы Петербургтен бастау алып, Ташкенде өрістеген жұмысшы-солдат депутаттарының үкіметі, Қоқан

автономиясын Түркістан өңірінде қауіпті аймақтың бірі деп санап, көзін жаймаққа жанталаса кірісті. Ақыры, Қоқан автономиясы қанды қырғынға ұшырады. Соның салдарынан елде басшылық қозғалыс өріс алды. М. Шоқай сол күндер жайлы тарығып жазған бір мақаласында: «...Қоқан ұлттық үкіметінің большевиктерге қарсы күресі кезінде, яғни 1918 жылғы ақпанда, осыдан бір жыл бұрын Ақмешітте 1917 жылдағы мамыр айында орыс жұмысшы солдаттары қолына өліп кетсемші деп өкінгенім бар» деп жазады.

Мақала көлеміне М. Шоқайдың тарих бетіне таңбалы із болып қалған барлық қызметін түгелдеп беру мүмкін емес. 1918 жылы Грузияда одан Түркияда кейін Париж бен Берлинге ұласқан қоғам қайраткерінің өмір жолы бүгінгі ұрпақ үшін өнегелі жол.

М. Шоқайға коммунистік қоғам идеологтарының күллі Түркістанға жасап отырған зорлық-зомбылығы, қарапайым алаңда берген ақыреті оның өмірінің қайғысы, мұңы болды. Орыс демократтарына үміт артуы да үзілді кесілді тоқтады. Тіпті, сенімді деген Сұлтанбек Қожановтан «Қоқан автономиясының» мүшелеріне Кеңес үкіметі кешірім береді деген хабар тигенде де компартия басшыларына екіжүзділік саясатын күні ілгері біліп, елге оралмады. Грузияда «Вольный Горец», «Борьба», «На рубеже», Стамбулда «Жаңа Түркістан» кейіннен «Жас Түркістан» газет-журналдары арқылы күллі өмірін азаттық үшін күреске жұмсады. Ал, 1920 жылы Варшавада Сталиндік режимге қарсы Кеңес одағының қудалауына түскен ұлт зиялылары «Прометей» ұйымын құрған болатын. Ал, Варшавадағы шығыстану институты 1929 жылы «Кеңес одағының ішкі және сыртқы саясаты туралы» ғылыми теориялық конференция ұйымдастырды [1]. «Сталин социализмі – тонаушылықты қамтамасыз ететін саяси жүйе» деген 1937 жылы жазған мақаласында Кеңес үкіметінің өз халқына жасаған тонаушылық саясатына экономикалық тұрғыдан талдау жасайды [2]. Осылайша М. Шоқай Кеңес үкіметінің шетелдегі басты дұшпанына айналады. Білімі – терең, ақылы асқан қазақ перзенті түрік жамиятының бірлігі мен коммунистік қоғамның халыққа тигізер ықпалы жөнінде ондаған мақала жазды. Мақала дерегі талдау мен таразылаудан тұрды. 1936 жылы КСРО конституциясындағы логикалық қайшылықтарды дәлме-дәл түсіндірді. Белсенді, саналы, ынталы азаматары ғана коммунистік ұйымдарға біріге алады» деген конституция бабын сөзбе-сөз жүйелей келе, «Компартияға кірмеген адамдар белсенді, ынталы және саналы болып саналмайды деген сөз. Ал КСРО-да коммунист емес адамдар халықтың 98 %» деп жазады. Сондай-ақ жеке адамның тарихтағы рөлін жоққа шығаратын марксизм идеяларын, Сталиннің жеке басқа табынушылығын атап көрсетіп береді [1].

М. Шоқайдың өмір жолы өнегеге толы болды. Бүкіл түркі әлемінің тарихи тұлғасына айналған М. Шоқай 20 ғасыр кезеңінде адамзат баласының айтулы перзенті болды. Оның бойында біз біліп үлгірмеген, тарихымен таныспаған талай рухани қазыналар жатыр. Ол Түркістан халқын орыс диктатурасынан қорғауға күш салды, бірақ озық және адал ойлы славян халқының өкілдері Я. Газовский, И. Пильсудский, В. Чайкин, В. Наливкинге деген құрметі ерекше еді. Өмірлік досы Мария Яковқызы да орыс ұлтынан болатын [2].

М. Шоқай осынау таза табиғи қалпымен, көптің көзі жетпейтін шың басындағы шынар секілді еді. Тамырын тасқа жайған шынар жалғыз өседі, жүзін күн сүйіп, жапырағын жел тарайды. Діні қатты болады. Шындағы шынар секілді М. Шоқай да жиырмасыншы ғасырдан өтіп, асыл ой, азаматтық қалпымен жиырма бірінші ғасырға келді.

Әдебиеттер:

1. Сүлейменов П. Мұстафа Шоқай: көзқарас эволюциясы. // Ақиқат. - 1997. - №11.
2. Оқтай А. Мұстафа Шоқай және түркішілдік. // Түркістан. - 1997. – 26 наурыз.
3. Садықова Б. Түркістан легионы мен Мұстафа Шоқай феномені. // Дипломатия жаршысы. - 1998. - №4.
4. Нүсіпхан А. Мұстафа Шоқай. - А., 1998. - 57-67 бб.

5. Мұстафа Ш. Отаршылардың мәдени қаруы. // Жас түркістан. - 2001. - №1.
6. Серғазинов Б.М. Шоқай еңбектерінде кеңес өкіметі саясатының бағалануы.//Абай.-2001.- №2.
7. Арғынбаев Ә. М.Шоқайұлының Түркістанның біртұтастығы идеясы. // Қазақ тарихы. - 1997. - №2.
8. Шамшатұлы И. Отаршылдық озбырлығы. // Парасат. - 1995. - №4.
9. Әзіретбергенова Ә. Алаш партиясы және М.Шоқай. // А.Ясауи атындағы ХҚТУ хабаршысы. - 1999. - №3.

Резюме

В статье освещены этапы жизни и деятельности выдающейся личности казахского народа - Мустафы Шокая, его вклад в борьбу за достижение независимости и свободы тюркских народов.

Summary

In this article is written about the historical information of M.Shokay, his thoughts about the independence of the people and social activity of the people of Turkestan and the party Alash.

УДК 316.26 (309)

КОНФЛИКТЫ НА СТЫКЕ ЦИВИЛИЗАЦИЙ В НАЧАЛЕ ХХІ ВЕКА

Сахиев С.Е. (КГУ им. Коркыт Ата)

ХХІ век начался с одного из самых грозных событий в истории человечества - крупнейшего террористического акта, кардинально изменившего представление о природе международной безопасности. Именно печальные события, произошедшие в США в сентябре 2001 г., дали понять о серьезнейшей модернизации средств, методов и природы новых транснациональных акторов – террористических сетей. Стало окончательно ясно, что безопасность – глобальная, региональная, национальная, общественная и индивидуальная - сильно зависит от отдельно взятой личности (террорист-камикадзе) или группы лиц. Тем самым вновь привлекла к себе повышенное внимание проблема соотношения национального (государственного) и международного уровней безопасности, а также адекватного восприятия существующих для них угроз.

В обыденном сознании безопасность традиционно ассоциируется, прежде всего, с представлением о здоровье, материальном достатке и защищенности человека от неблагоприятных природных воздействий, социального и политического насилия. Кроме того, специалисты выделяют такие аспекты человеческой безопасности как экономический, социальный и этнокультурный. Но этим первичным, *индивидуально-личностным*, уровнем представление о безопасности не исчерпывается. Феномен безопасности традиционно изучается, прежде всего, в контексте деятельности социально-политических единиц, как правило, представленных государственными образованиями, их взаимодействия на международной арене.

На сегодняшний день безопасность является одним из наиболее актуальных и востребованных понятий, занимающих особое место в современной социально-политической теории и практике. Наряду с государственными деятелями и военными стратегами, на освещение и прогнозирование проблем безопасности стали претендовать экономисты, международники, социологи, правоведы, экологи, медики, программисты,

культурологи, представители духовенства, СМИ и др. Во многом широкий охват этого явления делает сложным процесс его определения.

Различные международно-политологические школы относят вопросы безопасности в разряд важнейших аспектов политического процесса. При этом каждая из этих школ исходит из собственной интерпретации природы государственно-политической власти и международных отношений.

В последнее время мир стал свидетелем обострения межэтнических или, скорее, межкультурных конфликтов между Западом и исламом. В столицах некоторых государств толпы разъяренных верующих громили посольства тех западных стран, в которых были напечатаны карикатуры на пророка Мухаммеда. Двумя месяцами раньше в пригородах крупных городов Франции, населенных выходцами из мусульманских стран, происходили массовые беспорядки. Французским силам правопорядка потребовалось около трех недель времени и привлечение значительных отрядов полиции, чтобы справиться с этими беспорядками.

Концепция «столкновения цивилизаций» относится к числу наиболее популярных в современной политологии. Она опубликована в 1993 году и обосновывает «модель грядущего конфликта» мировой политики, вступившей в новую фазу однополюсного мира, в котором доминирующую роль играет Запад, прежде всего США. По мнению Хантингтона, в нарождающемся мире основным источником конфликтов будут не идеология и не экономика, как это было в период холодной войны. Важнейшие границы, разделяющие человечество, и преобладающие источники конфликтов будут определяться в однополюсном мире культурой. С точки зрения Хантингтона, нация-государство останется главным действующим лицом в международных делах, но наиболее значимые конфликты глобальной политики будут разворачиваться между нациями и группами, принадлежащими к разным цивилизациям. Отсюда следует фундаментальный вывод американского политолога о том, что столкновение цивилизаций станет доминирующим фактором мировой политики, а линии разлома между цивилизациями – это и есть линии будущих фронтов.

Конфликт цивилизаций – это мегакультурный аксиологический конфликт современности, переводящий межкультурные противостояния в мировоззренческую, идейную плоскость. В данном конфликте цивилизация выступает как кристаллизованная культура, как совокупность прошедших историческую селекцию фундаментальных жизнеопределяющих идей, принципов и идеалов, того императивного идентификационного нарратива, с которым должен соотносить себя каждый цивилизационный субъект.

Предпосылкой конфликта цивилизаций в современном мире является глобализация как объективный процесс, снимающий барьеры и перегородки между культурно-цивилизационными системами и обеспечивающий резкую интенсификацию межкультурных контактов. Однако сами по себе подобные контакты не предполагают конфликтного взаимодействия как неизбежности.

В новом, нарождающемся после распада СССР мире, считает С. Хантингтон, основным источником конфликтов будет культура, а не идеология и экономика. "Нация-государство останется главным действующим лицом в международных делах, но наиболее значимые конфликты глобальной политики будут разворачиваться между нациями и группами, принадлежащими к разным цивилизациям. Столкновение цивилизаций станет доминирующим фактором мировой политики. Линии разлома между цивилизациями - это и есть линии будущих фронтов. Грядущий конфликт между цивилизациями - завершающая фаза эволюции глобальных конфликтов в современном мире". Если конфликты XVII-XX вв., включая обе мировые и холодную войны, "были главным образом конфликтами западной цивилизации", то "с окончанием холодной войны

подходит к концу и западная фаза развития международной политики. В центр выдвигается взаимодействие между Западом и незападными цивилизациями".

У идеи "столкновения цивилизаций" и особенно у восприятия ее массовым сознанием есть также крайне существенный психологический фон, образуемый переплетением осознаваемого и неосознаваемого, исторического и бытового. В памяти людей живы ужасы религиозных войн, крестовых походов, агрессий, набегов, этноконфессионального и социального геноцида. Телевидение почти еженедельно напоминает о кошмарах межплеменной резни в Африке или приносит сообщения о новых таких конфликтах. Многие из современников испытали их на себе. Этот опыт намертво закрепился в исторической памяти народов и оживает, порождая запредельные страхи и подозрения, всякий раз, когда какие-либо современные противоречия, проблемы, конфликты обретают или только грозят обрести межэтнические, религиозные, межрасовые формы. Если известные нам межэтнические конфликты вызвали к жизни чудовищные зверства, истребление целых народов, чем же могут, по аналогии, обернуться конфликты межкультурные?! Эти генетические страхи нельзя игнорировать, и потому вопрос о принципиальной возможности межкультурных столкновений в прямом смысле этого слова, то есть конфликтов и войн, заслуживает самого серьезного анализа.

В мировой науке нет общепризнанного определения категории "цивилизация". Некоторые авторы, в том числе и С. Хантингтон, пользуются им как синонимом понятия "культура". Другие исходят из различия понятий, подчеркивая, что культура (как совокупность ее материальных и духовных компонентов и практических навыков людей) существует везде и всегда, но далеко не каждая культура рождает на своей основе цивилизацию. Не вдаваясь сейчас в эту давнюю и незавершенную полемику, отметим еще одно интересное различие между двумя явлениями: культуры, развиваясь, переходят друг в друга, погибая лишь при исключительных поворотах судьбы; цивилизации в конечном счете гибнут всегда, что вовсе не тождественно физической гибели соответствующих народа или культуры.

Преднамеренное же столкновение цивилизаций требует наличия ряда предпосылок и условий. Первое и главное условие способности большой (тем паче очень большой) социальной группы, в том числе и цивилизации, действовать политически и практически как единое целое - наличие у нее оформившейся, достаточно завершенной, развитой самоидентификации (идентификационной целостности). Иными словами, цивилизация должна сама считать себя таковой, осознавать себя в этом качестве и сообразно своему самосознанию выстраивать цели, приоритеты, стратегию своей деятельности. Только при этом условии цивилизация сможет выступать по отношению к собственному населению как мотивирующая и мобилизующая сила, а не просто как совокупность некоего количества субъектов-носителей определенных культурных признаков.

Даже если организационно-политическое оформление цивилизаций станет свершившимся фактом, возникла бы следующая, более трудная проблема территориального аспекта межкультурных конфликтов и столкновений. Аспект этот связан с тем, какие формы примут такие столкновения. При доминировании эволюционных форм территориальный аспект проявится главным образом в:

- миграциях и изменениях этноконфессиональной структуры населения в районах наиболее значительных эми- и иммиграции;
- большем или меньшем перераспределении, национальных и мировых рынков определенных товаров и услуг;
- аналогичном перераспределении, но в сферах теневой экономики и организованной преступности; и, как следствие этого,

- изменении средств и методов неформального контроля над этноконфессиональными общинами там, где такой контроль имеет место и играет заметную роль в жизни социума.

В любом случае, межцивилизационные трения и столкновения при эволюционных их формах будут проявляться скорее всего во внутренней социальной напряженности, актах протекционизма и т.п., нежели в области собственно международных отношений.

В современной конфликтологии особое внимание уделяется управлению конфликтным поведением, что предполагает учет культурных и психологических особенностей народов. Выделение этноса и более широкой общности происходит, прежде всего, на основе культурной самоидентификации по отношению к другим общностям. Соответственно, и поведение людей определяется культурно-цивилизационной и национальной, этнической принадлежностью. Механическое перенесение технологий информационно-психологического воздействия из одной культурно-цивилизационной среды в другую без учета ее особенностей чревато эскалацией конфликта (15, с. 184–185). Ярким примером подобных последствий может служить «карикатурный скандал», разразившийся в 2006 г. и охвативший Данию, Францию и другие европейские страны. Информационно-психологическая акция, связанная с публикацией карикатур на пророка Мухаммеда, вызвала не просто скандал, но культурно-цивилизационную конфронтацию между представителями исламской и европейской цивилизаций. Чтобы погасить конфликт, потребовались серьезные усилия политических и религиозных деятелей.

Международная деятельность по урегулированию внешнеполитических конфликтов в настоящее время переживает системный кризис, требующий не только поиска новых подходов и способов воздействия на конфликтные ситуации, но и формирования новых парадигм управления политическими конфликтами. Как отмечает известный ученый-международник А. Торкунов, сегодня необходимо обновить методологию общественно-научных исследований, создать «новую методологическую парадигму», в которой достойное место должны занять социальная психология и «управление процессами восприятия человеком жизненной реальности, управление рефлексией» (19, с. 149-150). В этих условиях многократно повышается значимость информационно-психологических технологий в управлении конфликтами как реальной альтернативы силовым методам «принуждения к миру» и «гуманитарным интервенциям». Несмотря на завершение эпохи глобального противостояния, общее количество политических конфликтов в мире продолжает нарастать. Возникают новые формы конфликтов, мало подверженные стабилизирующему воздействию традиционных инструментов политического регулирования. Как справедливо отмечает М. Лебедева, «современные конфликты стали одним из ведущих факторов нестабильности в мире. Будучи плохо управляемыми, они имеют тенденцию к возрастанию, подключению все большего числа участников, что создает угрозу не только тем, кто непосредственно вовлечен в конфликт, но и всем остальным» (13, с. 14). Наряду с обострением традиционных форм и методов политического соперничества в международных отношениях все большее значение приобретает этнический фактор. В современных конфликтах, которые часто носят характер столкновения цивилизаций, центральной проблемой становится сохранение ценностей и национальной идентичности — на их разрушение и трансформацию как раз и направлена политическая агрессия.

Аналогичные тревожные прогнозы, уже глобального характера, делает американский политик и политолог Патрик Бьюкенен, автор книги «Смерть Запада», согласно которому к 2050 году в Европе и США будет абсолютно доминировать исламо-арабо-африканская культура, а людей европейского происхождения во всем мире, отринувших свою традиционную иудео-христианскую мораль, останется не более 10%.

Межцивилизационный диалог имеет внутренний и внешний аспекты для каждой цивилизации. Сам по себе он является мощным источником развития человечества. Но функционирование этого процесса полно противоречий и диспропорций в условиях современной глобализации. Решение проблем межцивилизационного взаимодействия в Европе и на её Севере основано на том, что сосуществование европейской и мусульманской цивилизации в рамках одного континента предполагает выработку правил, которые будут учитывать интересы и той, и другой стороны. Сегодня мусульманская культура на континенте перестает быть культурой национального меньшинства, и имеет тенденцию превратиться в культуру большинства. У европейцев еще есть шанс выторговать себе приемлемые условия сосуществования в будущем. Во многом будущее европейской цивилизации зависит не столько от сохранения культурной самобытности в условиях глобализации, сколько от способности Европы решить демографические проблемы.

Литература:

1. Кокошин А.А., Богатуров А.Д. (ред.). Мировая политика: теория, методология, прикладной анализ. – М., 2005. - С.80.
2. Анцупов А.Я., Шипилов А.И. Конфликтология. – М., 1999. - С.490-491.
3. Бажанов Е.П. Китай: от Срединной империи до сверхдержавы XXI века. - М., 2007.
4. Водолазов Г. Политический кризис: перспективы выхода. - М., 1993.
5. Гришина Н.В. Психология конфликта. – СПб.: Питер, 2007. – 322 с.
6. Дейкер Х., Фрейда Н. Национальный характер и национальные стереотипы // Современная зарубежная этнопсихология. - М., 1979.
7. Дементьев И.О. О психологии национальных конфликтов. - М., 1991.

Түйіндеме

Мақалада қазіргі таңда әлемде ерекше орын алатын қақтығыстар мен қауіпсіздіктің ғылыми түсініктемесі баяндалған. Қауіпсіздік мәселесі және оның жаңа түсінігі бүгінгі күннің саяси-әлеуметтік теориясы мен практикасында ерекше орын алатыны көрсетілген.

Summary

This article is reviewed the scientific concepts as conflict and security, which is one of the most relevant and popular terms. The security is occupied a special place in contemporary social and political theory and practice.

ӘОЖ 903'1(575.171)

ХОРЕЗМ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ СЫР ӨңІРІНДЕГІ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Сыдықова Ж.Т. (Қорқыт Ата атындағы ҚМУ)

XX ғасырдағы Сыр өңірі ескерткіштерінің зерттелу тарихы КСРО ҒА Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының жан-жақты жүргізген зерттеу жұмыстарымен байланысты. Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясына белгілі ғалым С.П. Толстов жетекшілік етті. Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы Сыр өңіріндегі зерттеулерін 1946 жылы бастады. Құрамына: археологтар,

этнографтар, топографтар, геологтар, топырактанушылар, гидрологтар сынды түрлі ғылым салаларының мамандарын біріктірген аса ірі бұл экспедиция ауқымды зерттеу жұмыстарын 90-жылдарға дейін жалғастырды. Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының алдына қойылған мақсаттар:

- аймақтағы ежелгі ескерткіштерді зерттеу;
- Сыр өңіріндегі ежелгі суғару жүйесінің қалыптасуы мен дамуын және оның осы өлкені мекен еткен тұрғындардың тіршілігінде атқарған рөлін айқындау;
- ертедегі және ортағасырлардағы өлкедегі табиғи жағдайларды, экологиялық ахуалдың өзгеруінің тарихи-этникалық, миграциялық процестерге ықпалын анықтау;
- өлкенің неолит дәуірінен бастап кейінгі ортағасырларға дейінгі аралықтағы этникалық тарихын зерттеу;
- археологиялық және жазба деректер негізінде ертедегі Сырдың төменгі ағысын мекендеген халықтардың Хорезм және басқа да көршілес елдермен тарихи, мәдени, саяси, экономикалық байланыстарын зерттеу;
- Шығыс Арал маңының адамзат баласы қоныстанған кезеңінен кейінгі ортағасырларға дейінгі аралықтағы тарихи келбетін айқындау болды [2].

Алдына қойылған айқын мақсаттар негізінде жұмыс атқарған Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының зерттеулері Сыр өңірінің өте ерте заманнан қазіргі күнге дейін Батыс пен Шығыс арасындағы, көшпелі және отырықшы мәдениеттер арасындағы байланыстырушы алтын арқауы болып келе жатқандығын дәлелдеді. Оған куә - осы зерттеулер барысында ашылған өлкедегі жүздеген археологиялық ескерткіштер.

1946 жылы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының ауадан барлау тобы Женд, Жанкент, Күйік-қала, Кескен Күйік-қала, Құмқала ескерткіштерін картаға түсіріп, топографиялық сызбасын жасады. Жетіасар, Шірік-Рабат, Бәбіш-Молда секілді антикалық кезең ескерткіштері ашылып, алғашқы археологиялық зерттеулер жүргізілді.

1948, 1949, 1951 жылдары Жетіасар ескерткіштерінің бірнешеуіне қазба жұмыстары жүргізілсе, Шірік-Рабат қала жұртына екінші рет археологиялық зерттеулер жасалды.

1954 жылы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы Іңкардария, Жаңадария және Қуандарияның ескі арналары бойында археологиялық барлау жұмыстарын жалғастырды. Барлау кезінде ортағасырлық Құмқала, Асанас қалаларына және Мұнара қонысына зерттеулер жасалса, тас дәуірінің Шобан Қазған, Есентөбе, Қарак сынды тұрақтары алғаш тіркеліп, материалдар жиналды.

1955 жылғы экспедицияның зерттеулері Арал ауданындағы неолит дәуірінің Сексеуіл тұрағына қазба жүргізумен шектелсе, 1956 жылы археологиялық барлау жұмыстары Жаңадария бассейнін қамтыды. Б.В. Андриановтың жетекшілігімен жұмыс жасаған археолого-топографиялық топ 1946 жылғы зерттеулер кезінде анықталған кейінгі ортағасырлық уақытпен мерзімделетін қарақалпақтардың ирригациясы деп аталған магистральді каналдар мен күрделі суғару жүйесінің қалдықтарын зерттеді. Сонымен қатар осы жылғы зерттеулер Сырдың төменгі ағысында орналасқан сол кезге дейін ғылымға белгісіз болып келген ортағасырлық селолық қоныстар, яғни, қыстақтардың табылып, әрі қарай зерттелуіне жол ашты. Жаңадарияның орта шенінде орналасқан бірнеше ортағасырлық селолық қоныстар беткі қабатынан табылған материалдар негізінде XII-XIV ғғ. мерзімделді.

1957 жылы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы сақ дәуірінің Шірік-Рабат, Бәбіш Молда ескерткіштері және ортағасырлық Сырлытам, Бестам-қала (Орқала) айналасындағы ежелгі суғару жүйесі қалдықтарына ізденістерін жалғастырды. Бірнеше кейінгі ортағасырлық мазарлар тіркеліп, Шірік-Рабат, Бестам-қала орындарына

қазба жасалды. Сонымен қатар Сырлытам ескерткіштер кешеніне жан-жақты, мұқият қазба жұмыстарын жүргізді.

1958 жылы Сырдың төменгі ағысында Хорезм экспедициясының екі тобы археологиялық ізденістерін екі бағытта жалғастырды. С.П. Толстовтың жетекшілігімен жұмыс істеген археологиялық топ ескерткіштерге жалпы зерттеулер жасаса, Б.В. Андриановтың басшылығындағы археолого-топографиялық топ суғару жүйелерінің қалыптасуы мен дамуын анықтаумен айналысты. Бұл зерттеулер Бәбіш Молда кешенін, Бидайық асардың оңтүстігін, Томпақ асардың солтүстігін және Жезд қаласының айналасын қамтыды. Археологиялық топ қола дәуірінің бірнеше тұрақтары мен антикалық және ортағасырлық қоныстарды ашты. Олардың ішіндегі ең ірісі Еркебай құдығынан 6 шақырым жерде орналасқан ашық түрдегі селолық қоныс болды. Бұл қоныс С.П. Толстовтың мерзімдеуі бойынша XII-XIV ғғ. жатқызылды. 1958 жылғы жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде Сырдарияның ескі тармақтарының бірі Іңқардарияның Жаңадариядан бұрын қалыптасқаны анықталды. Оған дәлел – Іңқардарияның бойынан табылған неолит дәуірінің тұрақтары.

1959 жылы Хорезм экспедициясының бірінші жаңалығы ғылымға бұрын белгісіз болып келген «шлакты қорғандар» деп аталған ескерткіштер тобының ашылуы болды. «Шлакты қорғандардың» басқа ескерткіштерден басты айырмашылығы - әр қорғанның әдейі даярланған алып керамикалық шлактармен қоршалуы және сол қорғандардан өртеу дәстүрімен жерленген мәйіттердің табылуы. Бұл жерлеу дәстүрі «шлакты қорғандары» б.з.д. VI-V ғғ. мерзімдеуге мүмкіндік берді.

Хорезм экспедициясының осы жылы ашқан келесі жаңалығы – қола дәуіріне жататын Түгіскен қорғандар тобы. Бұл ескерткіштер Орталық Қазақстанның Беғазы-Дәндібай мәдениеті мен Орта Азиялық қола дәуірі өркениетінің компоненттерін ұштастыра отырып дамыған ерекше мәдени кешен болып табылады. Сонымен қатар осы жылы Іңқардарияның бойынан ортағасырлық екі үлкен селолық қоныстар: Ұйғарақ және шартты түрде №54 нүкте деп аталған қоныс табылды.

1960 жылғы археологиялық ізденістер Шірік-Рабат, Бәбіш Молда, Түгіскен және Баланды 2 ескерткіштер кешендерінде жалғасты. Барлау жұмыстары антикалық кезеңнің Ұйғарақ қорғандарында, ортағасырлық Ұйғарақ қонысында және Баланды 1 қаласы орындарында жүргізілді. Осы жылы Құмқала төңірегінде орналасқан екі селолық қоныстар: Құмқала 2 немесе Шығыс Құмқала деп аталатын және Мартық ескерткіштері тіркелді. Сонымен қатар жаңадан ашылған ескерткіштер қатарын оғыз кезеңінің қалалары Заңғар қала және Сырлытам қала ескерткіштері толықтыра түсті.

1961 жылғы зерттеулер Жаңадария мен Іңқардарияның шығыс бөлігіне ойысып, бұл аймақтан екі селолық қоныс: Қожақазған 2, Қожақазған 3 ескерткіштері ашылды. Асанас қаласына қазба жұмыстары жүргізіліп, «шлакты қорғандардағы» және қола кезеңінің Түгіскен, сақ дәуірінің Ұйғарақ қорғандарындағы қазба жұмыстары өз жалғасын тапты.

1962 жылы Хорезм экспедициясының бір тобы Қуандария маршруты бойынша жұмыс жасады. 1946-48 жылдары ашылған Жетіасар ескерткіштеріндегі қазба жұмыстары жалғастырылды. Сайқұдық жеріндегі ежелгі заманның үлкен плотиналар мен су қоймаларынан тұратын өте күрделі суғару жүйесі ғалымдар арасында аса қызығушылық туғызды. Осы жердегі және Түгіскен, Ұйғарақ қорғандарындағы тұрақты қазба жұмыстары 1963 жылы да жалғастырылды.

Хорезм экспедициясының Сырдария маршрутты тобы 1966 жылы 3000 шақырымнан астам жолды жүріп өтіп, 70-тен астам қоныстар мен қалаларды, ортағасырлық суландыру жүйесі ескерткіштерін зерттеді. Кешенді археолого-геоморфологиялық зерттеулер Сырдарияның орта және төменгі ағысының сол және оң жағалауларын, Жаңадария мен Қаратаудың батысы аралығын, оңтүстікте Отырар өлкесін

камтыды. Зерттеулер нәтижесінде Сыр өңірінің адамзат қоныстануы мен игеруі тарихына, өлкеде және оған көршілес аймақтарда мыңдаған жылдар бойы жүрген күрделі этникалық процесстерге қатысты қызықты да көлемді материалдар жинақталды.

1968 жылы археологиялық зерттеулер Сырдың төменгі ағысындағы ортағасырлық ескерткіштерді қайта қараумен жалғасты. Құмқала 2, Мартық, Еркебай, Мұрзалы, Қожақазған 3, Қызмола қоныстарын суретке түсіру, жоспарын сызу, стратиграфиялық қазба жасау жұмыстары жүргізілді. Осы жаслаған қазба нәтижелері ортағасырлық қоныстарды мекендеушілердің шаруашылығы кешенді түрде, яғни, егіншілік пен мал шаруашылығын, аңшылық пен балық аулауды ұштастыра жүргізгендігін айқындады.

1971-72 жылдары Хорезм экспедициясының Сыр өңіріндегі зерттеулері Сібір өзендерінің арнасын Аралға қарай бұру жобасына байланысты болды. Зерттеу жұмыстарына археологтармен бірге КСРО Ғылым Академиясының географтары және «Союзводпрект» бірлестігі мен Қазақ КСР Топырақтану институтының мамандары қатысты. Бұл жылғы зерттеу жұмыстары Арал теңізінің шығыс жағалауы мен Шірік-Рабат ескерткіші аралығын қамтыды. Ескерткіштер мен суландыру жүйесі қалдықтарын картаға түсіру жұмыстары жасалды. Бұрын белгісіз болған төрт ескерткіш: Арсыбай 1,2 және Майнарқан 1,2 қоныстары ашылды [3].

Хорезм экспедициясының 70-жылдардың ортасынан 90-жылдардың басына дейін жүргізген археологиялық зерттеулерінің басым бөлігі Жетіасар ескерткіштерінде жалғасты. 90-жылдардың басындағы елде орын алған саяси және экономикалық дағдарыс пен өзгерістер Сыр өңірінің ерте тарихының куәлары болып саналатын археологиялық ескерткіштерді зерттеу жұмысын тоқтатты. Үзіліп қалған бұл зерттеулер он жылдай уақыт өткен соң ғана, еліміз тәуелсіздік алып, аяғына нық тұрған шақта қайта қолға алынды.

2004 жылы Елбасының тікелей басшылығымен жасалған, елдің өткен тарихы мен мәдени, әдеби құндылықтарын жинастырып, болашақ ұрпаққа жеткізуді алдына мақсат етіп қойған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Сыр өңірі ескерткіштерін зерттеудің жаңа кезеңі басталды. Осы жылы Қызылорда қаласында «Арал аймағының археологиялық зерттелуі: жетістіктері мен болашағы» атты халықаралық ғылыми конференция өткізілді. Конференция шешімдеріне сәйкес 1946 жылдан бастап 90-жылдарға дейін Арал аймағын зерттеген Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының жұмыстарын қайта жандандыру мақсатында үшжақты келісім-шарт негізінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты және Ресей Ғылым Академиясы Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институтының ғалымдары мен қызметкерлерінен жасақталған археологиялық экспедиция құрылды. Бұл экспедиция зерттеу жұмыстарын 2005 жылы маусым айында Сырдың төменгі ағысындағы ескерткіштерге барлау жұмысын жүргізуден бастады. Экспедицияның басты мақсаты Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы ашқан және ішінара зерттелген төменгі Сырдария маңындағы археологиялық ескерткіштердің қазіргі жай-күйімен танысу; келешек ауқымды археологиялық зерттеулер жүргізілетін ескерткіш орнын белгілеу болды.

Экспедиция мүшелері бұл жылы екі кезеңде: маусым және қыркүйек-қазан айларында жұмыс жасады. Маусым айында Сыр өңірінің археологиялық ескерткіштеріне барлау жұмыстарын жүргізді. Бірінші маршрут бойынша экспедиция Қазалы ауданы территориясында орналасқан «батпақтағы қалалар» деп аталған Жанкент, Күйік қала, Кескен Күйік қала ескерткіштерін аралап көрді. Екінші маршрут Қармақшы ауданында жалғасып, Ескідариялық арнасы бойында орналасқан Жетіасар мәдениетінің Тас асар, Алтын асар, Қос асар, Томпақ асар, Тік асар сынды ескерткіштері зерттелді. Бұл ескерткіштердің барлығында дерлік фото және видеотүсіру жүргізіліп, GPS жүйесімен ескерткіштердің нақты координаттары анықталды. Осы маршрут кезінде экспедиция мүшелері Жаңадария бассейніндегі Шірік-Рабат мәдениетінің де ескерткіштері б.з.д. IV-II

ғғ. жататын Бәбіш Молда 1, 2 ескерткіштеріне және Шірік-Рабат қала жұртына барлау жасады. Хорезм жерімен арадағы шекаралық болып саналатын Сыр өңірінің ең шеткі Бестам қала (Орқала) ескерткішінің қазіргі сақталу жай-күйі де осы маршрут барысында бақыланды.

Экспедиция мүшелері жүргізген археологиялық барлау жұмыстары нәтижесінде болашақ тұрақты қазба жұмыстары үшін Қазалы ауданы территориясында орналасқан ортағасырларда астаналық қызмет атқарумен бірге, тарихи-этникалық, саяси, экономикалық процестерде аса зор рөл атқарған Жанкент қаласын белгіледі [1].

Жанкент қаласындағы археологиялық қазба жұмыстары осы үшжақты келісім негізінде 2005 жылдан бастап жыл сайын тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Қалаға жасалған археологиялық зерттеулер археологтар мен тарихшылардың қоржынын ескерткіштің аса күрделі қорғаныс жүйесі болғандығы, географиялық қолайлы орналасу жағдайы, қонысты мекен еткен тұрғындардың құрылыс салу ерекшеліктері, шаруашылығы мен рухани дүниесі туралы көптеген материалдармен толықтырып келеді.

Әдебиеттер:

1. Аржанцева И.А., Зиливинская Э.Д., Караманова М.С., Сыдыкова Ж.Т. Жанкент – столица огузов. // «Мәдени мұра». - 2009. - №4. - 84-89 беттер; Курманкулов Ж.К., Аржанцева И.А., Зиливинская Э.Д., Рузанова С.А., Сыдыкова Ж.Т. Археологические работы на городище Жанкент в 2005 году. - Алматы, 2007; Рузанова С.А., Сыдыкова Ж.Т. Археологические работы на городище Джанкент (Казахстан). // Полевые исследования института этнологии и антропологии. 2005 г. - М., 2007.- 116-128 беттер.

2. Сыдыкова Ж.Т. Археологические памятники низовьев Сырдарьи. // Российская археология. - 2008. - №4.

3. ХАЭЭ архив құжаттары бойынша (142-қор, 2-тізбе, 21, 23, 27, 31, 37, 42, 50, 55, 60-істер).

Резюме

В статье освещается работа Хорезмской археолого-этнографической экспедиции, проводившей археологические исследования в 1946-90 гг. в низовьях Сырдарьи.

Summary

The article presents the works of Khorezm archaeological and ethnographical expedition which made archaeological researches in 1946-90 at the lower reaches of the Syrdarya river.

ӘОЖ 950. 5 (574)

САЯСИ РЕПРЕССИЯ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ИНЖЕНЕРЛЕР ТАҒДЫРЫ

Тайман С.Т. (Қорқыт Ата атындағы ҚМУ)

Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың арнайы жарлығымен «1997 жыл – Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп жарияланған болатын. Содан бері баспасөз құралдарында бұл мәселе төңірегіндегі талай әңгіме қозғалып, көптеген кітаптар, ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелері басылып жарыққа шықты. Алайда бұл тарихымыздың қасіретті жылдарының қыр- сыры толық ашылып болды деген сөз емес. Әсіресе, Қазақстан индустриясын дамытуға үлес қосқан, саяси қуғын-сүргіннің құрбандары болған көптеген инженер мамандарының тағдыры әлі де тарихта ашыла қойған жоқ.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін кәсіби білім беру құрылымын жасау елдің өнеркәсіптік-экономикалық қалыптасу процесімен қатар жүруі тиіс болды. Әсіресе, елді социалистік индустрияландыру бағытын жүзеге асыруда әлеуметтік-экономикалық дамуының төмендігі мен өнеркәсіпке қажетті білікті инженер-техниктердің санының аздығы және тағы басқа елеулі қиыншылықтарға кездесті. Бұл жас мемлекет үшін ең қиын мәселелердің бірі еді. Себебі, патшалық Ресейде Қазан төңкерісіне дейін жоғары білім алғандардың көпшілігі негізінен ауқатты отбасыларының балалары болған, ал жаңадан қалыптасып келе жатқан жоғары оқу орындары бұл уақытта халықшаруашылығына қажетті кадрларды дайындап үлгере алмады. Осы кезде большевиктер қиыншылықтан шығудың бірқатар жолдарын бірқатар жолдарын қарастырды:

1) партияда жоқ бұрынғы буржуазиялық интеллигенция-инженерлерді, дәрігерлерді, экономисттер мен мұғалімдерді жұмысқа тарту арқылы олардың потенциалын пайдалану;

2) жұмысшы, шаруа қатарынан шыққан революцияшыл белсенді топты шаруашылықты, өндірісті басқару аппаратына тарту, оларды басшы қызметке көтеру;

3) пролетариат өкілдерін арнаулы орта және жоғары оқу орындарында оқытып, жаңа кеңестік интеллигенция тобын жасақтау [1].

Көп ұзамай кеңес үкіметі кешірім берген кешегі буржуазиялық интеллигенция өкілдері халық шаруашылығының барлық саласында белсенді жұмыс істей бастады. Алайда, көп ұзамай сөз бен істің арақашықтығын ескермейтін кеңестік билік өз уәдесін ұмытып, қырып-жою саясатын жоғарыда аталған әлеуметтік топ өкілдерінен бастады. 1917 жылдан басталған қызыл қырғын кезегі «ұсақ буржуазияшылар», «ұлтшылар», «партияда жоқтар», «жекесұрын интеллигенттер», «большевиктік пиғылдан тыс элементтерден» соң 1927 жылы инженер-лерге жетті. 20-шы жылдардың аяғында халық комиссариаттарындағы, мемлекеттік жоспарлау комитетінде (Госплан), теміржолда, көмір, мұнай, машина жасау, тау-кен, химия, металл, алтын өндірістеріндегі орын алған дағдарыстардың асқына бастауына сай зиянкестерді, жасырын ұйымдар мен арандатушы бөгде элементтерді іздестіру кең өрістеді. Оны «капиталистердің малайы» болған ескі инженерлер арасынан іздеді. Бірақ, инженерлерді жаппай қамау бұл жылдары жүре қойған жоқ. 20-жылдардың аяғында өнеркәсіп орындарының кең қанат жаюы жоғары білікті мамандарды қажет етті, ал ескі инженерлердің орнын басатын жас буын дайын болмады. Мәселен, ГПУ Ижевск әскери зауытының бас инженері Н.Ладыженский Г.Орджоникидзең өндіріс көлемін ұлғайтуға бөлген қаржысын аз екенін нақты дәлелдеп берген «шектен тыс теориясы» үшін бірнеше рет қамауға алып, орнын алмастыратын адам таппаған соң оны көп ұзамай босатуға мәжбүр болған [2]. Бірақ инженерлерді жазалау бұнымен тоқталған жоқ. 1928 жылы Мәскеуде болған партия басшылығымен қолдан ұйымдастырылған «шахты процесі» бойынша Донбасс көмір бассейнінің 53 инженері «..шетелдік ұйымдардың басшылығымен Кеңес үкіметіне қарсы «зиянкестік» жұмыстарымен айналысты» деген айыппен сотталып, оның бесеуі ату жазасына, 40 адам 1 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге түрмеге қамалуға, 4 адам шартты түрде жазалауға кесілді. [3] 1928 жылы партияның сәуір пленумында И.В.Сталин бұл мәселеге арнайы тоқтап: «..буржуазиялық мамандардың бұл тобы Батыстағы капиталистік ұйымдардың нұсқауы бойынша әрекет істеп, біздің өнеркәсібімізді қиратып отырған» деп шахты ісінің мәнін ашып, сөз соңын «...Біздің міндет – қырағылықты барынша күшейтіп, сақ болу керек, ал, егер жолдастар, біз сақ болсақ, өз жауларымызды мүлтіксіз қирататын боламыз, оларды қазір қалай қиратқан болсақ, келешекте де солай қирататын боламыз» деп қорытындылады [4].

Кәсіби инженерлер мен ғалымдарға қарсы күрес мұнымен тоқтап қалған жоқ. «Шахта процесі» үлгісімен 1930 жылдың қыркүйегінде «аштықты ұйымдастырушылар» деген айыппен тамақ өнеркәсібінің 48 «зиянкес» инженері, осы жылдың аяғында «промпартия ісі» бойынша жүздеген адам жазықсыз жазаланды [5].

Дәл осындай процестер Қазақстанда да жалғасын тауып, 1928 жылы «қызыл астананы» салушылардың «қаскүнемдігі» ашылды. РКФСР Жоғары сотының көшпелі сессиясы дарынды сәулетшілер, инженерлер мен ғалымдар тобын- П.Т.Буддаси, С.Б.Голдгор, С.А.Баграков, М.Тынышбаев және басқаларды сотқа тартып, тергеу жұмыстарын жүргізді. Пролетариатты басқа элементтерден тазарту ісі осы кезде жоғары оқу орындарында жүріп жатты. Жоғары техникалық оқу орындарындағы көптеген зиялы, тәжірибелі профессор-оқытушылар, тіпті студенттер де әлеуметтік тегі үшін жазықсыз қудаланды. Большевиктер алғашқыда оларға кешірім жасады да, сосын халқы үшін адал қызметіне қарамастан бәрін қырып-жойды. Ташкенттегі қазақ студенттерінің жерлестік ұйымының 1929 жылғы 11 қарашадағы жиналысында Орта Азия мемлекеттік университетінің (САГУ) төмендегі студенттерін: Х.Ақпаев, Қ.Исатаев, И.Дүсетов, М.Баракаев, А.Асанбеков, Х.Қаратаев, Тұрсынов, Р.Бөкейханов, Б.Қойайдаров және т.б «әлеуметтік және идеологиялық жат элемент» ретінде оқудан шығару жөнінде шешім қабылданған [6]. Әрине бұл ұйымның мұндай шешім қабылдауына кімдердің нұсқау бергені айтпаса да белгілі. Белгілі инженер-энергетик, академик Шапық Шөкин де кейін өз естелігінде «бай баласы», «халық жауы» деген орынсыз нақақ жалалардан қашып, Ташкендегі оқуын Омбы ауылшаруашылық институтында жалғастыруға мәжбүр болғанын айтады [7].

20-жылдардың аяғындағы Кеңестер Одағы халық шаруашылығындағы техникалық мамандарға деген сұраныс ескі инженерлерді жаппай қырып- жоюға аздап болса да тосқауыл болды. Партияның 1928-1930 жылдардағы пленумдарында да күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі-өнеркәсіп орындарын техникалық мамандармен қамтамасыз ету болды. Деректерге сүйенсек, 1927 жылы КСРО Еңбек халық комиссариаты органы жүргізген есебі бойынша халықшаруашылығында 50,8 мың маманның 15,5 мыңы жоғары білімді инженерлер, дәл осындай техниктер саны және 19,9 мыңы техникалық дайындықтан өтпеген практиктер болып шыққан. Ал, 1929 жылғы есеп бойынша өндірісте жұмыс істейтін 100,3 мың маманның 24,2 мыңы жоғары білімді инженер, экономистер, 58,6 мыңы практиктер болып шықты. 1927-1929 жылдар аралығында инженерлердің арасалмағы 30.4% 24.4%-ке түсіп кетсе, практиктердің үлес салмағы 39.3%-дан 59.4%-ке көтерілген. КСРО өнеркәсібін инженер кадрларымен қамтамасыз ету 1927-1928 жылдардағы ВСНХ мәліметтері бойынша 100 жұмысшыға 0,65%, сол жылдары Америка мен батысеуропа мемлекеттерінде ол 7-12 инженерден келген[8]. Бұл КСРО өнеркәсібін мамандармен қамтамасыз етудің әлдеқайда төмен салыстырмалы көрсеткіште болғандығын көрсетеді. Сондықтан Сталин 1931 жылы социалистік құрылыстың алты шартының бірі етіп: «ескі инженерлік интеллигенцияны құрту саясатынан —оларды өзімізге тарту саясатына көшу керектігін» айтқаннан кейін істі болған инженерлер ақталып, түрмеден босатыла бастады. Алайда бұл қуаныш аз ғана уақытқа созылды. 1934 жылы Кировтың өлімінен кейін қылмыстық кодекске өзгертулер енгізілді. НКВД —нің құрамында ерекше Кеңес ашылып, оған айыпкерді он жылға соттауға, ату жазасын қолдануға құқық берілді. Кодекстің 58-ші бабы бойынша халықаралық буржуазияға көмек көрсеткені, өндірістегі зиянкестік, диверсия, отанын сатқаны үшін, тыңшылық әрекеті үшін, тағы сол сияқты 14 бөлімнен тұрды. инженерлердің көпшілігіне кейінгі жылдары 58-баптың жоғарыда аталған бөлімдері бойынша айып тағылған.

1937 жылы Мәскеуде «паралельді антикеңестік троцкистік орталық» деген іс қаралып, 17 адам сотталды. Ешқандай кінәлары болмаса да, олар 1933 жылдан Троцкийдің басшылығымен Одақта кеңестік билікті құлатуды көздеген, осы мақсатта зиянкестік, диверсиялық, тыңшылық және лаңкестік қызметті жандандырған «орталық» құрды деп айыптаған. Көп ұзамай бұл «орталықтың» КСРО-ның ірі қалаларындағы жергілікті органдарының белсенді жұмыстары тергеу және сот процесі барысында «әшкереленді». Мұның өзі Қазақстанда көптеген инженерлерді айыптауға негіз жасады.

Мәселен, 1937 жылы көктемде Ленгіркөмір шахтасында техникалық қауіпсіздіктің сақталмауынан болған авария салдарын шахта басқарып отырған инженер кадрларынан көріп, өндіріске диверсия жасаған деген айыппен осы іске қатысты 12 инженер репрессияға ұшыраған [10]. Осы жылы Белоусов комбинаты құрылысының бірқатар инженерлері тыңшылық әрекеттері үшін жауапқа тартылып, сотталған. Белоусов комбинаты құрылысының бастығы инженерлер - Панин, Букейханов, Ванаг және тағы басқалардың үстінен қылмыстық іс қозғалған. С.Букейханов (Әлиханнның ұлы, азан қойған аты Өкітай, кейін Сергей аталып кеткен) пен Ванаг кеніштегі кеннің қоры дұрыс есептелмегенін дәлелдеп, оны үкіметте кен мөлшері нақтыланбай бекітуге болмайтындығы және адам күшін сарқылғанша пайдалана берудің қажетсіздігін, стаханов қозғалысын дамыта бермей, керісінше өндірісте жаңа техникалық құралдарды қолдану, жұмысшылардың еңбекке деген кәсіби шығармашылық қабілеттілігін арттыру, өнертапқыштар жетістіктерін көбірек ескеру туралы инженерлік ұсыныстарын – комбинат құрылысын салуды тоқтатуды көздеген жау әрекеті деп есептеген [11]. С.Букейханов қылмыстық іс басталғанша-ақ әкесі алаш партиясының өкілі екені жария болып, жұмыстан шығарылғаннан кейін Сібірге инженер болып кетті. Оның Сібірге кетуі оны түрмеден аман алып қалды 1937 жылы НКВД Риддер, Ащысай полиметаллкомбинаттары мен Шымкент қорғасын зауытындағы тройцкишілдер герман тыңшыларының диверсиялық топтары туралы іс қозғаған. Риддерде 1937 жылы НКВД-ның Ежовқа берген мәліметтері бойынша 3 диверсиялық топ: бірі-бұрынғы Қазақ КСР мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары А.И.Келманьсон басшылығымен құрылған құрамында - Атаманенко, Терещенко, Аллеш т.б. және екіншісі бұрынғы КСРО ХШЖК төрағасының орынбасары, «тройцкишіл» Ю.Л.Пятаковтың басшылығымен құрылған құрамында - комбинаттың бас инженері Вебер, тау-кен цехының инженері Аюев, бас механик Марков, кен байыту фабрикасының бастығы Ометов т.б. мүшелері бар «жасырын диверсиялық топ» ашылған. Сонымен қатар, осы кезде эмиграцияда жүрген қазақтың біртуар ұлы М.Шоқайдың «нұсқауымен» құрылған, басында Ащысай комбинаты директорының орынбасары Б.Абдуллин, Шымкент қорғасын зауытының инженері Ш.Тұртаев бастаған техникалық мамандардың контрреволюциялық жасырын «фашистік ұйымы» әшкереленген [12]. Үш топ бойынша елуден аса адам жауапқа тартылып, жазықсыз жазаланды. Бұл контрреволюцияшыл топтарға қойылған айыптар бірыңғай болып келеді - құрылысты жоспарлау мен қаржыландырудағы жетіспеушіліктер, кен барлау жұмыстарының баяу жүруі, әлеуметтік тегі басқа адамдарды қызметке алу тб негізсіз айыптар. Алғашқы жауаптарында айыпкерлер бұл жалалардың негізсіздігін дәлелдеп шықса да кейін «толық мойындауға» мәжбүр болған. Артынша кен қопарғыштар бригадасының бастығы Шахмұратовтың «лаңкестік әрекет» жасаған «фашистік тобы әшкереленген». Осы жылдары Қазақстанда индустрияны ұйымдастырған білікті инженерлер-К.В.Горбочев, Қарағанды көмір тресінің басқарушысы Л.С.Троцкий, Балқаш мыс балқыту комбинатының директоры В.И.Иванов, Текелі кеніштер басқармасының басқарушысы О.Жандосов, Ембі, Ақтөбе мұнай трестерінің басқарушысы В.Лаврентьев, қазақтың тұңғыш инженерлер даярлайтын жоғары оқу орнының (қазіргі Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ҰТУ) негізін қалаушы Ә. Бүркітбаев және т.б. жазалау шараларына ұшырады. Сөйтіп, бүгінгі талантты инженер, ғалымдарды ертеңгі күні-ақ халық жауына айналдырған сталиндік қуғын-сүргіннің қасіретті көріністері осындай болды.

Әдебиеттер:

- 1.Әубәкіров С.Қазақстан инженерлік техникалық интеллигенциясы. - Алматы: Ғылым, 1989.-14-б.
- 2.Солженицын А.Архипелаг ГУЛАГ. – Москва: «Советский писатель-новый мир», 1989. – Т.1. - 54-б.

3. Кислицын С.А. Шахтинское дело. - Ростов-на-Дону, 1993. - 59-б.
4. Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. - Алматы: Қазақпарат, 2001. - 292-бет.
5. Советская историческая энциклопедия. 11-том, 609, 610 –бб
6. ҚР ПА 719-қор, 1-тізбе, 1424-іс, 3, 4-парақ
7. Оразбек Н. Шапық Шөкин. – Алматы: «Қазақстан», 2004. - 24-бет.
8. РГАСПИ. 17-қор, 113-тізбе, 761-іс, 1-парақ.
9. ҚР ПА 725-қор, 2-тізбе, 706-іс, 46-парақ
10. ҚР ПА 725-қор, 2-тізбе, 705-іс, 31-парақ
11. ҚР ПА 725-қор, 2-тізбе, 668-іс, 36-41 парақ)

Резюме

На основе архивного и документально-публицистического материала автор рассматривает вопрос о влиянии политических событий на становление индустриализации Казахстана. Также, дается анализ личностного влияния на социально-экономическое развитие страны тридцатых годов XX века выдающихся инженеров, таких как С. Букейханов, О. Жандосов, А. Буркитбаев и др.

Summary

The author considers a problem of impact of political events on the establishing the industrialization of Kazakhstan on the basis of archive and documental and publicist materials. The analysis of the personal attitude of the outstanding engineers such as S. Bukeikhanov, O. Zhandossov, A. Burkitbaev and others on the social and economic development of the country in the thirties of the XX century are given in the article.

МОДЕЛИРОВАНИЕ СТРУКТУРЫ ИННОВАЦИОННЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

*Брасс А.А. (Академия Управления при Президенте Белорусской Республики)
Шалболова У.Ж., Махницкая Е.И. (КГУ им.Коркыт Ата)*

На современном рынке работает достаточно много инновационных организаций, т.е. организаций, занимающихся созданием, внедрением и диффузией инноваций. При этом создание инноваций понимается достаточно широко. Иногда это весь цикл от фундаментальных научных исследований до получения прибыли от реализации новых изделий или технологий. Иногда это вывод на рынок чисто научной продукции в виде идей и теорий, на основе которых другие организации создают инновационные продукты. Иногда это создание нового изделия и (или) технологии с соответствующей конструкторско-технологической документацией и ее вывод на рынок.

Все множество инновационных организаций,

во-первых, ограничено, поскольку все люди не могут заниматься инновационной деятельностью;

во-вторых, имеет определенную структуру, т.е. инновационные организации можно проклассифицировать по какому-либо критерию или их совокупности.

В качестве примера классификационных признаков можно рассматривать следующие.

1. Количество стадий инновационного цикла, которые в своей деятельности охватывает организация.

2. Профильность деятельности. Могут быть и хорошо себя чувствовать на рынке узко профильные организации, занимающиеся, например, только разработкой, реализацией и монтажом промышленного холодильного оборудования. Рядом с такой организацией может работать другая, занимающаяся реализацией независимых друг от друга инновационных проектов во многих отраслях экономики.

3. Размер организации. С этой точки зрения организации можно, хотя и достаточно условно, разделить, например, на три класса: малые, средние и большие. Величина организации здесь определяется совокупностью нескольких параметров, таких как количество сотрудников, количество и стоимость выполняемых проектов. Выделенных классов может быть значительно больше, при условии более четкого определения критериев классификации.

Разумеется, что классификацию инновационных организаций можно проводить по многим другим критериям. Но классификация по размеру представляется наиболее простой и наглядной. Поэтому именно она выбрана в качестве основы предлагаемой модели, которая будет адекватна и в других классификационных системах, например, по отрасли науки или техники, по успешности внедрения и распространения инноваций.

Достаточно очевидно, что:

- любая организация, в случае успешной деятельности, стремится к своему росту, т.е. малые организации стремятся перейти в класс средних, а средние – в класс больших;
- рост организации далеко не всегда приводит к увеличению количества и качества инновационных проектов;
- чем большей является организация, тем больше средств тратится на ее содержание, при этом, что немаловажно, затраты на содержание управленческого аппарата растут быстрее, чем затраты на научно-инженерные кадры;
- в период отсутствия возможности постоянного и значительного роста государственных инвестиций в инновационную деятельность возникает проблема

рационализации на территории региона (страны) соотношения малых, средних и больших инновационных предприятий за счет государственного регулирования.

Для разрешения данной проблемы и разработана предлагаемая модель.

Основной количественной характеристикой предлагаемой детерминантой модели является количество организаций $n_i(t)$ в каждом i -ом классе ($i = \overline{1, k}$) в момент времени t . Естественно, что изменение количества организаций в каждом классе может происходить в любое время. Однако, учитывая, что государственный бюджет принимается ежегодно и, соответственно, ежегодно происходит выделение государственных ассигнований, можно считать, что t выражается в годах и является натуральным числом.

Достаточно очевидно, что в течение года организация может:

- перейти из класса i в класс j ;
- остаться в своем классе;
- уйти из инновационного бизнеса, поскольку, во-первых, средний срок жизни организации составляет 30 лет [1], во-вторых, перевод капитала в другой бизнес может стать более целесообразным.

Помимо этого, в каждый класс может прийти организация из внешнего мира.

Пусть

$n_{oi}(t)$ – количество организаций, пришедших в класс i из высшего мира;

$n_{ji}(t)$ – количество организаций, перешедших из класса j в класс i .

$n_{ik+1}(t)$ – количество организаций, перешедших из класса i во внешний мир (ушедших из инновационного бизнеса).

Тогда, количество организаций класса j в момент $t+1$ определится соотношением:

$$n_j(t+1) = n_j(t) + n_{oj}(t) + \sum_{i=1, i \neq j}^k n_{ij}(t) - n_{jk+1}(t) - \sum_{i=1, i \neq j}^k n_{ji}(t). \quad (1)$$

Введя обозначение

$$n_{jj}(t) = n_j(t) - \sum_{i=1, i \neq j}^k n_{ji}(t) - n_{jk+1}(t),$$

где $n_{jj}(t)$ – количество организаций, оставшихся в классе j , соотношение (1) можно записать в виде:

$$n_j(t+1) = n_{jj}(t) + n_{oj}(t) + \sum_{i=1, i \neq j}^k n_{ij}(t) = n_{oj}(t) + \sum_{i=1}^k n_{ij}(t) \quad (2)$$

Детерминантная модель (2) является достаточно простой и наглядной, но она совершенно не учитывает стохастический характер поведения организаций. Поэтому дальнейшие построения проведем с учетом следующих допущений.

1. Поскольку в течение года организация из класса i может:

- прекратить свое существование с вероятностью p_{ik+1} ,
- остаться в своем классе с вероятностью p_{ii} ,
- перейти в класс j с вероятностью p_{ij} ,

$$\text{то } p_{ik+1} + p_{ii} + \sum_{j=1, j \neq i}^k p_{ij} = 1$$

2. Поскольку инновационная деятельность всегда сопряжена с достаточно большим риском, зачастую требует немалых начальных вложений и привлечения достаточно квалифицированных специалистов, то можно предположить, что общее количество организаций, занимающихся инновационной деятельностью, остается практически постоянным, поэтому

$$\sum_{j=1}^k n_{oj}(t) = \sum_{j=1}^k n_{jk+1}(t) \quad (3)$$

Распределение вновь пришедших в инновационный бизнес организаций по классам определяется:

- государственной политикой, направленной на поддержание организаций того или иного масштаба;
- стремлением самих организаций к диверсификации рисков, что в рамках большой организации сделать значительно проще.

Можно обозначить через r_i долю новых организаций класса i в общем количестве новых организаций, причем

$$\sum_{i=1}^k r_i = 1$$

Таким образом, основными компонентами стохастической модели являются:

1. Матрица вероятности переходов $P=\{p_{ij}\}$, в которой диагональные элементы p_{ii} – вероятность того, что организация останется в своем классе.
2. Вектор вероятности ухода организации из инновационного бизнеса

$$P_{k+1}=(p_{1k+1}, \dots, p_{kk+1}),$$

причем

$$p_{ik+1} = 1 - \sum_{j=1}^k p_{ij}$$

3. Вектор $R=(r_1, \dots, r_n)$, определяющий распределение новых организаций по классам.

Поскольку изменения количества организаций в различных классах – случайные величины, то более целесообразно говорить о математических ожиданиях количества организаций в каждом классе в момент времени $t+n$ ($n=1,2,\dots$) и количества организаций, переходящих из класса в класс, нежели об их детерминантных значениях.

Поэтому

$$\overline{n_{ij}}(t) = n_i(t)p_{ij}, \quad (4)$$

$$\overline{n_{ik+1}}(t) = n_i(t)p_{ik+1}, \quad (5)$$

где $\overline{n_{ij}}(t)$ - математическое ожидание перехода организации из класса i в класс j , $\overline{n_{ik+1}}(t)$ - математическое ожидание ухода организации класса i из инновационного бизнеса.

Математическое ожидание прихода организации в класс j из внешнего мира $\overline{n_{0j}}(t)$ определяется соотношением:

$$\overline{n_{0j}}(t) = \left(\sum_{i=1}^k n_{0i}(t) \right) r_j$$

или, согласно (3) и (5),

$$\overline{n_{0j}}(t) = r_j \sum_{i=1}^k \overline{n_{ik+1}}(t) = r_j \sum_{i=1}^k n_i(t)p_{ik+1}$$

Подставив полученные выражения в (2), получим:

$$\overline{n_j}(t+1) = r_j \sum_{i=1}^k n_i(t)p_{ik+1} + \sum_{i=1}^k n_i(t)p_{ij}, j = \overline{1,k} \quad (6)$$

или в матричной форме

$$\overline{n}(t+1) = \overline{n}(t)(P + P'_{k+1}R) \quad (7)$$

Для более поздних периодов справедливо соотношение:

$$\overline{n}(t+n) = \overline{n}(t+n-1)(P + P'_{k+1}R) \quad (8)$$

Представленная соотношением (8) модель позволяет ответить на два вопроса:

1. При каких условиях долевого состав инновационных организаций будет оставаться неизменным, т.е. когда $\bar{n}(t+n) = \bar{n}(t+n-1)$?

2. Что нужно и можно предпринять для того, чтобы этот долевого состав изменился в заданном направлении?

Эти два вопроса взаимосвязаны и не имеет смысла искать ответ на первый, забывая о втором. Если ответ на первый вопрос предполагает выполнение условия

$$n = n(P + P'_{k+1}R), \quad (9)$$

что сводит задачу к нахождению матрицы P и векторов P_{k+1} и R , удовлетворяющих условию (9), то ключевым словом во втором вопросе является слово «можно», т.е. возникает дополнительный вопрос о том, насколько элементы матрицы P и векторов P_{k+1} и R поддаются управлению.

Конечно, чисто теоретически управлять можно всеми элементами, но в реальной жизни достаточно сложно заставить негосударственную организацию остаться в той сфере бизнеса, которая ей явно не нравится. Хотя это и возможно путем предоставления налоговых преференций, льготного кредитования или осуществления прямых административных воздействий. Но такой путь требует больших прямых финансовых затрат со стороны государства, что далеко не всегда оправдано. Также достаточно сложно, используя административные и экономические рычаги, побуждать организацию к расширению, сокращению или распаду. Наиболее удобным с точки зрения управления является вектор R . Именно при его формировании государству наиболее просто реализовывать свою политику в инновационной сфере, финансируя наиболее значимые для него проекты. Немаловажную роль при этом играет и воздействие на рынок труда научных и инженерных кадров, что попутно способствует решению социальных проблем. Поэтому дальнейшие математические построения можно проводить исходя из предположения, что матрица P и вектор P_{k+1} вообще не могут быть изменены, и все управление должно осуществляться через вектор R , который можно менять по собственному усмотрению, соблюдая условия:

$$R \geq 0, \sum_{i=1}^k r_i = 1 \quad (10)$$

Таким образом, поставленная задача может быть решена отысканием вектора R , удовлетворяющего условиям (9)-(10). Из (9) легко вывести:

$$R = n(I - P)(nP'_{k+1})^{-1} \quad (11)$$

где I – единичная матрица. Несложно показать, что сумма всех элементов полученного вектора R равна 1, а для обеспечения неотрицательности его элементов должно выполняться условие:

$$n(I - P) \geq 0 \text{ или } n \geq nP \quad (12)$$

Соотношение (12) является условием, позволяющим проверить способность структуры инновационных организаций к сохранению при управлении процессами вовлечения новых организаций в инновационный бизнес. Это соотношение, сводимое к выполнению простых арифметических операций, вполне приемлемо для оценки стабильности каждой конкретной структуры инновационных организаций. Но с его помощью невозможно ответить на вопрос о том, какая именно структура является наиболее устойчивой. Поэтому продолжим поиск характеристик структур, удовлетворяющих условию (12).

Поскольку, согласно (3), общие размеры всего множества инновационных организаций ограничены, то важным является определение пропорционального состава организаций каждого класса, что можно определить с помощью соотношения

$$x = nN^{-1}$$

где $\mathbf{x}$ – вектор, элементы которого – это доли каждого I-го класса организаций в их общем количестве, а N – общий размер множества инновационных организаций. Значит задача (12) сводится к решению задачи

$$\mathbf{x} \geq \mathbf{xP} \quad (13)$$

при соблюдении двух ограничений

$$\mathbf{x} \geq 0, \quad \sum_{i=1}^k x_i = 1$$

Неравенство (13) задает некоторую область, содержащую все стабильные структуры. Для ее нахождения воспользуемся равенством (11), из которого для $\mathbf{x}$ получим:

$$\begin{aligned} \mathbf{R} &= \mathbf{x}(\mathbf{I} - \mathbf{P})(\mathbf{xP}_{k+1}')^{-1} \\ \mathbf{xRP}_{k+1}' &= \mathbf{x}(\mathbf{I} - \mathbf{P}) \\ \mathbf{x} &= \mathbf{xRP}_{k+1}'(\mathbf{I} - \mathbf{P})^{-1} \end{aligned} \quad (14)$$

Умножив обе части уравнения (14) на единичный вектор-столбец, обозначаемый $\mathbf{I}'$, находим:

$$\mathbf{1} = \mathbf{xRP}_{k+1}'(\mathbf{I} - \mathbf{P})^{-1} \mathbf{I}'.$$

Обозначив

$$\mathbf{d}' = (\mathbf{I} - \mathbf{P})^{-1} \mathbf{I}',$$

получим

$$\mathbf{1} = \mathbf{xRP}_{k+1}' \mathbf{d}', \quad (15)$$

где $\mathbf{d}'$ – вектор-столбец, элементы которого по сути являются суммами элементов соответствующих строк матрицы $(\mathbf{I} - \mathbf{P})^{-1}$.

Из (15) несложно определить:

$$\mathbf{x} = (\mathbf{P}_{k+1}' \mathbf{R} \mathbf{d}')^{-1}$$

Подставив это выражение в правую часть (14), получим:

$$\begin{aligned} \mathbf{x} &= (\mathbf{P}_{k+1}' \mathbf{R} \mathbf{d}')^{-1} \mathbf{P}_{k+1}' \mathbf{R} (\mathbf{I} - \mathbf{P})^{-1} = (\mathbf{R} \mathbf{d}')^{-1} \mathbf{R} (\mathbf{I} - \mathbf{P})^{-1} = \\ &= \frac{\sum_{i=1}^k r_i \mathbf{e}_i (\mathbf{I} - \mathbf{P})^{-1}}{\sum_{i=1}^k r_i d_i}, \end{aligned}$$

где $\mathbf{e}_i$ – вектор, i -ый элемент которого равен 1, а остальные – нули.

Обозначив

$$a_i = \frac{r_i d_i}{\sum_{i=1}^k r_i d_i},$$

получим

$$\mathbf{x} = \sum_{i=1}^k a_i \mathbf{e}_i (\mathbf{I} - \mathbf{P})^{-1} \mathbf{d}_i^{-1}. \quad (16)$$

Очевидно, что

$$a_i \geq 0 \text{ и } \sum_{i=1}^k a_i = 1$$

Поэтому $\mathbf{x}$ – это любая точка, лежащая в выпуклой области с вершинами, координаты которых равны $\mathbf{e}_i (\mathbf{I} - \mathbf{P})^{-1} \mathbf{d}_i^{-1}$ ($i = \overline{1, k}$). Каждая такая точка соответствует определенному вектору $\mathbf{R}$, т.е. изменяя элементы $\mathbf{R}$ можно менять “пространство стабильности”, в котором работают инновационные организации.

Аналогичные рассуждения будут справедливы и в том случае, если в качестве рычага управленческих воздействий будут использоваться матрицы P или вектор P_{k+1} .

Уравнение (16) позволяет ответить на первый из поставленных вопросов, а именно о том, какие условия необходимы для сохранения долевого состава инновационных организаций. Ответ на второй вопрос, о том, что нужно предпринимать для того, чтобы изменить долевого состава инновационных организаций в нужном направлении, в математической формулировке сводится к нахождению вектора R , позволяющего осуществить переход от вектора x к вектору x^* .

Достаточно очевидно, что такой вектор R должен удовлетворять условию, аналогичному условию (9):

$$x^* = x^* (P + P'_{k+1} R)$$

откуда

$$R = x^* (I - P) (x^* P'_{k+1})^{-1} \quad (17)$$

Этот вектор имеет неотрицательные элементы, если x^* лежит в зоне стабильности, т.е. в выпуклой области с вершинами $e_i(I-P)^{-1}d^{-1}$.

Стратегию (17) можно считать детерминантной, единственным образом заданной. Однако в действительности, когда меняются значения P и P_{k+1} наиболее целесообразно осуществлять пошаговое управление, меняя значения элементов R на каждом этапе. Тогда поставленная задача сведется к нахождению последовательности векторов $\{R(t)\}$, позволяющей изменить структуру множества от $x(0)$ к $x^*(t)$ в той или иной степени оптимальным образом. Оптимальность здесь может пониматься очень по-разному. Например

- наиболее быстро,
- наиболее дешево,
- наиболее эластично.

В нашей динамичной жизни время играет все более и более важное значение. Ведь не вовремя произошедшие изменения всегда потребуют больше трудовых, финансовых и других затрат, всегда будут проходить с меньшей эластичностью. Поэтому желательно за один шаг осуществить переход от x к состоянию наиболее близкому к x^* . Следующий шаг, если цель не изменится, будет заключаться в еще большем приближении к x^* и т.д. Таким образом, на каждом шаге задача сведется к нахождению наикратчайшего расстояния между точками x и x^* :

$$D = \sum_{i=1}^k w_i |x_i^* - x_i|^\alpha,$$

где коэффициенты $\alpha > 0$, $w_i > 0$ для всех i .

Таким образом, получили задачу, решение которой достаточно хорошо описано во многих учебниках по математическому программированию, например, [2], [3].

Литература:

1. Друкер П.Ф. Задачи менеджмента в XXI веке. – М.: Издательский дом «Вильямс», 2002. – 272с.
2. Габасов Р., Кириллова Ф.М. Методы оптимизации. – Мн.: Изд-во БГУ, 1981. – 350с.
3. Коршунов Ю. М. Математические основы кибернетики. – М.: Энергия, 1980. – 424 с.

Түйіндеме

Мақалада инновациялық ұйымдардың құрылымын анықтаудың экономика-математикалық моделі ұсынылған. Жіктемелік белгілері анықталған модель экономикалық, теориялық, тәжірибелік зерттеулер негізінде даярлаған.

Summary

The article presents the economical mathematic model of determining of innovation organizations' structure the classification signs are defined. The model was developed by the author of article on the base of economical, theoretical and practical researches.

ӨОЖ 316.334.3:316.33

ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАМДЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Досмаилов А.Б., Мұстафаев Қ.С. (Қорқыт Ата атындағы ҚМУ)

Әлеуметтік саясатты қалыптастырудың қажеттілігі нарықтық механизмнің қызметі өзінен - өзі барлық қоғам мүшелерінің тұрмыс халінің ең қажетті төменгі деңгейінің өзін қамтамасыз ете алмайтындықтан болып отыр.

XX ғасырдың 30–ші жылдарындағы дүниежүзілік экономикалық дағдарыс бірқатар елдерде әлеуметтік шиеліністің кенеттен үдей түсуін туғызып, нарықтық процеске, оның ішінде әлеуметті өріске де мемлекеттің араласуының қажеттілігіне әкелді. Ақылға қонымды парасатты әлеуметтік саясатсыз қайшылықтар мен дау – дамайды бәсеңдету мүмкін емес[1]. Әлеуметтік саясат – мемлекеттің халықтың өмір сүру деңгейін өзгертуге, қоғамдағы әділдікті қолдауға, нарықтық экономиканың жағымсыз салдарын бейтараптандыруға, халықты әлеуметтік қорғау жүйесін құруға бағытталған іс - шараларының жиынтығы. Әлеуметтік саясаттың маңызы адамдардың өз проблемаларын өздері шешу үшін ғана оларға жағдай жасауға негізделеді. Дені сау және еңбекке жарамды адамдардың негізгі көпшілігі өздерінің негізгі тіршілік ету қажеттерін өздері қамтамасыз етуге тиіс. Қоғам, мемлекет және оның институттары тарапынан осы адамдардың бөлігіне жұмысқа орналасу, олардың еңбек және конституциялық құқықтары мен мүдделерін қорғауда көмек көрсетілуі мүмкін. Осылайша әлеуметтік саясат тек еңбекке жарамды азаматтардың өзін – өзі қамтамасыз ету және сонымен қатар еңбек жасына жетпеген немесе еңбекке жарамсыз жасқа жеткен және қоғам мен мемлекеттің қамқорлығын қажет ететіндерді нысаналы қамтамасыз етудің тиісті үдерісін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасайды[2]. Ғылыми–техникалық революция дамуының қазіргі кезеңінде ешбір экономикалық жүйе адамдардың шығармашылық, жаңалық ендіргіштік қабілетін пайдаланбайынша экономикалық өсу мүмкін емес, демек қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында адам факторы шешуші рөл атқарады. Бұл жағдай әлеуметтік – экономикалық процеске әлеуметтік саясат арқылы мемлекеттің араласуының қажеттілігін туғызады. Осыларға байланысты әлеуметтік саясаттың негізгі міндеттерін қалыптастыруға болады. Олар мыналар:

- адамдарды әлеуметтік қорғауды іс жүзіне асыру, олардың негізгі әлеуметтік – экономикалық құқықтарын іске асыру;

- әрбір адамның және тұтастай алғанда қоғамның тұрмыстық ахуалын көтеру үшін жағдайларды жасау;

- алуан түрлі әлеуметтік топтардың белгілі бір құқықтық қалпын қолдау және олардың арасындағы қатынастарды қорғау, қоғамның оңтайлы әлеуметтік құрылымын қалыптастыру мен ұдайы өндіру;

- әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту (тұрмыстық – коммуналдық қызметті, көліктік қатынас пен байланысты, білім беру саласын, денсаулық сақтау және ақпараттандыру не т.б.). Бұл саланың өнімдерінің көлемі, сапасы және сипаты халықтың өмір сүріп тіршілік етуін қамтамасыз ететіндей болу керек;

- қоғамдық өндіріске қатысу үшін экономикалық ынталылықты қалыптастыру;

- адамдардың жан-жақты дамуы үшін олардың қажетсіну жүйелерін жасау және ерікті түрдегі еңбекке араласу мүмкіндігін қарастыру;

Әлеуметтік саясат пен қоғамның экономикалық даму деңгейінің арасындағы өзара байланыс екі жақтылықпен көрініс табады.:

Бір жағынан, әлеуметтік саясаттың көптеген мәселелерінің шешілуі оларды іс жүзіне асыруға мемлекет жіберетін экономикалық ресурстармен анықталады. Мысалы, әлеуметтік шығындардың ең жоғарғы деңгейімен сипатталатын «Шведтік» үлгіні жүзеге асыру үшін, соған сай келетін ресурстық базасы бар экономиканы құру керек;

Екінші жағынан, әлеуметтік саясатты экономикалық өсудің маңызды факторы қатарында қарастыру керек. Өйткені мақсаттылықпен бағытталған әлеуметтік саясат арқылы ғана қоғамның еңбек ресурстарының өркендеуі мен жаңалық өндіргіштік қабілетін жүзеге асыруға жағдайлар жасалады [1].

Әлеуметтік мемлекеттің қайнар көзі - әлеуметтік саясаттан басталады. Мәселен, дамыған Еуропа елдерінде әлеуметтік саясаттың екі үлгісі кеңінен қолданылады. Біріншісі «бисмарктық» әлеуметтік саясат үлгісі (неміс канцлері Бисмарктың есіміне байланысты аталған, өйткені ол осы үлгінің негізін салған болатын), екіншісі «беверидждік» үлгі.

«Бисмарктық» әлеуметтік саясат үлгісі бойынша әлеуметтік көмек пен белсенді еңбек қызметі арасында тығыз байланыс орнатылады. Жеке адам өзінің белсенді еңбек қызметі барысында келісім - шарт негізінде әлеуметтік қорға мөлшерлі аудармаларын жасап отырады. Кейін бұл аудармалардан сақтандырушы қорлар құрылып, одан әртүрлі әлеуметтік көмек көрсетіліп отырады. Мұндай қорларға мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлінбейді. Ал, еңбек белсенділігі төмен отбасылар үшін ұлттық ынтымақтастық ұстанымы бойынша мемлекеттік органдар арқылы әлеуметтік көмек көрсетіледі.

«Беверидждік» әлеуметтік саясат үлгісі бойынша кез келген қоғам мүшесі әлауқаты мен экономикалық белсенділігінің деңгейіне қарамастан денсаулық сақтау, зейнеткерлік т.б. белгілер бойынша мемлекеттен минималды әлеуметтік көмек алуға құқылы. Бұл үлгіні ұстанатын елдердегі (Франция,Швецият.б.) зейнетақы жүйесінде зейнетақы алатын жасқа жеткен әрбір азаматқа белгіленген зейнетақы төленеді, ал денсаулық сақтау саласы бойынша әрбір азамат медициналық сақтандыру жүйесіне автоматты түрде тіркеледі. Бұл үлгіде де ұлттық ынтымақтастық ұстанымы негізінде ұлттық байлықты әділетті бөлудің тұжырымдамасы қолданылады [3]. Ал Қазақстанның өзіндік әлеуметтік саясатының үлгісі мен тұжырымдамасы қалыптасу үстінде екенін ескерсек, онда бұл екі үлгінің басты жетістіктері мен тиімді тетіктері нысанаға алынып отырғандығына көз жеткізуге болады.

Мемлекеттің әлеуметтік саясатының нәтижелі көрсеткіштері халықтың өмір сүру деңгейін сипаттайды, яғни халықтың өмір сүру деңгейінен әлеуметтік саясаттың қандай деңгейде екенін байқауға болады. Халықтың қажеттіліктеріне көңіл аудармау, еңбек, тұрмыс, демалыс, денсаулық сақтау сияқты әлеуметтік аспектілеріне деген көзқарастың бәсеңдеуі, яғни халықтың әлеуметтік құқықтарын шектеу әлеуметтік әділеттілік қағидасына қарама-қайшы келіп, соңында өндірістің төмендеуіне және қоғамда әлеуметтік қақтығыстардың пайда болуына негіз болуы мүмкін.

Әрбір мемлекет әлеуметтік саясатты жүзеге асыруы барысында әлеуметтік әділеттілік принциптеріне бағынуы қажет. Сондай-ақ, мемлекеттік билік азаматтардың лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ететін саясатты жүзеге асыруы және барлық әлеуметтік топтардың өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыруы тиіс. Осындай әлеуметтік мемлекет қалыптасқанда ғана өз азаматтарының жақсы тұрмыс жағдайын қамтамасыз етуге, халықтың әлсіз топтарына әлеуметтік қолдау көрсетуге, қоғам өмірінде әлеуметтік ақиқаттың орнауына бағытталған саясат жүргізе алады.

Әдебиеттер:

1. Құдайбергенов Қ., Сақтағанұлы Т. «Экономикалық саясат». – Қызылорда: «Тұмар», 2003.
2. Төрегожина М.Б. «Экономиканы мемлекеттік реттеу». – Алматы: Экономика, 2008.
3. Лукьянова Г. Система социальной защиты во Франции (пути реформирования). // Современная Европа. - 2001. - № 4. - С.61-70.

Резюме

В данной статье рассматриваются особенности планирования, основные аспекты и составные элементы социальной политики., даются определения моделям социального обеспечения в западных странах, описываются модели социальной политики, проводимой в Республике Казахстан.

Summary

This article is about the peculiarities of development, main aspects and integral elements of the social policy. Furthermore, the article contains definitions of social provision models that are currently in place in Western countries, and in-house social policy model pursued in this country.

ӨОЖ 338.33:422

МЕМЛЕКЕТТЕГІ ТҰРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

***Козбахова А.Қ. (Қызылорда облыстық Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің
біліктілігін арттыру институты)***

Мемлекет экономикасының жағдайын сипаттаушы негізгі экономикалық көрсеткіштерді жақсартудың тұрақты тенденцияларына қол жеткізу, экономиканың барлық салаларында терең құрылымдық қайта құруларды іске асыруды талап етеді. Тұрғын үймен қамтамасыз етілу адамның аса маңызды қажеттіліктерінің бірі. Сондықтан азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету, мемлекеттің қоғам алдындағы негізгі міндеттерінің бірі. Тұрғын үй нарығы және оның даму қарқыны ұлттық экономиканың негізгі жағдайының даму дәрежесін сипаттайды. Отандық тұрғын үй нарығының қалыптасуы халық шаруашылығының басқа салаларын ынталандырушы және нарықтық экономикаға өтудің негізгі факторларының бірі ретінде қарастырылды. Жекешелендіру үрдісінің қауырт жүргізілуінің нәтижесінде қысқа уақыт ішінде мемлекетте нарықтық қатынасқа қатысатын жеке меншік топтар қалыптасып үлгерді. Отандық тұрғын үй нарығы жылдам екпінмен дамып, қазір өркениетті және ұйымдасқан формаға ие болып отыр.

Тұрғын үйлер халық байлығын құрайды, тұрғындарға қызмет ете отырып басты қажеттіліктерін қанағаттандырады, сонымен қатар жылжымайтын мүлікке салық салу объектісі ретінде өз құнының белгілі пайызын бюджетке түсіреді және тұрғын үй операцияларының әр қайсысынан алынған пайыз да бюджетке салық ретінде төленеді. Бұл тұрғын үйдің әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын көрсетеді, тұрғын үй саласы ел экономикасының мүддесіне бағытталған, экономиканың көптеген басқа салаларының тиімді қызмет етуіне әсер ететін және әлеуметтік жағдайларды қарастыратын сала болып табылады. Қазіргі таңда Қазақстандықтардың тұрғын үй жөніндегі талғамы өзгеріп, жоғарлап келеді, тұрғындар сапалы үйлерде тұруға ұмтылады, сонымен қатар халық санының артуымен тұрғын үй тапшылығы да басты мәселеге айналған [1].

Тұрғын үйге деген қажеттілік адамдардың алғашқы қажеттіліктерінің біріне кіреді, ал тұрғын үй мәселесі әлеуметтік мәселелердің негізгілерінің біріне жатады. Тұрғын үйдің болмауы және нашар тұрғын үй жағдайлары – туудың төмендеуінің, отбасылық қайшылықтардың, балалардың қараусыз болуының басты себептерінің бірі.

Адамның тұрғын үйге деген қажеттілігі көптеген факторларға тәуелді және олар

шексіз. Сондықтан тұрғын үй мәселесінің мәні тұрғын үймен қамтамасыз ету стандарттары мен белгілі нормативтеріне есептелген тұрғын үйдің жетіспеушілігінен тұрады. Жалпы тұрғын үй тапшылығын екі деңгейде қарастырамыз:

Бірінші деңгей – абсолютті тапшылық кезінде тұрғын үй саны үй шаруашылықтары санынан төмен болады.

Екінші деңгей – құрылымдық тапшылық, бұл жағдайда тұрғын үй қоры құрылымы мен жанұя құрылымы арасындағы сәйкессіздік пайда болады. Бұл жағдайда «тұрғын үй қоры» түсінігін анықтау мақсатқа сай болып табылады.

Тұрғын үй сферасы - тұрғын үй қорын қалыптастыру, ұйымдастыру, басқару, айырбастау сияқты күрделі процестермен қоса, өндіріс саласын (жобалау, құрылыс, жөндеу, реконструкциялау, жаңарту, бұзу) және қызметтер саласын (тұрғын үй қорының ағымдық қызмет етуін қамтамасыз ететін қызмет түрлері) бірге қамтитын күрделі құрылым [2,3, 90-115бет, 96 бет]. Сонымен бірге тұрғын үй сферасында тауарлар, қызметтер және жұмыстар қайта бөлінеді. Тұрғын үй қор нарығы және тұрғын үй қызметтер нарығының бірігуі тұрғын үй мүлік нарығын, яғни тұрғын үй нарығын, қалыптастырады. Тұрғын үй нарығының толыққанды жұмыс істеуі үшін, тұрғын үй қатынастарын қалыптастыратын барлық құрамдас элементтердің, мемлекеттің тұрғын үй қатынастарын реттейтін заңдылықтары шеңберінде жұмыс істеулері талап етіледі. Тұрғын үй саласының тұрғын үй нарығының, тұрғын үй қор нарығы және тұрғын үй қызметтер нарықтарынан тұратындығын көрсетті. Нарықтардың бұл түрлері бір-бірін толықтырады, бірақ әр түрлі айнымалыларға байланысты ерекшеленеді. Тұрғын үй нарығының құрылымының жүйесі 1 - сызбада көрсетілді.

Қолжетімді тұрғын үй нарығын қалыптастыру және дамытудың басты мақсаты тұрғындардың басым көпшілігінің тұрғын үй қажеттілігін қанағаттандыру, нарықтық және нарықтық емес принциптерде тиімді тұрғын үй сферасын дамыту және тиімділігін арттыру болып табылады. Осы аталған мақсатты жүзеге асыру тікелей үш приоритетті міндеттерді шешумен байланысты. Оның біріншісі, тұрғын үй нарығында ұсыныс көлемін арттыру жағдайларын құру болып табылады. Бұл міндетті шешу кезінде мемлекет өзінің тікелей функциясы аумақтық жоспарлауды ұйымдастыру, қалақұрылысы қызметі, техникалық реттеу және стандартизация, тұрғын үй нарығындағы монополияны жоюдан басқа, салалық нарықтарды, жер нарығын қалыптастыруға, қабатты құрылысты ынталандыруға қатысуы керек.

Екінші мәселелер кешені, тұрғындардың барлық категориялары үшін қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасаумен байланысты. Осы мақсатта тұрғын үй алу мүмкіндігін арттыруды қамтамасыз етуші – тұрғын үй және жер ипотекасы, тұрғын үйді жалға алу құрылымын қалыптастыру, жеке тұрғын үй алуда атаулы көмек көрсету және ынталандыру, мемлекеттік реттеудің басқа да шараларын жүзеге асыруды қамтамасыз етуші тұрғын үй нарығының жаңа және жетілдірілген қызмет етуші институттарын құруды болжайды.

Міндеттердің үшінші бөлігі тұрғын үй экономикасының негізгі мәселелерімен байланысты. Оны шешу үшін қауіпті жағдайдағы тұрғын үйлерді жою, басқару тиімділігін арттыру, ресурсжинақтаушы технологиялар мен құралдарды ендіру, жеке-мемлекеттік серіктестікті дамыту кіреді.

Тұрғын үй нарығы - тұрғын үй объектісін тұрғызу, айналымға түсіру, қолдану және қаржыландыру сияқты нарықтық тетіктердің өзара байланысты жүйесі және тұрғын үй объектісін сату-сатып алу мәмлелерінің орындалумен бірге мүлдіктік құқықтардың тараптар арасында ауысуын қамтамасыз ететін құрылым.

Тұрғын үй нарығы және тұрғын үй қызметтері, жылжымайтын мүлдікті қалыптастыратын ерекше функцияны орындайды, сондықтан олар өзара тығыз байланысты және сұраныс пен ұсыныс сияқты айнымалылардың жағдайына тәуелді.

Тауарлардың сұранысы сияқты, баспанаға сұраныс тұрақты және жаппай сипат алмайды. Сонымен, тұрғын үй нарығындағы сұраныс әлеуметтік факторлардың әсерінен жиі өзгеріске ұшырап отырады. Нарықтың бұл түрінде тұрғын үй қорына деген сұраныс, оның ұсынымына тікелей тәуелді. Тұрғын үй сұранысына әсер етуші факторлар:

- экономикалық (тұрғындардың табыстарының өзгеруі, нарықтағы бәсекенің деңгейі, несиелік-қаржылық ресурстарға қол жетімділік, жалдық ақы ставкасы, құрылыстың өзіндік құны, коммуналдық қызметтер тарифі, баспана бағасы);

- әлеуметтік (баспанамен қамтамасыз етілу; тұлғаның тұтынушылық қалауларының өзгеруі, әлеуметтік топ);

- демографиялық (тұрғындар санының өзгеруі, халықтың білім деңгейілері, тұрғындар құрылымы мен адамдардың жас-мөлшері, көші-қон процестер, үйлену және ажырасу көрсеткіштері)


- қоршаған орта жағдайлары (экологиялық жағдай; инфрақұрылымның даму деңгейі; баспананың орналасқан жері; климаттық ерекшеліктер).

Тұрғын үй нарығындағы ұсыныстың қалыптасу ерекшелігі және мүліктің бағасының өзгеру реакциясы нарықтағы жалпы тенденцияны қалыптастырады. Тұрғын үй құрылысын ұлғайтуға немесе мүлік нарығындағы ұсынысқа төмендегідей факторлар ықпалын тигізеді:

- экономикалық (шикізат материалдары мен құрылыс өнімдерінің бағасы, тұрғындар табысы, инвестиция мөлшері, құрылыстағы шығындар, инвестициялаудың тәуекелі, көлік қызметтері, электрэнергия тарифі);

- ғылыми-техникалық (салалардағы технологиялық өзгерістердің қарқыны);

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Осы орайда келешек қоғамымыздың мүшелері – жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет.

Ақпараттық мәдениетті, сауатты адам-ақпараттың қажет кезін сезіну, оны тауып алуға, бағалауға және тиімді қолдануға қабілетті, ақпарат сақталатын дәстүрлі және автоматтандырылған құралдарын пайдалана білуі керек. Адамзаттың қолы жеткен ең үлкен табыстарының бірі – осы ақпарат. Бірақ оны шектен тыс ашық қолдана берсе,

жастар санасын улайтын да нәрсеге айналып кетуі мүмкін. Бұл ақпараттың пассивті түрде пайдаланатын бөлігінің артуына байланысты болып отыр. Интернеттің кең таралуына орай ақпарат таратудың бақылауға көнбейтін кері процесінің күнен-күнге артып бара жатқаны байқалады.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз - білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудан негізгі құрал компьютер болып табылады. Қазіргі жағдайда информатика және информатикамен байланысты бағыттар республиканың жоғары оқу орындарында маман дайындауда маңызды рөл атқарады. Әсіресе осы пәндерді оқыту барысында ақпараттық технология құралдары әрі объект, әрі оқу құралдары болып табылады. Компьютерлер мен бағдарламалық қамсыздандырулар оқу құралы ретінде қолданылған жағдайда осындай білім беру компьютерлік бағдарламаларын информатика бойынша электрондық ресурстарға айналдыратын нақты бір мазмұндық толықтырулар сәйкес келеді. Информатикада сапалы электрондық ресурстарды қолдану мен енгізудің қажеттілігі осындай ресурстарды қолдану әдіснамасы мен сапалық бағасы және оларды тиімді жасау тәсілдері жайлы мәселелерді тудырады.

Күн өткен сайын адамға деген жаңа ақпараттық қоғамның талаптары мен оған дайындалу деңгейінің арасында айырмашылық арта түсуде. Жаңа қоғамда жаңа білім алу әдістері де өзгеруде. Бұл тек кітаппен ғана жұмыс істеу емес, ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды игере білу. «Ақпараттандыру – қоғамды дамытудың жалпы тарихи процесі. Хат жазу, пошта, телефон, радио, телевидение – қоғамның мүмкіндіктері мен талаптарынан туындайтын оны дамыту кезеңдері немесе белгілері. Жаңа мүмкіндіктер, жаңа талаптар және ақпараттандыруды дамытудың жаңа кезеңдері қоғамды жаңашаландырудың жоғары деңгейін бастан өткізіп отыр». «Қазіргі заман адамының ақпараттық мәдениетін ойлай отырып, Г.Г.Воробьев, «Ақпараттандыру процесінің мәні – адамның қызметінің және тұтынушылығының барлық түріне қажетті ақпаратты қажет формада және сенімді, толық әрі өз уақытында алу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету» – деп жазды».

Ақпараттандыру идеологтарының бірі академик А.П.Ершов «Қазіргі заман адамының алдында компьютердің бесінші ұрпағы пайда болғандықтан өзінің өмірлік і-әрекетін ұйымдастыру мәселесі тұр. Компьютерлер күрделі интеллектуалдық жұмыстарды орындайтын қызметкердің рөлін атқарады. Бұл техника деген жаңаша көзқараспен сипатталады. Техникалық құрылғы мен адам арасындағы серіктестік байланыс тудыратын шарт қалыптасады. Адам мен машина арасында өзара қатынастың қалыптасуы тек информатика саласының мамандарына ғана емес, сонымен бірге қарама-қайшылық жағдайларды қарастыратын философтардың да игеру пәні болып табылады» .

Қазіргі білім беру жүйесі алдында жаңа маңызды мәселе – қоғамның жоғары автоматты ақпараттық ортасында кәсіби қызметіне және өмірдің жаңа шарттарына дайындау, осы ортада олардың өз беттерінше іс-әрекет етуге, оның мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға және қолайсыз жағдайлардан қорғануға үйрету мәселесі тұр. Сондықтан да жоғары оқу орындарында информатиканы оқытудың жаңа жүйелеріне көп көңіл бөлінетіні кездейсоқ емес.

Білім беруді ақпараттандыруды оқытушылар мен басқа да мамандардың іс-әрекеті ретінде қарастырған тәсілдерін ескере отырып, осы ғалымдар білім беруді ақпараттандырудың анықтамасын жасады. Білім беруді ақпараттандыру – оқыту мен тәрбиелеудің психолого-педагогикалық мақсаттарына жету үшін білім беру саласында жаңа білімді қалыптастыру мен жүйелендіруді қамтамасыз ететін, ақпаратты таратуға, өңдеуге, жасауға, жинауға технологиялар мен құралдарды пайдалануға бағытталған адамның ғылыми-практикалық іс-әрекеті .

Жоғары кәсіби білім беруді ақпараттандыру жағдайы білім беруді басқарудың автоматтандырылған жүйесін қолдану мен құру саласында факультеттерде (деканаттарда) оқу процесін басқаруға арналған автоматтандырылған локальді жұмыс орнының барлығымен сипатталады. Оқу процесін ақпараттандыру саласында электрондық оқулықтар құру, оқыту, мультимедиялық және тестілеу бағдарламалары жасалған. Интернет глобалды жүйесіне шығуды қамтамасыз ететін бағдарламалы-техникалық кешендер мен жүйелер жасалуда және енгізілуде, бірақ мақсатқа бағытталған жоспарлау мен жүйелендіру мәселелері жетіспей отыр. Кейбір жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқытуды енгізуге арналған оқу материалдарын жасау басталды. Компьютерлік техниканы қолданып қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың дидактикалық шарттары анықталды

Компьютер, телекоммуникациялық және желілік құралдар ақпараттарды қабылдаудағы әдістерді өзгертіп, әртүрлі әрекеттерге жаңа мүмкіндіктерді ашып отырып, қазіргі қоғамның даму кезеңіндегі оқыту мақсатының көкейкесті және маңызды мәселелеріне қол жеткізеді. Білім берудегі ақпараттық технологиялар оқытуда қолданылатын электронды құралдар мен оларды функционалдау тәсілдерінің жиынтығын анықтайды. Білім беруде қолданылатын бағдарламалық-техникалық құралдардың классификациялық белгілері ретінде мыналарды айтуға болады:

- дидактикалық бағыт;
- бағдарламалық ұсыныс;
- техникалық ұсыныс;
- пәндік аумақта қолданылуы.

Бағдарламалық-аппараттық комплекстің дидактикалық бағыты бойынша классификация белгілерін кейбір әдебиеттерден кездестіруге болады. Мысалы, үйренушілерге компьютер арқылы берілетін білімді келесідей классификациялау керек. Біріншіден, білімді анықталған және анықталмаған деп бөлу қажет болып табылады.

Білімнің түрленетін бөлімі – бұл үйренушілерге ақпараттарды (мәтіндік, графикалық, бейне, т.б.) бірнеше бөліктерге бөлу арқылы беруге болатын және оңай құралатын білімдер.

Білімнің түрленбейтін бөлімі – интуиция, өтіл (опыт) негізінде құралған білімдер. Бұл бөлімнің білімі үйренушілерге берілмейтін, практикалық есептерді шығаруда жеке тапсырмаларды орындау кезінде қол жеткізуге болатын іскерлікті, тапқырлықты және адам өтілінің басқа бөлімдерін қамтиды. Білімнің мұндай классификациясына сүйене отырып, оқыту бағдарламалық-аппараттық комплекстерді классификациялауға болады. Осы комплекстер негізінде құралған және білімнің түрленген бөлімін оқытуда қолданылатын технологиялар декларативтік деп аталады. Декларативтік технологияларға мыналарды жатқызуға болады:

- компьютерлік оқулықтар;
- оқытылатын мәліметтер қоры;
- үйренушілерге белгіленген ақпаратты ұсынатын , дұрыс меңгеруін тексеретін, сақтауға мүмкіндік беретін мәтіндік және бақылау бағдарламалары мен басқа компьютерлік құралдар.

Бағдарламалық-аппараттық комплекстерді құруда және білімнің артикулденбеген бөлімін меңгеруде қолданылатын технологиялар процедурлік деп аталады. Бұл топтың компьютерлік ақпараттық технологиялары білімнің ақпараттарын бірнеше бөліктерге бөліп тексермейді және ақпарат бөліктерін қамтымайды. Олар әртүрлі модельдер негізінде құрылған. Бұл жағдайда компьютерлік ақпараттық технологияларға мыналар жатады:

- қолданбалы бағдарламалар пакеті (ҚБП);
- компьютерлік тренажерлер (КТ);
- зертханалық практикумдер;

- ойындардың бағдарламалы;
- үйренушілерге зерттеу кезінде оқытылатын пән бойынша білім алуына (қосуына) мүмкіндік беретін экспертті-үйрену жүйелері (ЭҮЖ) және басқа да компьютерлік құралдар.

Жаңа коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты-оқушылардың оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру программалары, оқыту программалары сияқты программалық өнімдер қызмет етеді. Білім саласында компьютер оқушы үшін оқу құралы, ал мұғалім үшін жұмысшы болып табылады. Оның қолданылуы нәтижелі болуы үшін бағдарламалық құралдар толық түрде мұғалімнің және оқушының алдына қойған мақсатына жетуін және шығару жолдарын қамтамасыз ету керек.

Бүгінде біз орта білім беруді одан әрі ақпараттандырудың екінші кезеңіне көштік, ол мазмұндық тұрғыда болады және компьютерлік сауаттылықтан жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетінің іргелі операциялық негіздеріне ауысуды білдіреді, мұнда әрбір оқушы ақпаратқа, қазіргі ақпараттық технологияларға назар салып қана қоймай, оны тиімді қолдана білуі, Интернет ғаламдық ақпарат желісін пайдалана алуы тиіс.

Алайда, білім беру жүйесінде білімдік және ақпараттық технологияларды іс жүзінде үйлестіре қолдануда кемшіліктер кездеседі. Оның үстіне ақпараттық технологияның тез жаңаруы мәселені қиындата түседі. Жағдайды жақсарту үшін білім беру технологиялары мен ақпараттық қарым-қатынастық технологияларды кіріктіру қажет, сонда педагог өзі білетін, жақсы меңгерген, бейімделген техникалық құралдарды сабақта тиімді қолданады. Қазіргі технологияларды білім жүйесіне енгізгенде, оқыту материалдарының педагогикалық мазмұндылығы мен әркімнің өзінің үйренуіне жағдай жасаудың маңызы зор. Оқыту ісінің тиімділігі мен сапасы көбінесе өздігінен оқып үйрену процесін тиімді ұйымдастыру мен пайдаланатын материалдардың сапасына тәуелді болады.

Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде - өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашуы керек.

Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептейміз.

Әдебиеттер:

1. Матрос Д.Ш., Полев Д.М., Мельникова Н.Н. Управление качеством образования на основе новых информационных технологий. - М. 2001.- 30-33 бб.
2. Лебедева М.В., Шилова О.Н. Что такое ИКТ-компетентность студентов педагогического университета и как ее формировать. //Информатика и образование. - 2004. - №3. -96-100 бб.
3. Каймин В.А. Курс информатики: состояние, методика и перспективы. // Информатика и образование. - 1990. - №6. - 26-31 бб.
4. Зимин А.Л., Хеннер Е.К. Повышение квалификаций работников образования в области информационно-коммуникационных технологий. // Информатика и образование. - 2004. - №12. - 1-4 бб.
5. Бидайбеков Е.Ы., Григорьев С.Т., Гриншкун И.И. Создание и использование образовательных электронных изданий и ресурсов. - Алматы: «Білім», 2006.-136с.
6. Усенов С.С.Разработка, оценка качества и применение электронных ресурсов по информатике для студентов. - «Тумар», 2008. - 436 с.

Резюме

В данной статье определена роль информационно-коммуникационных технологий, которые широко применяются для повышения качества образования. Описывается методика применения образовательных электронных ресурсов с помощью современных информационных технологии.

Summary

In given clause the role of information - communication technologies is selected which are widely applied to increase of quality of education. The technique of application of educational electronic resources with the help of modern information technology is underlined.

**С.АСЫЛБЕКҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ НӨЛДІК ТҰЛҒА АРҚЫЛЫ
ЖАСАЛҒАН ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ СИПАТЫ**

Қапаева Л., Сәдуақасұлы Ж. (Қорқыт Ата атындағы ҚМУ)

Тілді зерттеушілер кейде алдына жеке авторлардың тілдік бірліктерді қалай пайдаланатынын, тілдік бірліктердің шығарманың мазмұнын ашуда қалай әсер ететінін, автордың оны қолданудағы шеберлігін, стилін анықтау мақсатын қояды. Бұл, бір жағынан, жазушының жазушылық сапасын бағалау, оқырман сүйіп оқитын шығарма авторының тілдік шеберлігін ғылыми тұрғыда дәлелдеу де болып есептеледі. Бұл – қазақ тіл білімінде кеңінен қалыптасқан құбылыс. Бұған көптеген дәлелдер келтіруге болады. Мәселен, Кеңес дәуірі кезінде ғұлама Абайдан бастап, Мұхтар, Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Ғабит т.б. танымал жазушылардың тілдік ерекшеліктерін айқындау олардың шығармаларын тілдің түрлі салалары бағытында зерттеу арқылы жүзеге асты. Содан бергі жерде де қазақ ақын-жазушыларының тілін зерттеу жалғасын тауып келеді. Біздің де мақсатымыз да қазақ тіл біліміндегі осы дәстүрді жалғастыра отырып, жерлесіміз, жазушы Серік Асылбекұлының шығармаларындағы нөлдік тұлға аталатын тілдік бірліктің қолданылу сипатын айқындау болды.

Сонымен, жоғарыда аталып өткендей, нөлдік тұлға жөніндегі ілімнің негізін салушылар, негізінен, грамматикалық түрлену мүмкіншілігі бар сөздерде ғана осы ерекшеліктің болуы мүмкін екендігін айтса, кейінгі кездегі зерттеушілер еңбектерінде бұл ерекшеліктің сөзжасамға да қатысты екені аталады. Бұл, әрине, орыс ғалымдарының көптеген зерттеу қорытындыларынан кейін қалыптасқан пікір. Мұндай құбылысты орыс тілшілерінің бір тобы „транспозиция”, „трансформация” деп атаса, біреулері „конверсия” (Н.Н.Амосова, В.И.Аракин, Е.С.Кубрякова, В.Н.Немченко, А.И.Мойсеев, И.С.Торопцев т.б.) деп атайды. Ал енді біреулері „жұрнақсыз сөзжасам” (В.В.Виноградов, Е.Е.Истрина, С.Г.Бархударов т.б.) деп атайды.

„Транспозиция” терминінің түсінігі сөздіктерде былай беріледі: „Транспозиция – парадигмалық қатарда бір тілдік форманы басқа тілдік форманың (оған қарама-қарсы тұрған) орнына пайдалану. Кең мағынада Т. – кез келген тілдік форманың ауысуы (мыс.: шақ тұлғаларының орын алмастыруы)... Тар мағынада, Т. немесе функционалды (қызметтік) Т. – сөздің (негіздің) бір сөз табынан басқа сөз табына өтуін немесе оның басқа сөз табының қызметін атқаруын көрсетеді...” [1, 225]. Сөйтіп, қандай терминмен аталса да, сөзжасамның нөлдік тұлға арқылы жасалуы ғылымда бар және біршама тұрақталған деуге әбден негіз бар. Бұл, әрине, сөзжасамның лексика-семантикалық тәсіліне сай келетіні анық.

Қазақ тіліндегі сөзжасамның лексика-семантикалық деп аталатын тәсіліне берілген мына анықтамаға зер салайық: „Лексика-семантикалық тәсілде сөздің құрамы, тұлғасы ешбір өзгеріске түспейді, өзгеріс тек сөздің мағынасында ғана болады. сөз дыбыстық, морфемдік құрамын сақтай отырып, тілдегі бұрынғы қолданылып жүрген мағынасының үстіне жаңа мағына қосып алады, тілде жаңа мағынасында да қолданыла бастайды. Сөздің тек мағынасында өзгеріс болғандықтан, бұл тәсіл лексика-семантикалық тәсіл деп аталған. Бұл сөзжасамдық тәсіл көне заманнан бері қарай қызмет атқарып келеді” [2, 207].

Тақырыбымызға сай зат есімнің нөлдік тұлға арқылы жасалуына оның лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалуы жатады. Лексика-семантикалық тәсілде сөз мағынасының өзгеруіне байланысты ол үнемі бір сөз табынан екінші сөз табына ауыса бермейді. Сондықтан лексика-семантикалық тәсілдің іштей екі түрі бар: 1) сөздің жаңа мағына алуына байланысты басқа сөз табына көшуі, 2) сөз жаңа мағына алса да, сөз табын

өзгертпей өз сөз табының құрамында қалады. Бұл құбылыстың алғашқысы тіл ғылымында „конверсиялық” және „субстантивтену” немесе „заттану” деп аталса, екіншісі әуелі көпмағыналылық сипат алып кейін біртіндеп омонимге қарай ойысқан сөздер болады [2, 208].

Қазіргі зат есім сөздердің ішінде сөйлеу, сөйлем барысында жоғарыда аталғандай мағыналық өзгеріспен қолданылатын заттық лексемалардың санын көбейтуші сөздер өте көп. Жазушы С.Асылбеков шығармаларынан мұндай сөздердің талайын мысал етуге болады. Ең алдымен жазушы шығармаларында зат есім сөз табының өз ішінде мағына ауысып қолданылуын жиі кездестіруге болады. Мысалы, бір ғана „Сағыныш” атты әңгімесінен мынадай ауыспалы мағыналы зат есімдерді кездестірдік:

1) Оның жаңа ғана ашумен долырған әдемі көздері қанелімде бұлтты күндей мұңайып, қоңырқай тартқан алма бетіне бір екі тамшы күміс **шық** ырышып-ырышып түсті (26-б.).

2) Таңертеңнен кешке дейін үш бөлмелі кең үйде атасы екеуінен өзге **жан** болмайды (26-б.).

3) Жасұланның титімдей кеудесі сан-сапалақ **күйге** түсетін (28-б.).

4) Әдетте түстен кейін малды суарып болып, олар ауылдың **иығын** мінбелеп тұрған Нарөркештің биігіне шығар еді (29-б.).

5) Өңінде жанашырлық белгісі байқалмайды, қайта ашушаң көздеріндегі ыза **оты** бұрынғыдан гөрі өткірлене түсіпті (31-б.).

6) ...Баланың көз алдындағы қызылды-жасылды **сақиналар** жанып-сөніп жоғала берді (31-б.).

7) Жасұлан жеңгесінің сөзінің **аяғын** түсініпкіремесе де, өзіне арналып жатқанын сезді (31-б.).

8) Манағыдай емес, қаталатқан **шөл** де басылды (33-б.).

9) Тек үнсіз меңірейген биік **қабырғаға** ілінген аспалы сағаттың бір қалыпты соққан шықылы мен көше бойлай ағып өткен бірлі-жарлы автомобиль сырылы ғана құлаққа еміс-еміс шалынады (34-б.).

10) – Ау, **батыр**! Амансың ба?.. – деді мұғалім себепсіз қозғалақтап қойып (36-б.).

Осы сөйлемдердегі зат есімдердің лексика-семантикалық тәсілмен, яғни ешбір қосымшасыз, нөлдік тұлға арқылы жасалғанын „Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне” және „Қазақ тілі сөздігіне” (А., 1999) сүйене отырып дәлелдеп көрейік.

1. Шық – 1) етістік, 2) зат есім Сөйлемдегі **шық** сөзі сөздікте берілген 2-мағынаның негізінде „көз жасы” мағынасының орнына қолданылған. Мұндағы ауыстыру сөздің мынадай мағынасынан туындаған: „Шық – зат. Суық түндерде шөп басына тұрып қалатын мөлтілдеген тамшы су; атмосфералық дымқыл.” (10т. 1986, 324-329). Осы анықтамадағы „мөлтілдеген тамшы су” тіркесі көздің жасына ұқсайтындықтан („көз жасы мөлтілдеп тұр” деуге де болар еді) және сөйлемге экспрессивтік (мөлтілдеген сөзі арқылы) мән беру мақсатында осылай ауыстыру қолданылған.

2. Жан – 1) зат. Діни. Жан-жануарларға тіршілік беретін рух; 2) Еңбек процесінде құрал-сайман өндіретін күш иесі, адам; 3) етістік. (3 т. 1978, 610-625). Сөйлемде берілген сөз осы анықтамалардың 2-мағынасына сәйкес келеді. Ал ол мағынаның 1-мағынамен тікелей қатысы бар екенін аңғару қиын емес. Өйткені жер бетіндегі бүкіл тіршілік иелерінің ішіндегі ең күшті рух иесі – адам. Сондықтан оның **жан** сөзімен ауыстырылып аталуы да заңды деп ойлаймыз.

3. Күй – I зат. Қазақ халқының музыкалық шығармасының бір түрі. II 1) Хал-ахуал, тұрмыс-тіршілік; 2) Ис-әрекеттің белгілі бір қалпы; 3) ауыс. Ой, тебіреніс; 4) ауыс. Зар, мұң, күйініш. III 1) етістік. (ҚТС, 334).

Сөйлемде қолданылған **күй** сөзі берілген түсініктеменің 2-мағынасының 4-ауыс мәніне сәйкес келеді. Мұнда жазушы таяқ жеген жас баланың зар, мұң, күйінішін беру

кажеттігінен осы ауыспалы мәнді қолданған. Түптеп келгенде, бұл сөздің төркіні де негізгі мағыналардан алыс емес екендігін байқауға болады.

4. Иық – I 1) *Жауырын мен тоқпан жіліктің астасқан жері, иін*; 2) *Жең түбінің үстіңгі жағы, киімнің иіні*; 3) ауыс. *Бір нәрсенің жотасы, биіктеу жоғарғы жері. II* этнограф. *Өрнек пен өрнек арасын қосып тұратын ою-өрнегінің бір элементі* (ҚТС, 285). Жазушы қолданған сөз (*ауылдың иығы*) осы түсініктің ауыспалы мәніне сәйкес келеді. Мұның да о баста негізгі мағынадан біртіндеп ауыспалы мәнге ие болғанын көреміз.

5. От – I 1) *Қызуы аса күшті алаулаған жалын*; 2) **ауыс.** *Күш, қуат, қажыр-қайрат, жігер. II* *Малға азық боларлық шөп.* (ҚТС, 501). Бұл сөйлемде **от** сөзі ауыс мағынаға сәйкес келеді. „*Көздеріндегі ыза оты*” деген тіркес „*көзінен от шашып тұр*” деген әдеттегі тұрақты тіркес мағынасына, яғни „*ашуланып тұр*” деген мағынада қолданылып тұр. Осы тәрізді басқа мысалдардағы сөздерді де дәлелдеуге болады.

Енді осы сөздердің заттық ауыспалы мағынада қолданылуының ортақ сырын анықтап көрейік: 1-ден, бұл сөздердің қай-қайсысы да төркіні жағынан зат есімнен қалыптасып, бұл күнде жеке дара қолданыла алатын дәрежеге жеткен және заттық мағынасын сақтап қалған сөздер, 2-ден, осы сақталған мағынасына сәйкес олар сөйлем ішінде зат есімге тән грамматикалық тұлғалармен түрленіп, зат есімге тән синтаксистік қызмет атқарып тұр, 3-ден бұлардың мағынасы тек сөйлем ішінде (контексте) ғана айқындалады.

Қазақ тілінде зат есім мағынасында көп қолданылатын сөз табының бірі **сын есім** деп есептеледі. Бұл жөніндегі алғашқы пікірді А.Байтұрсыновтан бастап кездестіруге болады. Ғұлама атамыз өзінің „Тіл – құрал” деген еңбегінде: „сын есімнің кейбіреулері зат есімнің орнына жүреді, мәселен, *арзан еттің сорпасы татымас* дегеннің онына *арзанның сорпасы татымас* деп айтылады. *Арзан еттің* деген екі сөздің орнына *арзан* деген жалғыз сөз жарап тұр,” – дейді де, мұндай зат пен сын орнына бірдей жүретін сөздерді „затсын” деп атайды [3, 219].

Бұдан кейінгі грамматикаларда да осы пікір толықтырылған күйінде жалғасын тауып келеді. Мәселен, бұған профессор А.Ысқақовтың мына сөзін дәлел етуге де болады: „Сын есімдерге негізінде көптік, тәуелдік, септік жалғаулары жалғанбайды, бірақ сөйлемде жүктелген міндетке қарай сын есімдер зат есімнің қызметіне де ие бола алады. Мұндай жағдайларда сын есімдерге не көптік, не тәуелдік, не септік жалғауы (я олар қабаттасып) жалғанады да, зат есім орнына жұмсалады. Мұны, әдетте, сын есімнің субстантивтенуі (заттануы я заттық мағынада қолданылуы) деп атаймыз. Мысалы: Жақсыдан үлгі ал (мақал)...

Сын есімдерге көптік, тәуелдік, септік жалғаулары жалғанып заттанғанда, сын есім өзінің негізгі сындық мағынасының үстіне заттық мағынаны жамап алады. Мұндайда сын есім атау тұлғада тұрып кім? Не? деген сұрауға жауап берсе, сөйлемнің бастауышы болады да, бұрма жалғауларда тұрып (іліктен басқа) толықтауыштың сұрақтарына жауап берсе, толықтауыш болады. Кейде көптік, тәуелдік, септік жалғаулары жалғанбай-ақ сын есімдер атау түрінде тұрып заттық мағына береді де, бастауыш бола береді.” [4, 190].

Грамматикаларда сын есімнің заттану процесі біркелкі емес, кейбіреулері сөйлемдегі қолданыс ыңғайына қарай уақытша заттанса, кейбіреулері бүтіндей заттанып, біржола заттық мағынаға ауысып кететіндігі туралы да айтылады [5, 91].

Сонымен, жазушы С.Асылбеков шығармаларынан зат есім мағынасында қолданылған сын есім түрлерін де мол кездестіруге болады.

Ең алдымен, заттық мағынада қолданылатын негізгі түбір сын есімдер туралы. Мысалы: 1) *Үлкен қаланың өзге жұртқа таусылмастай көрінетін мол қызығы баланы тез тойдырып тастағандай.* („Сағыныш”, 26-б.) 2) **Шатақ** *нақ осы кезде туды.* („Сағыныш”, 30-б.) 3) – *Байқадың ба, үлкендер де әдемі-ақ сілтейді екен. Тінті апайларға дейін ақты сыңғытып отыр.* („Мектеп бітіру кешінде”, 42-б.) 4) – *Пай-пай, күн де біраз*

жерге барып қапты-ау. Кешке дейін бір қараға жетіп қалайық. („Қысқы каникул”, 38-б.)
5) —...*Айттым ғой бәрі жақсы деп. Құдайдай шыным...* („Мектеп бітіру кешінде”, 42-б.)

Осы мысалдар ішіндегі 1, 2, 3, 4- сөйлемдерде қолданылған *қызық, шатақ, үлкен, қара* сөздері тарихи жағынан туынды сөздер екені дәлелденген. Өйткені, тілші ғалымдардың, соның ішінде түркітанушылардың қай-қайсысы да алғашқы сөздердің бір буынды болғанын және қазіргі көп буынды сөздеріміздің сол бір буынды сөздердің негізінде қалыптасқанын мойындайды. Тіпті, академик Ә.Қайдаров осы кезге дейінгі қазақ тілінде шыққан сөздіктерді саралай келіп, оларда 70 мыңдай реестрлік (түбір және негіз сөздер) сөз қамтылғанын, соның 3 мыңға жуығы бір буынды сөздер екенін айта отырып, осылардың өзінің құрылымдық жағынан бөлшектеуге келетінін, яғни өлі түбірлер мен өлі қосымшалардан тұратынын дәлелдейді [6, 37].

Шынында да, аталмыш сөздерді қыз+ық, шат+ақ, үл+кен, қар+а деп ажыратуға болатын тәрізді. Өйткені, осы сөздердің түбір деп есептелетін бөлігі мен қосымша деп есептелетін бөлігін жеке-жеке алсақ, қазіргі кезде жеке морфемалар ретінде қолданылып жүргенін байқаймыз. Алайда, бұлай етіп ажыратсақ, сөздердің мағынасы олардың тұтас күйінде қазіргі беретін мағынасынан тіпті алшақтап кететіні айқын. Біз яғни бұл сөздерді қазіргі қазақ тілі тұрғысынан омоним сөздер ретінде тұтас күйіндегі мағынасымен ғана қолданамыз.

Мысалдардың 3 және 5-сөйлемдеріндегі *ақ* және *шын* сөздері де осы түбір күйінде екі мағынада – сын есім және зат есім мағыналарында қолданыла береді. Оған да басты себеп бұл сөздердің қолданыс барысында субстантивтенуі болып табылады. Мұнда сөйлем мазмұны арқылы „ақ”-тың „арақ” екені, „шын”-ның „сөз” екені танылады. Яғни бұл сөздерді „ақ арақты” және „шын сөзім” тіркестерімен де берсе артық болмайды. Бұл тұста тілдегі үнемдеу, ықшамдау заңдылығының қызметін де көреміз.

Осы заңдылық қазіргі айқын туынды (қатыстық) сын есімдердің де субстантивтену мүмкіншілігін анықтайды. Мына мысалдарға зер салайық: *Өйтсе, әлгі сақалдылардың біреуі жекіп жіберердей, әлдекім ұрсып қуып тастайтындай көрінді.* („Сағыныш”, 23-б.) *Кешке қарай Жасұланның ыстығы қатты көтерілді.* („Сағыныш”, 32-б.) – *Ау, сен неғып алдырмай отырсың? – деді мұғалім бір шетте тойған қозыдай монтиып қалған балаға бұрылып. – Бір қыстығыңды алған шығарсың, ә?! – деді сосын қулана көзін қысып.* („Қысқы каникул”, 36-б.) *Әрине, Таңат мұндайды түсінбейді емес: анасы дәл қазір мұның ренжімегенін бар пейілімен қалап тұр.* („Қысқы каникул”, 36-б.) т.б.

Осы тұста айқындай кететін бір мәселе бар. Осы сөйлемдердегі біз нысан етіп отырған сөздер түбір морфема мен қосымша морфемадан жасалған туынды түбір. Біз үшін бұл сөздің бастапқы түбірден жұрнақ арқылы жасалуы және сол арқылы жаңа лексикалық мағынаның туындауы маңызды емес. Бізге маңыздысы – осы туындаған жаңа мағынаның (негіздің) басқа ешбір жұрнақ жалғамай-ақ сөйлем ішінде, қолданыс барысында тағы да басқа жаңа мағына қызметінде жұмсалуды болып табылады. Нақтырақ айтқанда, зат есімнен немесе басқа сөз табынан жұрнақ арқылы жасалған сын есім (сақал + ды) осы тұлғасында еш өзгеріссіз (яки нөлдік тұлғада) жаңа заттық мағынаның (кісі) жасалуына негіз болады, сол сөз табының қызметінде жұмсалады. Осы шартқа сай келетін мағына ауысуларды біз сөздердің нөлдік тұлға арқылы жасалуына жатқызамыз.

Екінші бір ескеретін нәрсе – сын есімдердің заттық мағынада қолданылуының сыры көбіне жазушының шеберлігімен, шығарманың көркемдік, экспрессивтік-эмоционалдық мәнімен астасып жатады. Өйткені қандай да бір сөздердің ауыспалы мәнде қолданылуы жазушының хабарды беру мақсатынан және оның танымдық, стильдік ерекшеліктерінен туындап жатады. Осы тұрғыдан алғанда, С.Асылбеков өзінің бала психологиясын ашып көрсететін осы әңгімелерінде субстантивтенген сын есімдерді орынды қолдана білген.

Әдебиеттер:

1. Салқынбай А. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. - Алматы: „Сөздік-Словарь”, 1998. –304 б.
2. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002. –784 б.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы: „Ана тілі”, 1992. –448 б.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы: „Ана тілі”, 1991. –384 б.
5. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. - Алматы: „Ғылым”, 1977.
6. Кайдаров А. Структура односложных корней и основ в казахском языке. -Алматы: „Наука”, 1986. –328 с.

Резюме

В статье посредством лексико-семантическим способа анализируются особенности образования имен существительных в произведениях писателя С.Асылбекова.

Summary

In this article, we are analyzing the features of formation of a noun by lexical - semantic way in S.Asylbekova's work.

ӘОЖ 801.3: 800.8

ТІЛДЕРДІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТИПОЛОГИЯСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕСІ

Садыбекова С.И. (Қорқыт Ата атындағы ҚМУ)

Салыстырмалы типологиялық зерттеу келешегі бар тілтану бағыттарының бірі болып табылады. Осыған байланысты, қазіргі уақытта қазіргі тілдерді типологиялық сипаттауға арналған көптеген еңбектер бар. Алайда, салыстырмалы семасиология, толық зерттелмеуіне қарай тілтанудың ең күрделі салаларының бірі болып қалуда.

Түбірлес тілдердің типологиясы үлкен қызығушылық туғызады. Ол тегі бойынша туыстықпен байланысты тілдер құрылымының суреттемесін береді және олардың арасындағы тарихи өзара байланысты орнату үшін база бола алады. Туыстас тілдердің бірегей шығу тегі бар екені белгілі. Солай болса да, бірегей көзден қалыптасқан туыстас тілдердің сөзі кейіннен әр қайсысында әр түрлі жұмыс істеуі мүмкін, бұл олардың семантикалық және лексикалық бірлігін анықтауды қиындатады. Туыстас тілдерде өз құрылымы бойынша бірдей, генетикалық туыстас сөздерден тұратын, бірақ мағыналық мазмұндарымен ерекшеленетін тұтас сөз тіркестері болады.

Туыстас тілдерді зерттеуге деген типологиялық ұстаным зерттеушілердің алдында олардың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтап, түсініктеме беру міндетін қояды. Тілдің лексика-семантикалық жүйесін немесе жекелеген семантикалық топтарды типологиялық зерттеу үшін полисемантикалық сөздік белгілерді мағыналық ажырату сипатын, шарттары мен түрлерін зерттеу қажет. Бұл жерде сөз тіркестерінің типтері, лексикалық тіркесті сөздердің тұғыры мен шеңбері, сөздердің лексикалық байланыстарының грамматикалықпен арақатынасы, семантикалық контекстер типтерін анықтау үлкен роль атқарады. Семантикалық контекстер типтерін анықтаудың сөздің тілден тілге ерекшеленетін мағыналық құрылымын анықтауға тікелей қатысы бар.

Соңғы жылдары лингвистикада жақын туыстас қана емес, генетикалық байланысы жоқ, әртүрлі жүйелік тілдердің лексикалық және фразеологиялық алуан түрлілігіне, өзіндік ерекшелігіне деген құрылымдық-семантикалық та, лингвокультурологиялық және лингвоелтанушылық та ұстанымдарға негізделген салыстырмалы бағыттың біртіндеп

дамуы байқалуда. Мұның дәлелі әлемнің ең алуан түрлі тілдері бойынша көптеген салыстырмалы зерттеулер болып табылады.

Өткен ғасырдың орта шенінде салыстырмалы лингвистика мен типология арасында айқын шектеу жасауға талпыныстар болды, соған сәйкес, біріншісі тілдердің шектеулі санына қатысты, дәлдірек айтқанда – туыстығы жоқ тілдер жұбына, ал екіншісі – бірнеше тілдерге. Атап айтқанда, жекелеген зерттеушілер «салыстырмалы лингвистика еркін түрде алынған екі (сиректеу үш) тілді, олардың туыстығы мен аумақтық таралуына қарамастан, түрлі мақсатта синхронды-салыстырмалы тұрғыда зерттеуді көздейді» деп көрсетеді [1].

Лингвистикалық типология тілдердің туыстық қатынастарына қарамастан, олардың құрылымдық және атқарушы қасиеттерін зерттейтін ғылым ретінде қарастырылады. «Анықталған құрылымдық сәйкестіктері негізінде тілдер типтерге (таптарға) біріктіріледі, сондықтан тілдердің типологиялық сипаттамаларының қандай да бір шектері болмайды; ол жекелеген деңгейлері, деңгейшелері, микрожүйелер, сондай-ақ жеке тілдердің жүйелері жалпы және тілдер тобының ең алуан параметрлері бойынша жүзеге асырыла алады. Типологиялық зерттеулер талданатын тілдерде берілген ортақ нәрсенің суреттемесін меңзейді. Мұнысымен лингвистикалық типология лингвистикалық әмбебаптықпен жуықтасады, оның мақсаты, белгілі болғандай, жалпыға бірдей заңдылықтарды орнату болып табылады. Типологияны өте-мөте жіктемелік (таксономикалық) ғылым деп неғұрлым тар түсіну де бар, оның мақсаты тілдердің типологиясын (жіктемесін) жасау, тілдер типтерін анықтаумен тұжырымдалады, солардың негізінде жалпы адамзат тілі қалай құрылғандығын түсінуге жақын келуге болады» [2].

Тілтанудағы осы бағыттың орнау кезеңін салыстырмалы зерттеу негізінде олар құрылымдық салыстыру сипатында болғандығын айтуға болады, яғни екі тілдің грамматикалық қатары, фонетикалық және фонологиялық жүйелері салыстырылған. Орыс тілтануында салыстырмалы лингвистика жөніндегі алғашқы еңбектер Н.Я.Март, Л.В.Щерба, В.В.Виноградовқа т.б. тиесілі.

Салыстырмалы лингвистиканың маңызды нысандарының бірі лексикалық жүйе болып табылады, оны зерттеу туыстас та, туыстас емес те тілдерді салыстырмалы зерттеу әдістерін дамытуға зор серпін берді. Бұл бағыт ресейлік ғалымдар А.И.Смирницкий, В.Н.Ярцева, В.Д.Аракин, В.Г.Гак және басқалардың еңбектерінде дамытылды. Мысалға, В.Г.Гак француз және орыс тілдерін салыстыра келе, екі тіл үшін ортақ және өзіндік тән модельдерді алғаш рет анықтады [3].

Оның зерттеулері оларда лексикалық жүйелердің проблемалары, лексикалық элементтер мен сипатталатын ақиқат арасындағы арақатынастар көтерілетіндігімен ерекшеленеді.

Методологиялық тұрғыда бұл бағыттың айтарлықтай үлесі мен жаңашылдығы семдік талдауды түзіп, тәжірибеде табысты қолдану болып табылады. Түрлі тілдерді өрістік талдауды қолдану арқылы салыстырмалы зерттеу туралы идея, яғни бір өрістің элементтерін олардың құрамдас семантикалық элементтеріне ыдырату, белгілі болғандай, И.Трийден шығады [4].

Соңғы жылдары қазақ тілтануында салыстырмалы зерттеулер жаңа серпін алды. Қазақ тілін басқа тілдермен, әсіресе герман тілдерімен салыстырып зерттеуге арналған көптеген жұмыстар пайда болды. Бұрын салыстырмалы зерттеулер негізінен қазақ және орыс тілдерінің материалдары бойынша жүргізілді, бұл объективті түрде ақталды, өйткені қос тілділік тәрізді әлеуметтік құбылыс нақты тілдік ахуалмен шартталған түрлі проблемаларды өзекті ете түсті.

Аудармалық проблема арнасында орындалған бірқатар еңбектерде салыстырмалы зерттеу бастапқы тілге көбірек сүйенеді. Мұндай зерттеулерде тілдік материалдарды салыстыру ерекшеліктеріне қатысты В.Н.Комиссаров былай деп жазады: «Аудармалық салыстыруда тілдер тең құқылы жүйе ретінде шықпайды... Талдаудың бастапқы нүктесі

түпнұсқа тіл болады. Талдау міндеті зерттелетін түпнұсқалардағы, бастапқы тілдегі бөлініп алынатын бірліктердің маңызын беру үшін пайдаланылатын кесінділерді аударма мәтінінде табумен тұжырымдалады. Осылайша, сөз іс жүзінде, екі тілдің жүйелерін салыстыру туралы емес, бастапқы тілдің жүйесін аударма тілі жүйесінің терминдерінде сипаттау туралы болып отыр» [5].

Отандық тілтанудағы аудармалық проблемаларға арналған салыстырмалы зерттеулер, соңғы жылдары объективті себептерге қарай, алыс шетелмен тілдік байланыстарды зерттеуге, әсіресе қазақ-ағылшын, қазақ-неміс, неміс-қазақ және басқа тілдік параллельдерді зерттеуге әбден негізді бағытталған.

Генетикалық және типологиялық туыс емес тілдерді салыстырмалы зерттеу қайсы бір мәдениет өкілдерінің немесе қайсы бір тілде сөйлеушілердің дүниетанымындағы айырмашылықтарды анықтауды меңзейді.

Ол тек тілдік құрылымның ұлттық ерекшеліктерін ғана емес, қайсы бір халықтың дүниетанымы мен мәдениетін де неғұрлым терең әрі толық түсінуге ықпал етеді.

Салыстырмалы зерттеулер тек семасиологиялық қана емес, ономасиологиялық бағытта бола алады. Бұл жерде соңғысы «тілдік бірліктердің мазмұндық жағын олардың жүйеішілік маңыздылығы және сөздер мен сөз тіркестерінің семантикалық таралу тетігін қалыптастыру тұрғысынан емес, пәндік бағыттылығы, яғни, тілдік бірліктердің соңғыны атау, белгілеу құралы ретінде тілден тыс нысандық қатармен салыстырмалылығы тұрғысынан» қарауды көздейді [6].

Әдебиеттер:

1. Юсупов У.К. Проблемы сопоставительной лингвистики. - Ташкент, 1980. - 106 с.
2. Сулейменова Э.Д. Казахский и русский языки: Основы контрастивной лингвистики. - Алматы, 1992. - 207 с.
3. Гак В.Г. Сопоставительная лексикология. – М., 1977. - 263с.
4. Trier J. Der deutsche Wortschatz im Sinnbezirh des Verstandes. Heidelberg, 1931. – 145 р.
5. Комиссаров В.Н. Слово о переводе. – М., 1973. - С.197.
6. Колшанский Г.В. Объективная картина мира в познании и языке. – М., 1990 - С.192.

Түйіндеме

Бұл мақалада тілдерді зерттеу бағытындағы салыстырмалы-типологиялық әдістер қарастырылған.

Summary

The given article touches upon a comparative-typological approach in studying of languages.

Т.ІЗТІЛЕУҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІКТЕН КЕЙІНГІ ЗЕРТТЕЛУІ

Тұяқбаев Ғ. Ә. (Қорқыт Ата атындағы ҚМУ)

Қазақ әдебиеттану ғылымында Сыр бойы ақындары, оның ішінде Тұрмағамбет шығармашылығы зерттеусіз қалған жоқ. Әр кезеңдерде, әр жылдары Тұрмағамбет шығармашылығына байланысты 100-ге тарта ғылыми мақалалар, 50-ге жуық естеліктер жазылып, 5 кандидаттық диссертация қорғалған. Тұрмағамбет есімі жалпы Сыр бойындағы ақындық мектеп мәселесі сөз болған зерттеу еңбектері мен ғылыми мақалаларда да сөз болады. Өйткені Сыр бойындағы ақындық мектепті оның негізін салушылардың бірі Тұрмағамбет шығармашылығынсыз сөз ету мүмкін емес.

Ақын шығармашылығына байланысты алғаш пікір білдіргендер М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, М.Қаратаев, Ә.Қоңыратбаев, М.Байділдаев сынды ғалымдар. XX ғасырдың 30 жылдарынан басталған тұрмағамбеттану мәселесі ғасырға жуық уақыт ақын шығармашылығы мен өмірін зерттеумен айналысып келеді. Дей тұрғанмен, біз ұзақ жылдар бойы ұлттық тарихымыз бен әдебиетімізді, мәдениетіміз бен өнерімізді түбегейлі зерттей алмай келдік. Оның себебі, кеңестік идеологияның ұлт құндылықтарын (әдебиеттің, мәдениеттің, өнердің тарихы мен әдеби, мәдени мұраларымызды) бүркемелеу арқылы бізді рухани мәнгүрттендіруге бағытталуында еді. Осындай заман теперішін көріп, әдебиет тарихынан өзіндік орнын ала алмай келген сөз зергерінің бірі – Тұрмағамбет Ізтілеуұлы болатын. Сондықтан да Кеңестік кезеңде ақын шығармашылығына байланысты тек кеңестік идеология тұрғысынан ғана ой білдіре алдық. Әрине, бұған ақын шығармашылығын зерттеген әдебиетші-ғалымдар кінәлы емес, сол кезеңдердегі таптаурын, қасаң саясаттың әсер-ықпалы екендігін біз жақсы білеміз. Тұрмағамбеттану мәселесі туралы айтылғанда жоғарыда аталған ғалымдармен қатар ақынның «Шаһнама» дастаны туралы алғаш диссертация қорғаған Өтеген Күмісбаевтың [1], Ұлжан Жанбершиеваның еңбектерін [2] атап өтуіміз керек.

Ел тәуелсіздігі біздің рухани өмірімізге, соның ішінде, әдебиеттану ғылымына да жаңаша ой, серпін, ізденіс бергені ақиқат. Кеңестік идеологияға жат деген пікірмен әдебиет тарихынан аластатылған қаншама сөз зергерлерінің шығармалары өз оқырмандарымен қайта табысып қана қоймай, олар азат ой биігінен зерттеліп, зерделенді. Ескішіл, діншіл ақындар деп айдар тағылған ақындар шығармаларындағы ұлттық мұрат пен діни-ағартушылық сарында жазылған туындылар өз бағасын алды. Соңғы он-он бес жылда қолға алынып, ілгерілеушілік ғылыми зерттеу нысанына айналған XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармашылығы да жаңаша зерделеніп, ақын шығармашылығы туралы әділ-ақиқат көзқарастың қалыптасуы қуанарлық жай. Осындай зерттеу жұмыстарының бірі деп Ерхан Карбозовтың «Т.Ізтілеуов шығармаларындағы адамгершілік мәселелер» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын айтар едік [3].

Диссертациялық жұмыс үш бөлімнен тұрады. «Т.Ізтілеуовтің дидактикалық жырлары» деп аталатын бірінші бөлімнің «Ғылым-білім мен сөз өнерін жырлаудағы ғибраттық сарындар» деген бірінші бөлімшесінде зерттеуші ақынның дидактикалық бағытта жазылған өлеңдерін талдау үстінде Тұрмағамбеттің діни-ағартушылық бағыттағы шығармаларының мәнін ашуға ұмтылыс жасайды. «Ағартушылық әдеби бағыт өкілдерін әдетте ғалымдар діни-ағартушылар, демократ-ағартушылар және ұлт-азатшыл бағыттағы ақын-жазушылар деп үш топқа жіктейтіні белгілі. XX ғасыр басындағы қазақ арасындағы оқу-ағарту жұмысы екі түрлі болды: оның бірі – мұсылманша оқу, екіншісі – орысша оқу

еді. Біз қарастырып отырған Тұрмағамбет ақынның өлеңдері, нақылдары мен рубайларының көпшілігі діни-ағартушылық бағытта жазылса, өмірінің соңғы кезеңіндегі жырларында демократтық көзқарастар үстем болып, Ленинге, Қазан төңкерісіне бағытталған арнаулары дүниеге келеді («Ленин - күн», «Құтты болсын Октябрьдің он жылы»). Діни өлеңдер жазып, мектептерде қазақ балаларын жаппай сауаттандыру ісіне белсене араласқан ақын кейінірек демократ-ағартушы қаламгерлер секілді мемлекеттік қызметтерге де араласады. Демек, Тұрмағамбет – екі бағытты да қамтитын туындыларды дүниеге әкелген ақын», -деп [3.7] бағалауында ойланатын тұстарымыз бар. Рас, ақынның жаңа өмірді – Қазан төңкерісін, оның көсемі Ленинді жырлайтын өлеңдері бар. Бірақ ақын осындай мадақ жырларға өз еркімен барды ма деген сұрақ төңірегінде таласты жағдайлар да жоқ емес. Ақын көзқарасын өзгертуге сол кезеңдегі Кеңестік идеологияның әсер-ықпалының болғанын, тіптен, кейде күш қолдануға дейін барғандығын біз естен шығармауымыз керек.

Екінші бөлімше «Тұрмағамбет Ізтілеуов өлеңдеріндегі адами болмыс» деп аталады. Бұл бөлімшеде ақынның діни-философиялық өлеңдеріндегі ғибраттық сарын мәселесіне көңіл бөлінген. Тұрмағамбет шығармаларын жыраулар поэзиясымен байланыстыра, салыстыра қарау арқылы ақын шығармаларындағы жыраулар поэзиясымен үндестік ашылған. Сондай-ақ, ақынның діни-философиялық шығармаларымен қоса табиғат лирикаларына да талдау жасалынған. Табиғат лирикаларының Абай лирикаларымен үндестігі, Тұрмағамбеттің Абайдан алған әсер-үлгісі талданады, табиғатты жырлаудағы Тұрмағамбет ерекшелігі анықталады.

Осы бөлімнің үшінші бөлімшесі «Жазба айтыс және айтыскерлерге арналған аралық сөздері» деп аталып, онда ақынның Сыр бойында ерекше дамыған жазба айтыс дәстүрін дамытудағы ролі екішелген. Зерттеуші Тұрмағамбет айтыстарын: діни айтыс («Тұрмағамбет пен Ермұраттың айтысы»), хат айтыс («Тұрмағамбет пен Жүрсіннің айтысы», «Тұрмағамбет пен Әбдікәрімнің айтысы»), жұмбақ айтыс («Тұрмағамбет пен Шәді төренің айтысы»), мысал айтыс («Көкқұтан мен шымшық») деп жіктей қарастырады [3,12].

Ақынның жазбаша айтысқа қатысушы ақындарға айтқан аралық сөздерін: «Топаралық айтыста ақындармен сөз жарыстырумен қатар, Тұрмағамбет ақын аралық сөз айтып, бітістіруші би-шешеннің ролін де атқарған. Омар мен Таубайдың Жүсібіне, Омар мен Нұрмаханға, Қаңлы Жүсіп пен Кете Жүсіпке, Кете Жүсіп пен Даңмұрынға арнаған аралық сөздері Тұрмағамбет ақынның гуманистік ұстанымын дәйектейді. Айтысушы екі жақтың арақатынасы шиеленісіп, сөз сайысы ұзақ уақытқа созылған тұста, айтыс арнасы ортақ тақырыптан ауытқыған жағдайда ара ағайын ретінде Тұрмағамбет ақын айтысқа тоқтау айтқан», -деуі орынды [3,13].

Екінші бөлім «Т.Ізтілеуов сатирасындағы адамгершілік мұраттардың көрінісі» деп аталып, ол үш бөлімшеге бөлінген. Бірінші бөлімшеде ақынның сатиралық өлеңдерінің тәрбиелік мәні зерделенеді. Мұнда ақынның бірнеше сатиралық шығармалары талданады. Зерттеушінің тек ақынның сатиралық өлеңдеріне тоқталып қоймай, мысал өлеңдері мен дастандарындағы сатиралық сарынды қоса тілге тиек етуі де аталған бөлімшенің ғылыми сапасын арттырған деп айта аламыз.

«Т.Ізтілеуовтің тапқыр сөздері» бөлімшесіне ақынның ел аузында жүрген тапқырлық, шешендік сөздері арқау болған.

Үшінші бөлім «Рүстем – Дастан» шығармасындағы рухани-адамгершілік ізденістер» деп аталады. «Кейіпкердің рухани дүниетанымы» атты бірінші бөлімшеде «Шаһнама» туындысының аударылу тарихы, шығарма кейіпкерлерінің рухани дүниетанымы, адамдық болмыс-бітімі туралы сөз болған. Екінші «Рүстем – Дастан» шығармасының ұлттық сипаты» атты бөлімшеде ақын шығармасының ұлттық сипаты ғылыми-танымдық тұрғыдан тұжырымдалған. «Рүстем – Дастан» сюжеті мен қазақтың батырлар жырлары

арасындағы сюжеттік байланыстар салыстыра зерттелген. Сондай-ақ, дастандағы қазақтың салт-дәстүрлерінің көрінісі, «жиен», «нағашы», «қайын ата», «күйеу бала» сынды туыстық атаулардың қолданысы негізге алына отырып, дастандағы ұлттық сипат ашылған.

Қорыта айтқанда Е.Кәрбозовтың аталған ғылыми еңбегі Тұрмағамбет шығармашылығын, дәлірек айтқанда ақын шығармаларындағы адамгершілік ізденістерді азат ой биігінен бағамдаған еңбек деп атауымызға болады.

Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармашылығы жоғарыда біз тоқталып өткен арнайы зерттеу еңбектерімен қатар Сыр бойындағы ақындық орта, XX ғасыр басындағы дәстүрлі ақындық поэзия, ислам тақырыбы, діни дастандар т.б. зерттеген ғылыми еңбектердің де біршамасында зерттеу нысанына айналды. Соның бірі Байбосынова Ұлжан Маликайдарқызының «Сыр бойы ақын-жыраулары шығармаларындағы ислам тақырыбы» [4] деген кандидаттық диссертациясы.

Сыр бойындағы ақындық орта, оның өкілдері, әдеби үдеріс, Сыр бойы ақындарына тән ерекшелік т.б. қазақ әдебиеттану ғылымында біршама зерттелген тақырып. Ұлжан Байбосынова диссертациясының Сыр бойындағы әдеби мектепті қарастырған басқа зерттеу еңбектерінен басты ерекшелігі диссертанттың Сыр бойы ақын-жыраулары шығармаларындағы ислам тақырыбын негізгі нысана етіп алуы.

